$$\ddot{\vec{R}} + \ddot{\vec{r}}_1 = \vec{F}_1, \quad \vec{F}_1 = fm_3 \frac{\vec{r}_3 - \vec{r}_1}{r_{31}^3}, \quad \vec{r}_{31} = \vec{r}_1 - \vec{r}_3, \quad (3.2)$$

$$\ddot{\vec{R}} + \ddot{\vec{r}}_3 = \vec{F}_3, \quad \vec{F}_3 = fm_1 \frac{\vec{r}_1 - \vec{r}_3}{r_{31}^3}, \quad \vec{r}_{31} = \vec{r}_1 - \vec{r}_3, \quad (3.3)$$

$$\ddot{\vec{R}} + \ddot{\vec{r}}_2 = \vec{F}_2, \quad (3.4)$$

$$\vec{F}_2 = f \left( m_1 \frac{\vec{r}_1 - \vec{r}_2}{\Delta_{21}^3} + m_3 \frac{\vec{r}_3 - \vec{r}_2}{\Delta_{23}^3} \right), \quad (3.5)$$

где  $\Delta_{ij}$  - расстояние между тел. Соотношения (2.3) преобразуется к виду

$$(m_1 + m_3)\vec{R} + m_1\vec{r}_1 + m_3\vec{r}_3 = \vec{a}^* t + \vec{b}^*, \quad (3.6)$$

Из уравнения (3.2), (3.3) и (3.4) получим

$$\ddot{\vec{r}}_1 - \vec{F}_1 = \ddot{\vec{r}}_2 - \vec{F}_2, \quad \ddot{\vec{r}}_3 - \vec{F}_3 = \ddot{\vec{r}}_1 - \vec{F}_1, \quad (3.7)$$

$$\ddot{\vec{r}}_2 - \vec{F}_2 = \ddot{\vec{r}}_3 - \vec{F}_3. \quad (3.8)$$

Очевидно, что из этих трех уравнений независимые только два. Из этих уравнений следуют

$$\ddot{\vec{r}}_2 = \vec{F}_2 + (\ddot{\vec{r}}_1 - \vec{F}_1), \quad (3.9)$$

$$\ddot{\vec{r}}_{31} = -f \frac{(m_3 + m_1)}{r_{31}^3} \vec{r}_{31}. \quad (3.10)$$

Уравнения (3.10) есть хорошо известное уравнение классической задачи двух тел в специальной неинерциальной центральной системе координат. Орбита плоская, без потери общности можно считать что орбита лежит на основной плоскости  $Gxy$ . Тогда

$$z_{31} = 0, \quad \vec{r}_{31} = \vec{r}_{31}(x_{31}, y_{31}, 0). \quad (3.11)$$

Уравнению движению пассивно гравитирующей точки в специальной неинерциальной центральной системе координат имеет вид

$$\ddot{\vec{r}}_2 = \vec{F}_2 + \vec{W}, \quad (3.12)$$

$$\vec{W} = \ddot{\vec{r}}_1 - \vec{F}_1. \quad (3.13)$$

Уравнение (3.12) назовем базовым уравнением ограниченной задачи трех тел в специальной неинерциальной центральной системе координат. При этом выражение (3.13) находится из решения задачи двух тел (3.10), описанной в специальной неинерциальной центральной системе координат.

**4. Инвариант центра сил в специальной неинерциальной центральной системе координат.** Согласно выбору новую систему координат сила  $\vec{F}_2$  все время направлена к точке  $G$ , поэтому, всегда имеет место

$$\vec{F}_2 \times \vec{r}_2 = 0. \quad (4.1)$$

В раскрытом виде последнее равенство имеет вид

$$\frac{m_3}{\Delta_{23}^3}(\vec{r}_3 \times \vec{r}_1) + \frac{m_1}{\Delta_{21}^3}(\vec{r}_1 \times \vec{r}_2) = 0. \quad (4.2)$$

Далее учитывая соотношения

$$\vec{r}_3 = r_3 \vec{e}_3 = r_3(-\vec{e}_1), \quad \vec{e}_1 = \vec{r}_1/r_1, \quad \vec{e}_3 = \vec{r}_3/r_3 \quad (4.3)$$

получим

$$\left( \frac{m_3}{\Delta_{23}^3} r_3 - \frac{m_1}{\Delta_{21}^3} r_1 \right) r_2 \sin \alpha = 0, \quad (4.4)$$

где  $\alpha$  - есть угол между векторами  $\vec{r}_1$  и  $\vec{r}_2$ . Равенство (4.4) выполнимо в трех случаях:

$$1. \quad \sin \alpha = 0; \quad (4.5)$$

$$2. \quad r_2 = 0; \quad (4.6)$$

$$3. \quad \frac{m_3}{\Delta_{23}^3} r_3 - \frac{m_1}{\Delta_{21}^3} r_1 = 0. \quad (4.7)$$

В первых двух случаях (4.5), (4.6) три тела все время находятся на одной и той же прямой и эти случаи рассмотрим отдельно.

В настоящей работе исследуем третий случай (4.7), которую перепишем в виде

$$\frac{r_3}{r_1} = \frac{m_1}{m_3} \left( \frac{\Delta_{23}}{\Delta_{21}} \right)^3. \quad (4.8)$$

Соотношение (4.8) назовем инвариантом центра сил в скалярной форме. В векторной форме инвариант центра сил можно написать в виде

$$m_1 \Delta_{23}^3 \vec{r}_1 + m_2 \Delta_{21}^3 \vec{r}_3 = 0. \quad (4.9)$$

**5. Определение начало специальной неинерциальной центральной системы координат.** Обозначим важный параметр задачи

$$\frac{r_3}{r_1} = k = k(t) > 0. \quad (5.1)$$

Для однозначного определение начало специальной неинерциальной системы координат нужно знать безразмерную величину  $k$ . Тогда с учетом (4.3) получим

$$\vec{r}_{31} = \vec{r}_1 - \vec{r}_3 = \vec{r}_1 - r_3(-\vec{e}_1) = \vec{r}_1 - (kr_1)(-\vec{e}_1) = \vec{r}_1 + k\vec{r}_1 = (1+k)\vec{r}_1. \quad (5.2)$$

Следовательно можно написать

$$\vec{r}_1 = \frac{1}{1+k} \vec{r}_{31}, \quad \vec{r}_3 = -\frac{k}{1+k} \vec{r}_{31}. \quad (5.3)$$

Тогда из уравнении (3.6) получим

$$(m_1 + m_3) \vec{R} = \vec{a}^* t + \vec{b}^* - (m_1 \vec{r}_1 + m_3 \vec{r}_3) = \vec{a}^* t + \vec{b}^* - \frac{m_1 - km_3}{1+k} \vec{r}_{31}. \quad (5.4)$$

Соответственно (4.8) имеет вид

$$\left( \frac{\Delta_{23}}{\Delta_{21}} \right)^3 = k \frac{m_3}{m_1}. \quad (5.5)$$

В общем случае, безразмерного параметра  $k$  определяющего начало специальной неинерциальной системы координат выберем из целесообразности способа решения проблемы.

**6. Новые формы уравнения движения задачи в специальной неинерциальной центральной системе координат.** Используя инварианта центра сил (4.8), и

соотношение (5.1) преобразуем аналитическое выражение (3.5) для  $\vec{F}_2$ . В результате получим

$$\vec{F}_2 = -f \frac{m_3}{\Delta_{23}^3} (1+k) \vec{r}_2. \quad (6.1)$$

Далее, используя первое равенство из соотношения (5.3) преобразуем аналитическое выражение (3.13) для  $\vec{W}$ . Учитывая (3.2) и (3.10) получим

$$\vec{W} = \vec{W}(t) = -f \frac{(m_1 - km_3) \vec{r}_{31}}{k+1} \frac{1}{r_{31}^3} - \frac{1}{1+k} \left( 2\dot{\vec{r}}_{31} \left( \frac{\dot{k}}{1+k} \right) + \vec{r}_{31} \left( \frac{\ddot{k}}{1+k} - 2 \frac{\dot{k}^2}{(1+k)^2} \right) \right). \quad (6.2)$$

Таким образом, уравнения движения ограниченной задачи трех тел (3.12) в специальной неинерциальной центральной системе координат с учетом преобразованные выражения (6.1) и (6.2) имеет вид

$$\ddot{\vec{r}}_2 + f \frac{m_3}{\Delta_{23}^3} (1+k) \vec{r}_2 = \vec{W} \quad (6.3)$$

Уравнение (6.3) и (6.2) назовем первой основной формой уравнения движения ограниченной задачи трех тел в специальной неинерциальной центральной системе координат.

Далее выразим  $\Delta_{23}^3$  через  $r_2, r_{31}, m_1, m_3$  и  $k$  используя соотношения (5.3), инварианта центра сил (5.5) и теорему Стюарта [8]

$$r_2^2 = \Delta_{21}^2 \frac{r_3}{r_{31}} + \Delta_{23}^3 \frac{r_1}{r_{31}} - r_3 r_1. \quad (6.4)$$

В результате имеем

$$\Delta_{23}^3 = \frac{(k+1)^{3/2}}{\left(1 + (m_1/m_3)^{2/3} k^{1/3}\right)} \left( r_2^2 + \frac{k}{(k+1)^2} r_{31}^2 \right)^{3/2}. \quad (6.5)$$

С учетом последнего выражения уравнения движения (6.3) окончательно имеет вид

$$\ddot{\vec{r}}_2 + \frac{\mu_2}{(r_2^2 + \sigma_2^2 r_{31}^2)^{3/2}} \vec{r}_2 = \vec{W}, \quad (6.6)$$

$$\mu_2 = f \frac{(m_3^{2/3} + m_1^{2/3} k^{1/3})^{3/2}}{(1+k)^{1/2}}, \quad \sigma_2^2 = \frac{k}{(k+1)^2}. \quad (6.7)$$

Уравнение (6.6)-(6.7) и (6.2) назовем второй основной формой уравнения движения ограниченной задачи трех тел в специальной неинерциальной центральной системе координат.

**7. Равнобедренная ограниченная задача трех тел.** Как пример рассмотрим частный, но важный случай, когда уравнения движения (6.6)-(6.7) существенно упростятся. Пусть

$$k = m_1/m_3. \quad (7.1)$$

В этом случае из (5.5) следует

$$\Delta_{21} = \Delta_{23} = \Delta. \quad (7.2)$$

Из равенства (5.4) видно, что при  $k = m_1/m_3$  специальная неинерциальная центральная система координат превратится в барицентрическую инерциальную систему координат. Соответственно инвариант центра сил (4.9) с учетом (7.2) превратится в инвариант центра масс

$$m_1 \vec{r}_1 + m_2 \vec{r}_2 = 0.$$

Подчеркнем, что в этом случае из (7.2) следует, что треугольник образованный тремя телами – равнобедренный, то есть исследуем равнобедренную ограниченную задачу трех тел. Учитывая (7.1) из (6.6)-(6.7) получим уравнения движения ограниченной равнобедренной задачи трех тел

$$\ddot{\vec{r}}_2 = -\mu \frac{\vec{r}_2}{(\sigma^2 r_{31}^2(t) + r_2^2)^{3/2}}, \quad (7.3)$$

$$\sigma_2^2 = \frac{m_1 m_3}{(m_1 + m_3)^2} = \sigma^2, \quad \mu_2 = f(m_1 + m_3) = \mu. \quad (7.4)$$

Из уравнений (7.3) следует, что орбита плоская. Однако, в общем случае, плоскость орбиты наклонена с постоянным углом наклона к основной плоскости  $Gxy$ . Поэтому  $\vec{r}_2 = \vec{r}_2(x_2, y_2, z_2)$ . В скалярной форме уравнение движения (7.3)-(7.4) имеет вид

$$\ddot{x}_2 = -\mu \frac{x_2}{(\sigma^2 r_{31}^2 + r_2^2)}, \quad \ddot{y}_2 = -\mu \frac{y_2}{(\sigma^2 r_{31}^2 + r_2^2)}, \quad (7.5)$$

$$\ddot{z}_2 = -\mu \frac{z_2}{(\sigma^2 r_{31}^2 + r_2^2)}. \quad (7.6)$$

В частном случае, когда

$$r_{31} = a = const \quad (7.7)$$

имеем круговую равнобедренную ограниченную задачу трех тел в специальной неинерциальной центральной системе координат которая, в этом случае (7.1), совпадает с барицентрической системой координат. В этой круговой равнобедренной ограниченной задаче трех тел решение уравнения движение (7.5)-(7.6), в соответствующей полярной системе координат, сводится к эллиптическим квадратурам. При этом, в отличие от известных решений, равнобедренной ограниченной задачи трех тел [1], массы активно гравитирующих двух тел в общем случае не равны между собой.

В общем случае  $r_{31} \neq const$ . Заметим, что в эллиптической равнобедренной ограниченной задаче трех тел предпочтительно переход к вращающейся системе координат с последующим переходом к переменным Нехвилла. В переменных Нехвилла легко находим стационарное решение.

**8. Заключение.** В работе с использованием введенной специальной неинерциальной системы координат с началом в центре сил исследована пространственная ограниченная задача трех тел. Используя геометрические свойства треугольника образованного тремя телами, найдены новые виды уравнения движения.

Полученные оригинальные уравнения движения ограниченной задачи трех тел в специальной неинерциальной центральной системе координат (6.3) и (6.6) можно эффективно использовать в исследовании этой задачи. Как пример анализирован случай  $k = m_1/m_3$ , в этом случае центр сил совпадает с центром масс и имеем равнобедренную ограниченную задачу трех тел. Отмечено, что решение круговой равнобедренной ограниченной задачи трех тел сводится к эллиптической квадратуре.

Аналогично, можно найти другие точные частные решения этих уравнений в различных предположениях относительно параметра задачи  $k = r_3/r_1$ , определяющей

начало специальной неинерциальной системы координат, что является предметом дальнейших исследований.

1. Дубошин Г.Н. Небесная механика. Аналитические и качественные методы. – изд.втор., – М.: Наука, 1978. – 456 с.
2. Маркеев А.П. Точки либрации в небесной механике и космодинамике. – М.: Наука, 1978. – 312 с.
3. Себехей В. Теория орбит. Ограниченная задача трех тел. – М.: Наука, 1982. – 656 с.
4. Брюно А.Д. Ограниченная задача трех тел. Плоские периодические орбиты. – М.: Наука, 1990. – 295 с.
5. Уинтнер А. Аналитические основы небесной механики. – М.:Наука, 1967. – 524 с.
6. Гребеников Е.А. Математические проблемы гомографической динамики. – М.: МАКС Пресс, 2010. – 256 с.
7. Минглибаев М.Дж., Жумабек Т.М. К классической задаче трех тел // II-международная научно-практическая конференция посвященная 80-летию академика НАН РК Айталиева Ш.М.: Проблемы механики и строительства транспортных сооружений / Труды. – Алматы, КазАТК, 2015. – С. 456-458.
8. Атанасян Л.С., Бутузов В.Ф., Кадомцев С.Б., Юдина И.И. Геометрия. Дополнительные главы к учебнику 9 кл. – 5-е изд. – М.: Вита-Пресс, 2005. – 176 с.

*Аңдатпа.* Бас нүктесі күштер центрінде болатын, арнайы жаңа инерциалды емес центрлік координаталар жүйесінде кеңістіктегі шектелген үш дене мәселесі аналитикалық тәсілмен зерттелінді. Денелер материалдық нүктелер ретінде қарастырылды. Арнайы координаталар жүйесінде іргелі қозғалыс теңдеулері және күштер центрінің инвариантының аналитикалық өрнегі алынды. Осы теңдеулер негізінде әр түрлі жаңа қозғалыс теңдеулері табылған. Жаңа теңдеулер дербес шешімдерді зерттеу үшін қолайлы.

**Түйін сөздер:** Шектелген үш дене мәселесі, инерциалды емес координаттар жүйесі, қатаң дербес шешімдер.

**Abstract.** The spatial restricted three-body problem is studied analytically in special non-inertial central coordinate system, with onset at the center of forces. Bodies are considered as material point. New basic solutions of motion in a special coordinate system and analytical expression of the forces center invariant were obtained. Based on these equations, various original forms of motion equation were derived. Obtained equations are convenient for particular solutions investigation

**Keywords:** The restricted three-body problem, non-inertial coordinate system, exact particular solutions.

ӘОЖ 513.4

**Ж. Нұрпейіс, Ұ. Көшербаева, Ж. Таласбаева**

## **ҮШБҰРЫШТЫҢ ТАМАША НҮКТЕЛЕРІ ЖӘНЕ СЫЗЫҚТАРЫ. МЕДИАНА**

(Алматы қ., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)

*Аңдатпа.* Үшбұрышпен байланысты арнайы нүктелер, түзулер және кесінділер көп. Біз бұл мақалада кез келген үшбұрыштың медианасын (ауырлық центрін) және медианаға қатысты қасиеттерді еске түсіріп, ҰБТ-да ұсынылған бірнеше есептерді қарастырамыз. Медианала  $p$  бір нүктеде қиылысып, берілген үшбұрыш тең шамалы алты үшбұрышқа бөлінетіні аудандар арқылы дәлелденді және осы қасиетке есептер шығарылып талданды. Мақала соңында Чева теоремасы келтірілді.

**Түйін сөздер:** үшбұрыш, медиана, чевиана.


**Анықтама.** Аудандары тең болатын фигуралар тең шамалы деп аталады [1, 2, 3,4,5].

Егер фигуралар тең болса, онда олар тең шамалы болатыны анық:


$$F_1 = F_2 \Rightarrow S(F_1) = S(F_2)$$

Керісінше, егер фигуралар тең шамалы болса, онда олар тең болмауы мүмкін, сонымен, егер  $S(F_1) = S(F_2)$  болса, онда жалпы жағдайда  $F_1$  фигурасы  $F_2$  фигурасына тең емес.

**Теорема.** Үшбұрыш медианаларымен тең шамалы алты үшбұрышқа бөлінеді. Дәлелдеу. Кез келген  $ABC$  үшбұрышы берілсін (1-сурет).



1-сурет



2-сурет

1-суретте  $AA_1$ ,  $BB_1$  және  $CC_1$  кесінділері  $ABC$  үшбұрышының медианалары, олай болса

$$|AC_1| = |C_1B|, \quad |BA_1| = |A_1C|, \quad |CB_1| = |B_1A|.$$

Медианалардың қиылысу нүктесін  $K$  деп белгілейміз.  $K$  нүктесі *центроид*, немесе ауырлық күштерінің центрі (ауырлық центрі) деп аталады.  $AKC_1$  және  $C_1KB$  үшбұрыштарының аудандары тең, себебі бұл үшбұрыштардың табандары  $AC_1$  және  $C_1B$  өзара тең және биіктіктері ортақ (1-суретте бұл екі үшбұрыштың биіктіктері үздік сызықтармен кескінделген):

$$S_{AKC_1} = S_{C_1KB}$$

Осындай ұйғарым жасап,  $BKA_1$  мен  $A_1KC$  және  $CKB_1$  мен  $B_1KA$  үшбұрыштарының тең шамалы болатынын байқаймыз:

$$S_{BKA_1} = S_{A_1KC}, \quad S_{CKB_1} = S_{B_1KA}$$

Осы себептен бұл аудандарды 1-суретте  $x, y, z$  әріптермен белгіледік. Енді  $ACC_1$  және  $C_1CB$  үшбұрыштары тең шамалы, себебі  $AC_1$  және  $C_1B$  табандары өзара тең, әрі биіктіктері ортақ:

$$S_{ACC_1} = S_{C_1CB}$$

Әріптік белгілеулерде  $x + 2z = x + 2y$ . Бұдан  $z = y$ . Сонымен,  $x = z = y$ , демек,

$$S_{AKC_1} = S_{C_1KB} = S_{BKA_1} = S_{A_1KC} = S_{CKB_1} = S_{B_1KA}$$

*Теорема дәлелденді.*

**Мысал.**  $ABC$  үшбұрышында  $AA_1$ ,  $BB_1$  және  $CC_1$  медианалары  $K$  нүктесінде қиылысады және  $AKC_1$  үшбұрышының ауданы 5.  $ABC$  үшбұрышының ауданын есептеу керек.

**Шешімі.** Жоғарыдағы теорема бойынша,  $ABC$  үшбұрышы тең шамалы алты үшбұрышқа бөлінеді, олай болса  $ABC$  үшбұрышының ауданы мынаған тең:  $S_{ABC} = 6 * S_{AKC_1} = 6 * 5 = 30$  кв. бірлік.

2-суретте  $K$  нүктесі  $ABC$  үшбұрышының медианаларының қиылысу нүктесі, сонда алдыңғы теорема бойынша  $S_{AKC} = S_{CKB} = S_{CKB} = 2x$ , басқаша айтқанда  $AKC$ ,  $CKB$  және  $BKA$  үшбұрыштары тең шамалы. Егер  $K$  - үшбұрыштың

**МАТЕМАТИКА. МАТЕМАТИКАНЫ ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІ**  
**МАТЕМАТИКА. МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ МАТЕМАТИКИ**

медианаларының қиылысу нүктесі болса, онда  $ABC$  үшбұрышы бұл жағдайда тең шамалы үш үшбұрышқа бөлінеді.


**Мысал.**  $ABC$  үшбұрышында  $K$  нүктесі медианалардың қиылысу нүктесі және  $S_{AKC} = 8$ .  $ABC$  үшбұрышының ауданын есептеу керек.

**Шешімі.**  $S_{ABC} = 3 * S_{AKC} = 3 * 8 = 24$  кв. бірлік.

1 және 2 суреттерді медианалардың қиылысу нүктесі ретінде еске сақтаған пайдалы.

**Теорема.** Медианалар бір-бірін төбесінен бастап есептегенде 2:1 қатынаста бөледі [2].

**Дәлелдеу.** Егер  $AKC$  және  $AKC_1$  үшбұрыштарын қарастырсақ (3-сурет), онда



3-сурет

$$S_{ABC} = \frac{BK * AH}{2}, \quad S_{AKB_1} = \frac{KB_1 * AH}{2}$$

Бұл теңдіктерді бір-біріне бөлеміз, сонда

$$\frac{S_{AKB}}{S_{AKA_1}} = \frac{BK}{KB_1}$$

Егер  $S_{AKB} = 2x$ ,  $S_{AKA_1} = x$  (1-теорема, 1-сурет) теңдіктерін ескерсек, онда

$$\frac{2x}{x} = \frac{BK}{BA_1}$$

Сонымен,  $BK:KB_1=2:1$ . Басқа медианалар үшін де осындай теңдіктер аламыз:  $AK:KA_1=2:1$ ,  $CK:KC_1=2:1$

**Теорема дәлелденді.**

Соңғы теоремадағы формулаларды ашып жазайық:

$$\frac{BK}{KB_1} = \frac{2}{1} \Rightarrow BK = 2 * KB_1$$

$$BB_1 = BK + KB_1 = 2 * KB_1 + KB_1 = 3 * KB_1 \Rightarrow |KB_1| = \frac{1}{3} * |BB_1|$$

және  $BK = 2 * KB_1 \Rightarrow |BK| = \frac{2}{3} * |BB_1|$ .

Сонымен:  $|KB_1| = \frac{1}{3} * |BB_1|$ ,  $|BK| = \frac{2}{3} * |BB_1|$ .

**Мысал.**  $P$  нүктесі  $ABC$  үшбұрышының  $BC$  қабырғасын 3:1 қатынасында бөледі, ал  $K$  - үшбұрыштың медианаларының қиылысу нүктесі.  $BKP$  үшбұрышының ауданы 7.  $ABC$  үшбұрышының ауданын есептеу керек.


**Шешімі.** Алдымен  $P$  нүктесінің орналасуын анықтайық.  $P$  нүктесі  $BC$  кесіндісін 3:1 қатынасында бөледі, демек  $BC$  кесіндісін тең  $4=3+1$  бөлікке бөлеміз, басқаша айтқанда,  $BC$  кесіндісін алдымен тең екі бөлікке бөлсек, онда  $A_1$  нүктесін (медиананың табаны), одан кейін  $BA$  кесіндісін тағы да тең екі кесіндіге бөліп  $BA_1$  кесіндісінің ортасы  $P$  нүктесін аламыз. Бұл айтылғандарды басқаша былай да орындауға болады.  $B$  нүктесінен кез келген  $BM$  сәулесін жүргіземіз.(4-сурет).

$BM$  сәулесінде өзара тең  $BM_1 = M_1M_2 = M_2M_3 = M_3M_4$  кесінділерін саламыз.  $CM_4$  түзуін жүргізіп  $(CM_4) \parallel (M_3A_2) \parallel (M_2A_1) \parallel (M_1P)$  жүргіземіз. Фалес теоремасы бойынша  $BC$  кесіндісі тең төрт бөлікке бөлінді:  $|BP| = |PA_1| = |A_1A_2| = |A_2C|$ . Енді  $ABC$  үшбұрышын қарастырайық.(5-сурет).


КР кесіндісі  $BKA_1$  үшбұрышының медианасы, олай болса,

$$S_{BKA_1} = 2 * S_{BKP} = 2 * 7 = 14 \text{ кв. бірлік.}$$

$$S_{ABC} = 6 * S_{BKA_1} = 14 * 6 = 84 \text{ кв. бірлік.}$$



4-сурет



5-сурет

Мақала соңында  $ABC$  үшбұрышының  $AA_1$  медианасының ұзындығын есептеу формуласын қорытамыз.  $AA_1B$  үшбұрышында  $B$  бұрышына қатысты косинустар теоремасын жазамыз:

$$|AA_1|^2 = |BA|^2 + |BA_1|^2 - 2 * |BA| * |BA_1| * \cos \hat{B}.$$

Бұл теңдік әріптік белгілеулерде былайша жазылады:

$$m_a^2 = c^2 + \left(\frac{a}{2}\right)^2 - 2 * c * \frac{a}{2} * \cos \hat{B},$$

$$m_a^2 = c^2 + \frac{a^2}{4} - a * c * \cos \hat{B}. \quad (1)$$

Енді  $ABC$  үшбұрышында  $B$  бұрышына қатысты косинустар теоремасын жазамыз:  $b^2 = a^2 + c^2 - 2 * a * c * \cos \hat{B}$ . Бұдан

$$\cos \hat{B} = \frac{a^2 + c^2 - b^2}{2 * a * c}$$

Косинустың бұл мәнін (1) өрнекке енгізіп, аздаған түрлендіруден кейін  $m_a$  медианасының ұзындығын есептейтін келесі формуланы аламыз:

$$m_a = \frac{1}{2} * \sqrt{2b^2 + 2c^2 - a^2}$$

Басқа медианалар үшін де келесі формулалар осы тәріздес дәлелденеді:


$$m_b = \frac{1}{2} * \sqrt{2c^2 + 2a^2 - b^2}$$

$$m_c = \frac{1}{2} * \sqrt{2a^2 + 2b^2 - c^2}$$

Үшбұрыштың төбесін қарсы қабырғаның кез келген нүктесімен қосатын кесінді *чевиана* деп аталады (6-сурет). Бұл термин итальян математигі Джованни Чеваның құрметіне енгізілген [2].

**Анықтама.** Егер чевианалар бір нүктеден өтетін болса, онда олар *конкурентті* деп аталады.

Д.Чева 1678 жылы келесі теореманы дәлелдеді және бұл теорема үшбұрыштар үшін соңғы ғасырларда дәлелденген әдемі теоремалардың қатарында.



6-сурет



**МАТЕМАТИКА. МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**  
**МАТЕМАТИКА. МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ МАТЕМАТИКИ**

6-суретте  $AD$ ,  $BE$  және  $CF$  кесінділері чевианалар және бұл кесінділер конкурентті.

**Чева теоремасы.** Егер  $ABC$  үшбұрышының  $AD$ ,  $BE$  және  $CF$  кесінділері конкурентті болса, онда келесі теңдік орындалады:

$$\frac{|AF|}{|FB|} * \frac{|BD|}{|DC|} * \frac{|CE|}{|EA|} = 1$$

Егер үшбұрыштардың биіктіктері ортақ болса, онда олардың аудандарының қатынасы табандарының қатынастарына пропорционал. Олай болса, (6-сурет)

$$\frac{|BD|}{|DC|} = \frac{S_{ABD}}{S_{DAC}} = \frac{S_{BKD}}{S_{DKC}}$$

Пропорцияның мына қасиетіне назар аударамыз:

Егер  $\frac{a}{b} = \frac{c}{d}$  болса, онда  $\frac{a}{b} = \frac{a-c}{b-d}$ .

Шынында да, соңғы теңдіктен  $ab - ad = ba - bc \Rightarrow ad = bc$ , бұдан

$$\frac{a}{b} = \frac{c}{d}$$

Осы қасиет бойынша

$$\frac{|BD|}{|DC|} = \frac{S_{ABD} - S_{BKD}}{S_{DAC} - S_{DKC}} = \frac{S_{ABK}}{S_{AKC}}$$

Осы тәріздес,

$$\frac{|CE|}{|EA|} = \frac{S_{KCE}}{S_{KEA}}, \quad \frac{|AF|}{|FB|} = \frac{S_{KAF}}{S_{KFB}}$$

Бұл теңдіктердің сол жақтарын сол жақтарына, оң жақтарын оң жақтарына мүшелеп көбейтеміз:

$$\frac{|BD|}{|DC|} * \frac{|CE|}{|EA|} * \frac{|AF|}{|FB|} = \frac{S_{ABK}}{S_{AKC}} * \frac{S_{KCE}}{S_{KEA}} * \frac{S_{KAF}}{S_{KFB}} = 1$$

Кері теорема да орындалады.

Егер  $AD$ ,  $BE$  және  $CF$  чевианалары үшін

$$\frac{|BD|}{|DC|} * \frac{|CE|}{|EA|} * \frac{|AF|}{|FB|} = 1$$

теңдігі орындалса, онда  $AD$ ,  $BE$  және  $CF$  кесінділері конкурентті.

Бұл теорема медианалар үшін былай жазылады:

$$AD = \frac{a}{2}, \quad DC = \frac{a}{2}, \quad CE = \frac{b}{2} \quad \text{және} \quad EA = \frac{b}{2}, \quad AF = \frac{c}{2}, \quad FB = \frac{c}{2}$$

Сонда

$$\frac{|AF|}{|FB|} * \frac{|BD|}{|DC|} * \frac{|CE|}{|EA|} = \frac{\frac{c}{2}}{\frac{c}{2}} * \frac{\frac{a}{2}}{\frac{a}{2}} * \frac{\frac{b}{2}}{\frac{b}{2}} = 1$$

Олай болса, кез келген  $ABC$  үшбұрышының медианалары конкурентті (медианалар бір нүктеден өтеді, басқаша айтқанда медианалар бір нүктеде қиылысады).

1. Ефремов Д.М. Новая геометрия треугольника, С.-П., 1913
2. Зетель С.И. Геометрия треугольника, М., Учпедгиз., 1952
3. Понарин Я.П. Элементарная геометрия М., 2004
4. Шәккіова С., Нұрпейіс Ж., Қалдыбаева Ф. Геометрия, 9-сынып, Алматы, Мектеп, 2013
5. Коксетер Г.С., Грейтцер С.П. Новые встречи с геометрией М., Наука, 1968

**Аннотация.** Существует много специальных точек, линий и отрезков связанных с треугольником. В предлагаемой статье рассматривается медиана (центроид) произвольного

треугольника и её свойства, а также рассматриваются некоторые задачи предлагаемые на ЕНТ. Доказано, что треугольник делится своими медианами на шесть треугольников равной площади и основываясь на эту теорему проанализированы несколько задач. В конце статьи приведена теорема Чеви.

**Ключевые слова:** треугольник, медиана, чевиана

**Abstract.** There are a lot of special dots, lines and cutoffs connected with the triangle. The article examines the median (centroid) of the random triangle and the features of the median, and analyses some tasks included into the questions of the Unified National Testing. It is proved that the triangle medians divided into six smaller triangles of equal area, and based on this theorem the given article analyzes several problems with their solutions. A Ceva theorem is given at the end of the article.

**Keywords:** triangle, median, cevian.

ӘОЖ 513.2

Ж.М. Нұрпейіс, К. Ишигов

## ДЕЗАРГ ТЕОРЕМАСЫН ДӘЛЕЛДЕУДІҢ КЕЙБІР ӘДІСТЕРІ

(Алматы қ., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)


**Аңдатпа.** Біз проективті жазықтықтың аксиоматикалық құрылымында Декарт теоремасын қарастырамыз. Бұл мақалада Декарт теоремасы мектеп оқушыларына түсінікті болатындай Менелай теоремасының көмегімен евклид жазықтығында орындалатыны көрсетілді. Бұдан басқа мақалада Декарт теоремасы проективті координат жүйесінде дәлелденген. Декарт теоремасының мектеп курсының есептеріндегі қолдануы ретінде есептер келтіріліп, толық шешімін тапқан. Есептер Декарт теоремасына кері теоремасын пайдалану арқылы шешілген.

**Түйін сөздер:** Декарт теоремасы, Менелай теоремасы, Декарт конфигурациясы, проективті жазықтық, проективті координат жүйесі, Декарт теоремасын мектеп курсындағы есептер шешудегі қолданысы.

**Менелай теоремасы.** Егер  $ABC$  үшбұрышының  $BC$ ,  $CA$ ,  $AB$  қабырғаларында жататын  $X, Y, Z$  нүктелері коллинеар болса, онда келесі теңдік орындалады:

$$\frac{AZ}{ZB} * \frac{BX}{XC} * \frac{CY}{YA} = 1.$$

Керісінше, егер бұл теңдік үшбұрыштың үш қабырғасында жататын  $X, Y, Z$  нүктелері үшін орындалса, онда  $X, Y, Z$  нүктелері коллинеар (1-сурет).



1- сурет.

**МАТЕМАТИКА. МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**  
**МАТЕМАТИКА. МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ МАТЕМАТИКИ**

Ескерту. Бұл формуладағы кесінділердің қатынастарын есте сақтау үшін келесі ережені пайдаланамыз: үшбұрыштың бір төбесінен бастап, мәселен А төбесінен бастап, осы төбеден өтетін АВ қабырғасының  $d$  түзуімен қиылысу  $Z$  нүктесіне дейін, одан кейін осы  $Z$  нүктесінен келесі В төбеге дейін және т.с.с. үшбұрышты айнала қозалып бастапқы А нүктесіне келу керек [1, 2].


**Дезарг теоремасы:** *Егер екі үштөбелік нүктеге қатысты перспективті болып, демек олардың сәйкес қабырғаларының жұптары қиылысса, онда осы қиылысу нүктелері коллинеар [3].*

ABC және A'B'C' үштөбеліктерінде АВ және A'B', BC және B'C', AC және A'C' қабырғалары сәйкесінше P, Q, R нүктелерінде қиылысады, сонда осы P, Q және R нүктелерінің бір түзде жататынын дәлелдеуіміз керек, яғни

**Дәлелдеу кергі:** P, Q, R нүктелері коллинеар.

**Дәлелдеу:** Бізге нүктелердің түзулерге тиісті болатыны және түзулердің қиылысуы туралы Менелай теоремасы белгілі.

ABC және A'B'C' үштөбеліктері O нүктесіне қатысты перспективті, демек AA', BB' және CC' түзулері O нүктесінде қиылысады, ал оларға сәйкес AB, A'B' және BC, B'C' және AC, A'C' қабырғалары сәйкесінше P, Q, R нүктелерінде қиылысады (2-сурет), сонда осы үш нүктенің бір түзде жататынын дәлелдеуіміз керек.



2 - сурет

Бұл теңдікті дәлелдеу үшін Менелай теоремасын  $OAC$ ,  $OCB$ ,  $OBA$  үшбұрыштарының қабырғаларында жататын келесі нүктелердің  $\{Q, C', A'\}$ ,  $\{R, B', C'\}$ ,  $\{P, A', B'\}$  үштіктеріне қолданайық. Сонда келесі өрнектер алынады:

$$\frac{AQ}{CQ} \cdot \frac{CC'}{OC} \cdot \frac{OA'}{AA'} = 1,$$

$$\frac{CR}{BR} \cdot \frac{BB'}{OB'} \cdot \frac{OC'}{CC'} = 1,$$

$$\frac{BP}{AP} \cdot \frac{AA'}{OA'} \cdot \frac{OB'}{BB'} = 1.$$

Осы үш өрнектің оң қапталдарын оң қапталдарына, сол қапталдарын сол қапталдарына көбейтіп қысқартуларды орындасак, онда келесі теңдікті аламыз:

$$\frac{AQ}{CQ} \cdot \frac{CR}{BR} \cdot \frac{BP}{AP} = 1,$$

Менелай теоремасы бойынша -  $Q, R, P$  нүктелері коллинеар ( $Q, R, P$  нүктелері бір түзудің бойында жатады). Теорема дәлелденді.

**Дезарг теоремасын проективтік координаттар жүйесінде дәлелдеу**

Проективтік жазықтықта Дезарг теоремасын аналитикалық әдіспен дәлелделік [2].

**Дезарг теоремасы:** Егер екі үштөбеліктің сәйкес төбелерінен өтетін түзулер бір нүктеде қиылысатын болса, онда осы екі үштөбеліктің сәйкес қабырғаларының қиылысу  $P=AB \cap A'B', Q=AC \cap A'C', R=BC \cap B'C'$  және  $AA' \cap BB' \cap CC'=Q$  нүктелері бір түзудің бойында жатады.

**Дәлелдеу кергі:**  $P, Q, R$  нүктелері бір түзудің бойында жататынын.

**Дәлелдеу:** Проективтік координаттар жүйесін енгізейік,  $A, B, C, O$  нүктелерін базистік нүктелер ретінде алсақ, онда бұл нүктелердің координаттары мынадай болады:  $A(1, 0, 0), B(0, 1, 0), C(0, 0, 1), O(1, 1, 1)$ .

$A$  нүктесі  $A'$  нүктесімен беттеспейтін болғандықтан,  $A'$  нүктесінің координаттары -  $A$  және  $O$  нүктелерінің координаттарының сызықтық комбинациясы болады, демек  $A' = \alpha A + \delta O$ . Егер

$\delta=1$  теңдігін ескерсек, онда  $A' = \alpha A + O$ .  $A'B'C'$  үштөбеліктің басқа төбелері үшін де осындай теңдіктер жазуға болады. Сондықтан бұл нүктелердің координаттары мына түрде жазылады:  $A'(\alpha+1, 1, 1), B'(1, \beta+1, 1), C'(1, 1, \gamma+1)$ .

$AB$  түзуінің теңдеуі:

$$AB: x_1 \begin{vmatrix} 0 & 0 \\ 1 & 0 \end{vmatrix} + x_2 \begin{vmatrix} 0 & 1 \\ 0 & 0 \end{vmatrix} + x_3 \begin{vmatrix} 1 & 0 \\ 0 & 1 \end{vmatrix} = 0$$

Бұдан

$$AB: x_3 = 0$$

$$A'B': \text{түзуінің теңдеуі: } \begin{vmatrix} x_1 & x_2 & x_3 \\ \alpha+1 & 1 & 1 \\ 1 & \beta+1 & 1 \end{vmatrix} = 0$$

$$A'B': x_1 \begin{vmatrix} 1 & 1 \\ \beta+1 & 1 \end{vmatrix} + x_2 \begin{vmatrix} 1 & \alpha+1 \\ 1 & 1 \end{vmatrix} + x_3 \begin{vmatrix} \alpha+1 & 1 \\ 1 & \beta+1 \end{vmatrix} = 0$$

Бұдан

$$A'B': -\beta x_1 - \alpha x_2 + (\alpha\beta + \alpha + \beta)x_3 = 0$$

$AB \cap A'B' = P$  болғандықтан,

$$P: \begin{cases} x_3 = 0, \\ -\beta x_1 - \alpha x_2 + (\alpha\beta + \alpha + \beta)x_3 = 0; \end{cases}$$

$$P: \left( \begin{vmatrix} 0 & 1 \\ -\alpha & \alpha\beta + \alpha + \beta \end{vmatrix}; \begin{vmatrix} 1 & 0 \\ \alpha\beta + \alpha + \beta & -\beta \end{vmatrix}; \begin{vmatrix} 0 & 0 \\ -\beta & -\alpha \end{vmatrix} \right); \text{ демек } P \text{ нүктесінің}$$

координаттары мынаған тең:  $P(\alpha, -\beta, 0)$ .

Осындай есептеулерді  $AC$  түзуі үшін де жүргіземіз:

$$AC: \begin{vmatrix} x_1 & x_2 & x_3 \\ 1 & 0 & 0 \\ 0 & 0 & 1 \end{vmatrix} = 0, \quad A'C': \begin{vmatrix} x_1 & x_2 & x_3 \\ \alpha+1 & 1 & 1 \\ 1 & 1 & \gamma+1 \end{vmatrix} = 0$$

$$AC: x_2=0$$

$$A'C': \gamma x_1 + (-\alpha\gamma - \alpha - \gamma)x_2 + \alpha x_3 = 0. \quad AC \cap A'C' = Q \text{ болғандықтан,}$$

$$Q: \begin{cases} x_2 = 0, \\ \gamma x_1 + (-\alpha\gamma - \alpha - \gamma)x_2 + \alpha x_3 = 0; \end{cases}$$

Олай болса  $Q(\alpha, 0, \gamma)$

$$BC: \begin{vmatrix} x_1 & x_2 & x_3 \\ 0 & 1 & 0 \\ 0 & 0 & 1 \end{vmatrix} = 0, \quad B'C': \begin{vmatrix} x_1 & x_2 & x_3 \\ 1 & \beta+1 & 1 \\ 1 & 1 & \gamma+1 \end{vmatrix} = 0$$

$R=BC \cap B'C'$  болғандықтан

$$R: \begin{cases} x_1 = 0, \\ (\beta + \beta\gamma + \gamma)x_1 - \gamma x_2 - \beta x_3 = 0. \end{cases} \text{ ендеше } R(0, -\beta, -\gamma).$$

Үш нүктенің коллинеарлық шартын  $P, Q, R$  нүктелері үшін жазамыз:

$$\begin{vmatrix} \alpha & -\beta & 0 \\ \alpha & 0 & \gamma \\ 0 & -\beta & -\gamma \end{vmatrix} = \begin{vmatrix} \alpha & -\beta & 0 \\ \alpha & -\beta & 0 \\ \alpha & -\beta & -\gamma \end{vmatrix} = 0$$

Коллинеарлық шарт орындалды, олай болса  $P, Q, R$  нүктелері бір түзудің бойында жатыр.

Теорема дәлелденді.

1. Атанасян Л.С., Базылев В.Т. Геометрия, 1-бөлім, м., 2002
2. Александров П.С., Лекции по аналитической геометрии, Наука, М. 1968
3. Исакаков М., Проективтік геометрия, Бірінші бөлім, Алматы, 1961

**Аннотация.** На проективной плоскости в аксиоматическом построении рассмотрена теорема Дезарга. В данной статье показано, что теорема Дезарга выполняется на евклидовой плоскости и она доказана с помощью теоремы Менелая, а также доказана теорема Дезарга в проективной системе координат. В качестве применения теоремы Дезарга приведены и решены задачи из школьного курса математики. Задачи решены с помощью теоремы, обратной теореме Дезарга.

**Ключевые слова:** теорема Дезарга, теорема Менелая, конфигурация Дезарга, проективная плоскость, проективная система координат, применение теоремы Дезарга в решении задач школьного курса.

**Abstract.** In the axiomatic construction of project plane we examine the theorem of Desargues as axiom. It is shown in this article, that the theorem of Desargues is executed on the Euclidean plane and this theorem is well-proven by means of theorem of Menelaus. And also Desargues theorem is proved in projective system of coordinates. As the annex of the theorem of Desargues to problems of a school course tasks from school material are provided and solved. Tasks are solved by means of the theorem to a converse theorem of Desargues.

**Keywords:** theorem of Desargues, theorem of Menelaus, Desargues configuration, projective plane, projective system of coordinates, application of the theorem of Desargues in the solution of problems of a school course.

UDC 378

A.T. Rakhymova

**ENHANCING THE QUALITY OF TEACHING AND LEARNING  
IN HIGHER EDUCATION**

(Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Almaty)

**Abstract.** *New information and communication technologies provide educators and learners with an innovative learning environment to stimulate and enhance the teaching and learning process. In this context, novel educational concepts such as blended learning, Online learning and leading technology, Microteaching, Assessing and Teaching in small groups are being developed. In the present paper analysis of above workshops are considered.*

**Keywords:** *Professional development, Microteaching, Online learning, Module design, Blended learning*

Teaching involves much more than what happens in a classroom or online: It is oriented towards, and is related to, high quality student learning, and includes planning, compatibility with the context, content knowledge, being a learner, and above all, a way of thinking about teaching and -learning. Improving teaching involves all these elements. Continued progress leads to the necessity improve the skills of teachers. The quality of education at any level, it is always the focus of research and practice learning management. Note that the reformation processes in education, regardless of the approach to their assessment, gives priority to either maintain the existing level of quality education, or to achieve an even higher level [1].

The main goal of improvement of professional skill is competence development and advanced training of teachers in technical and vocational education through courses, training and consultation. In this regard higher education teachers were invited to pass improvement of professional skill on program «Enhancing Learning and Teaching in Higher Education (ELTHE)».

The ELTHE seminar-training modules: Professional development and action planning; Preparing to lecture and interactive lecturing; Project Supervision; Microteaching; Principles and practice of teaching in groups; Assessing and promoting learning; Online learning and leading technology; Module design.

Each training seminar has its own concept, and is a design of new approaches and new attitudes in the educational process, and also rethinking of used methods and technologies in the modern world. In this paper several of them are described.

Professional development is the strategy schools and school districts use to ensure that educators continue to strengthen their practice throughout their career. The most effective professional development engages teams of teachers to focus on the needs of their students. They learn and problem solve together in order to ensure all students achieve success. School systems use a variety of schedules to provide this collaborative learning and work time for teachers. When time set aside for professional development is used effectively and parents receive reports about student results, they realize the benefits to teachers and their students far outweigh the scheduling inconvenience. The main goal of improvement of professional skill is competence development and advanced training of teachers in technical and vocational education through courses, training and consultation.




Figure 1. Experiential learning cycle

Teaching in small groups provides an opportunity to get and give immediate feedback (results of teaching). This will improve the motivation and confidence of students. Students can communicate with the teacher on a more individual level, in the broader context of the academic community.

Microteaching includes the preparation of micro-lesson to be organized in a logical sequence. The content should be concise, appropriate, relevant, and can cover a specific period, which may lead to the quality learning of material. And also addressed the theme of academic and social culture which is inseparably linked with the educational process, as their mean the ratio of students and teachers to the culture in society and educational culture. Taking into account orientation of different disciplines and their specificity, the methods discussed at the training seminars would have mixed effectiveness. Using these methods require additional understanding and adaptation for use in a particular subject.

The aims of microteaching are: consider the role of feedback on professional practice, and the skills and attitudes needed for successful learning from practice and discuss and identify ways to become involved in peer review or to enhance existing peer review processes. Microteaching includes the preparation of micro-lesson to be organized in a logical sequence. The content should be concise, appropriate, relevant, and can cover a specific period, which may lead to the quality learning of material.

Advantages of Microteaching:

- It focuses on shearing and developing specific teaching skills and eliminating.
- It enables understanding of behaviors important in class-room teaching.
- It increases the confidence of the learner teacher.
- It is a vehicle of continuous training for both beginners and for senior teachers.
- It provides experts supervision and constructive feedback.

The aims of Module and Session Design are: broad statements of educational intent and goals provide the teacher and students with a guide to the essential purpose of the session or module [3].

The learning outcomes are:

-to gain knowledge of the range of resources available for the historical study of the English language, including some electronic ones; concepts relevant to the study of language change; the main linguistic developments in the history of English; the main social and political events relevant to the description of English during particular periods of its history.

-to develop the analytical skills necessary to examine historical English texts at the orthographical, lexical, morphological, phonological and syntactic levels; the ability to

understand and apply concepts relevant to the study of linguistic change; the ability to present orally their own linguistic analyses of historical texts [4].




Figure 2. Microteaching cycle




Figure 3. Constructive Alignment structure

The quality of education at the present stage is the main competitive advantage of educational institutions. The quality of education is a set of consumer characteristics of educational services that provide the ability to meet the needs of the learner in the comprehensive development of personality. The use of workshops of ELTHE may help to improve the quality of teaching and education in higher school.

1. M. Victoria López-Pérez, M. Carmen Pérez-López, Lázaro Rodríguez-Ariza. Blended learning in higher education: Students' perceptions and their relation to outcomes. Computers & Education. Volume 56, Issue 3, April 2011, -P. 818–826.



## МАТЕМАТИКА. МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МАТЕМАТИКА. МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ МАТЕМАТИКИ

2. John T. E. Richardson. Students' Approaches to Learning and Teachers' Approaches to Teaching in Higher Education. Educational Psychology. Vol. 25, No. 6, December 2005, P. 673–680.
3. Biggs, J. & Tang, C. (2011). Teaching for Quality Learning at University.
4. Butcher C., Davies C., Highton M. (2006). Designing Learning: From Module Outline to Effective Teaching.

***Аңдатпа.** Жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологиялар оқытушылар мен оқушыларды білім алу және оқыту үрдістерін күшейту үшін инновациялық оқыту ортасымен қамтамасыздандырады. Қазіргі кезде аралас оқыту, онлайн жүйесінде оқыту және алғы технологиялар, микрооқыту, бағалау және кішкене топшаларда оқыту сияқты жаңа білім беру концепциялары құрылуда. Берілген жұмыста жоғарыда аталған семинарлардың талдауы қарастырылған.*

***Түйін сөздер:** Кәсіби жетілдіру, микрооқыту, онлайн оқыту, модулді жоспарлау, аралас оқыту*

***Аннотация.** Новые информационные и коммуникационные технологии обеспечивают преподавателей и учащихся инновационной средой обучения, чтобы стимулировать и усиливать процесс преподавания и обучения. В этом контексте, в настоящее время разрабатываются новые образовательные концепции, такие как смешанное обучение, обучение в режиме онлайн и передовые технологии, микрообучение, оценивание и обучение в малых группах. В настоящей работе рассматривается анализ вышеуказанных семинаров.*

***Ключевые слова:** Профессиональное развитие, микрообучение, онлайн обучение, разработка модуля, смешанное обучение.*

ӘОЖ 378.147

**Г.Б. Төртқараева**

### МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ДАЯРЛЫҒЫН ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТӘСІЛІ

(Көкшетау қ., Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті)

***Аңдатпа.** Мақалада математика мұғалімдерін құзыреттілік тәсілдер арқылы кәсіби тұрғыдан даярлауды жаңғыртудың неғұрлым маңызды әдiстемелiк негiздерi қарастырылған. Математиканы кәсіби бағдарлы оқытуды іске асырудың негізгі аспектілері көрсетілген.*

*Мақалада математика мұғалімдерін даярлауда кәсіби бағдарланған математикалық тапсырамларды пайдалану бойынша әдiстемелiк нұсқаулар мен ұсыныстар бар. Тренингтік оқыту технологияларын пайдалану негiзiнде кәсіби бағдарланған математикалық тапсырамларды шешу мүмкiндiктерi көрсетiлген. Тренингтердiң түрлi формалары сипатталған, оларды математиканы оқыту барысында қолдану мысалдары келтiрiлген.*

***Түйін сөздер:** тренинг, құзыреттілік тәсілдер, тренингтік оқыту технологиялары, Математиканы кәсіби бағдарлы оқыту*

Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында алда тұрған жұмыстың ұзақ мерзімді басымдықтары белгіленген. Қазақстандықтардың әлеуетін ашуға арналған жаңа мүмкіндіктерді жасау маңызды басымдықтардың бірі болып табылады. Бізге ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын арттыру бойынша үлкен жұмыс атқару қажет. Осы мәселені шешудің негізгі аспектілерінің бірі – жоғары білікті педагогикалық кадрларды даярлау.

Педагогтардың кәсіби даярлығы негізіне пәндерді, көбінесе, математиканы кәсіби бағдарлап оқытудың маңызды ұстанымдары қойылуы мүмкін. Сонымен бірге, оқу

үдерісі болашақ кәсіптік қызметтің тиісті жақтарымен өңделуі тиіс (кейде тұлғаның талап етілмеген қасиеттерінің келісілмеуі салдарынан оқу үдерісінде және кәсіптік қызметте бұрынғы үздік студент кәсіптік және мансаптық өсу сатысында орташа оқығандардан қалып қойып жатады).

Математиканы кәсіби бағдарлап оқыту – болашақ мұғалімдердің математикалық даярлығына қатысты құзыреттілік тәсілдің ажырамас бір бөлшегі, ол математика пәнінің бүгінгі ЖОО-ғы екі жақты жағдайымен байланысты қарама-қайшылықтарды шешуге тиімді ықпал етеді. Математиканы кәсіби бағдарлап оқыту астарында біз келесіні ұғынамыз: оқу материалының мазмұны мен оны игеруді математика курсының құрудың жүйелі логикасына сәйкес келетін форма мен түрде және болашақ маманның танымдық әрі кәсіптік қызметінің практикалық міндеттерін бейнелейтіндей жағдайда ұйымдастыру деп түсінеміз.

Математиканы кәсіби бағдарлап оқыту мәселесінің үш негізгі қыры бар. Біріншісі математиканы кәсіби бағдарлап оқыту мазмұнын айқындауда, екіншісі-математиканы оқыту уәждемесін арттырумен, ал үшіншісі кәсіби бағдарлап оқытуды және оларды қолдану әдістемелерін жетілдіруді іске асырумен байланысты болып табылады.

Педагогика ғылымында «кәсіби құзыреттілік» ұғымы келесідей түсініктерде қарастырылады: еңбектің нәтижелілігін айқындайтын білім мен қабілет жиынтығы; тапсырмаларды орындау дағдыларының көлемі; тұлғалық қабілет пен қасиет амалы; кәсіптілік векторы; еңбекке деген практикалық және теориялық дайындық бірлігі; күрделі мәдени мақсатқа сай әрекет түрлері және т.б. жүзеге асыру қабілеті.

Кәсіби құзыреттілік туралы заманауи көзқарастар мен түсіндірмелер сан алуан. Бүгінде әдебиетте кәсіби құзыреттілікке (біліктілікке) қатысты қолданылып жүрген анықтамалар «тереңдетілген білім», «тапсырмаларды дәлме-дәл орындау қабілеті», «қызметті өзектендіре орындау қабілеті» және өзгелері осы ұғымды толығымен нақтылай алмайды.

Әдебиеттерге қатысты жүргізілген талдау бірқатар авторлардың (Байденко В., Андреев А., Иванов Д., Жадрин М.Ж. және т.б.) [1, 2]. Кәсіби құзыреттілікті маман мәдениетінің бір элементі немесе құрамдас бөлшегі ретінде, басқаларының – тұлғаның қасиеті ретінде, үшіншілерінің – кәсіби қызметті жүзеге асыру қабілеті мен даярлығы ретінде қарастыратынын көрсетті. Психологиялық-педагогикалық әдебиетте мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігіне (біліктілігіне) қатысты мәселелер барынша кеңінен ашылған. Түрлі еңбектерде педагогтың құзыреттілігіне (біліктілігіне) төмендегідей анықтамалар берілген: Өз бетінше және жауапты түрде әрекет етуге мүмкіндік беретін психологиялық күй - ( А.К.Маркова); нақты кәсіби білім деңгейі - ( Б.С.Гершунский); педагогтың кәсіби құзыреттілікті игеру деңгейінің сапалы сипаттамасы - ( Н.В.Матяш) [3].

Мұғалімдердің психологиялық құзыреттілігін жетілдіру математика мұғалімдерінің практикалық даярлығын дамытудың басымды бағыттарының бірі болуы тиіс, себебі ол оларға балалар мен жасөспірімдердің психологиялық даму проблемаларын дер кезінде шешуге, олардың жас ерекшелік және тұлғалық ерекшеліктерін ескеруге, оқу-тәрбие ісінің психологиялық тұрғыдан орынды әдістері, түрлері мен тәсілдерін қолдануға мүмкіндік берер еді. А.Г. Асмолов, А.Д. Андреева, Е.Д. Божович, И.Л.Васильева, Н.В. Морозова және т.б. еңбектерінде берілген білім берудің практикалық психологиясының қалыптасуы мен дамуының әлеуметтік-психологиялық аспектілерін талдап, сондай-ақ математика мұғалімдерінің даярлығын жүзеге асыратын Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің математика және оны оқыту әдістемесі кафедрасының жұмыс тәжірибесін есепке ала отырып, біз математика

## **МАТЕМАТИКА. МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ** **МАТЕМАТИКА. МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ МАТЕМАТИКИ**

мұғалімдерінің кәсіби және психологиялық құзыреттілігін (біліктілігін) жетілдіру мәселелерін көтеру және оларды шешу мүмкіндіктерінің қажеттілігіне тоқталдық.

Жүргізілген талдау математика мұғалімдерін даярлаудың кәсіби мәселелерін шешу тек белгілі бір мәселелердің шешімі арқылы ғана мүмкін екенін көрсетті. Бір жағынан, математика мұғалімдерін қызмет субъектісі ретінде қалыптастыруға бағытталған бірқатар ішкі жағдайларды (әдістемелік тұрғыдан қамтамасыздандырылу, дер кезінде оқыту және т.б.) ұйымдастырумен. Екінші жағынан, біліктілікті арттыру қажеттілігін қанағаттандыратын оның тұлғалық дамуына бағытталған шаралармен, олар мақсаттар мен міндеттерді тек кәсіптік тұрғыдан ғана қоймай, сонымен қатар алға қойылған мақсаттарға барабар, тиімді және кәсіптік қызметті орындауға қажет әдіс-тәсілдерді, құралдарды таңдауға да мүмкіндік береді.

Педагогикалық білімнің түрлі бағыттарына арналған мазмұнды қалыптастыру математиканы кәсіби бағдарлап оқытуды іске асырудың негізі міндеті болып табылады. Көрсетілген міндеттердің шешімі математикалық ұғымдар, теоремалар, әдістердің студенттің болашақ кәсіби қызметімен байланысын (оқу пәнінің логикалық тұтастығы сақталған жағдайда) көрсететін кәсіби маңызды материалды енгізуді көздейді, және түлектердің математика бойынша даярлығын арттыруға бағытталған.

Білім беру парадигмасының когнитивтік-бағдарлыдан тұлғалық-бағдарлыға алмасуы ЖОО-ғы мамандардың тиімді және кәсіби даярлығы өлшемдері проблемасын туындатады, ендеше соған сәйкес оқу үдерісінің өзінің формалары мен әдістері де пайда болады. Қазіргі жағдайларда оқудың мәнін түсінуге арналған дидактикалық және психологиялық жағдайларды жасау, осы үдеріске студенттерді тек интеллектуалдылық деңгейде ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік және тұлғалық белсенділік деңгейінде енгізу оқуды интенсификациялау (қарқындалу) мен жандандырудың стратегиялық бағыты болуы тиіс. Алайда, математиканың ерекшелігі мынада: мұғалімнің кәсіби қызметінің математикалық аспектісін модельдеудің неғұрлым маңызды құралы – бұл математикалық міндеттердің кәсіби-бағдарлы шешімі. Кәсіби-бағдарлы математикалық міндеттердің шешімін іске асыру мүмкіндігі белсенді оқыту үдерісінде әрбір математика пәні бойынша электронды желілік оқу-әдістемелік кешен болуымен тікелей байланысты. Бұндай кешендердің маңызды артықшылығы – олардың әрбіреуінің білім беру саласында көп функциялық қолданысының болуы. Әрбір желілік кешен құзыреттілікті (біліктілікті) қалыптастыру тетігі (механизмі) ретінде қолданыла алады:

- студенттердің өздік жұмыстары кезінде;
- қашықтықтан –өзін-өзі оқыту барысында;
- автоматты жобалаудың материалдық нысандарының синтезі мен виртуалдықтардың салыстырмалы талдауы барысында т.б.

Желілік оқу-әдістемелік кешен әр оқу сабағында құзыреттілікті (біліктілікті) қалыптастыруға арналған әдістемелік ұсыныстан тұрады және пән бойынша оқу сабақтарының барлық түрлерін біріктіруге бағытталған. Дәрістерде, практикалық сабақтарда және студенттердің өздік жұмыстарында (дәстүрлі математикалық тапсырмалармен бірге) пайдалануға арналған математика пәнінің барлық курсы бойынша кәсіби бағдарланған тапсырмалар кешенін әзірлеу математиканы кәсіби бағдарлап оқыту мазмұнын қалыптастырудың бір жолы болып табылады. Бұндай кешендерде студенттер үшін анықтамасы кәсіби тұрғыдан маңызды болып табылатын тапсырмалар болуы тиіс, ендеше, бұл тапсырмалар студенттердің болашақ кәсіптерінің нысандарына қатысты болулары керек.

Оқу үдерісінде интерактивті оқыту әдістерін қолдану осы тапсырмаларды неғұрлым толық шешуге мүмкіндік береді. Интерактивті оқыту әдістерін қолдану студенттен заманауи демократиялық қоғамға қажетті болып табылатын әрекетшілдік (әрекеттік) қатысу сияқты дағдыларды модельдеу және дамытуды талап етеді.

Интерактивті оқыту, көбінесе, дидактикалық үдерісті ұйымдастырудың реттеуші, алгоритмделген, бағдарламаланған формалары мен әдістерінен оқыту барысында шығармашылыққа бағытталған танымдық уәждер мен қызығушылықтарды, түрлі жағдаяттың туындауын қамтамасыз ететін дамытушы, проблемалық, іздеу формалары мен әдістеріне ауысуды көрсетеді. Интерактивті оқыту студенттердің оқу барысындағы айналамен, оқу кезінде өзін қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасында құрылған оқыту кезінде қолданылады да игерілетін тәжірибенің басты саласының қызметін атқарады. Студенттердің оқыту барысында алынатын білімдерін жандандыру және түсіну процесі математика мұғалімдерін даярлаудың басты компоненті болып табылады, ал болашақ мамандардың жеке тұлғалық дамуы, өсуі – олардың оқыту өлшемдері болады. «Адам-адам» даярлау барысындағы білім беру үдерісінің психологиялық жағдайлары студенттің сыртқы уәждемесіне емес ішкісіне сүйенуі тиіс, яғни тұлғалық дамуына бағытталған, бұнымен бірге маңыздану процесі де жүреді. Жеке тұлғаның кәсіптік қызметтің «құралына» айналуы үшін, кем дегенде, екі жағдай қажет. Біріншіден, өзінің жеке ресурсын зерделеу және сыни тұрғыдан түсінуі қажет, екіншіден, өзінің тұлғалық мазмұнын басқа адамдарға жеткізудің кейбір тәсілдерін игеруі тиіс [4, 5]. Кәсіптік бағдарлап оқыту құралдарының түрлі құралдары бар, олар мұғалімнің кәсіби қызметінің элементтерін модельдеуге мүмкіндік береді; олардың қатарына, мысалы, тренингтік жаттығулар, іскери ойындар жатады.

Тренингтік оқыту жүйесі алынған білімді, дағды мен қабілетті игеруге мүмкіндік беретін негізгі құрал ретінде шығады. Топтық жұмыстың түрлі формаларында іске асыралатын бұл жүйе тұлғалық түсінікті қамтамасыз ететін мағынаның уақыттық орындарын (локус) синхрондау және субъективтік болмыстың мағыналық шекараларын кеңейту арқылы студенттерді өзінің болашақ кәсіптік қызметінің субъектісімен теңестіру үшін жағдай жасайды. Тренингтік қызмет барысында практикалық бағыттағы қарқынды оқыту ісі жүзеге асырылады. Білім беру жүйесін қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламалары аясындағы оқытумен салыстырғанда, тренингтік оқыту конструктивтік мінез-құлық қабілеттері мен дағдыларын дамытуға бағытталған. Пікірталастар, түрлі жағдайлардағы рольдік ойындар тренингтің негізгі әдісі болып табылады. «Математиканы оқытудың теориялық негіздері» пәнін оқыту барысындағы тренингтік оқытуды ұйымдастыру ерекшелігін қарастырайық.

Болашақ математика мұғалімдерінің кәсіптік тұрғыдан өзін-өзі тәрбиелеуі құрылымында рефлексік қабілеттердің алар орны ерекше. Студенттердің өзіне бағытталған бақылау-бағалау қызметін жүзеге асыруы барысында олардың өз орны бар. Рефлексия – субъектінің педагогикалық қызметте өзін-өзі үшін жай ғана білуі немесе түсінуі ғана емес, сондай-ақ өзгелердің де оның тұлғалық ерекшеліктерін, эмоционалды жауап қайтаруы мен когнитивті түсініктерін білуі мен түсінуі. Студенттерге ұсынылған жаттығулар оларға болашақта өзін-өзі тәрбиелеу процесінде көмек береді. Рефлексік тренингті біз «Мен – болашақ математика мұғалімін» деп атадық. Тренингтің бірінші кезеңінде біз студенттерге «Бұл мен: өзіміз танысамыз және өзгелерді таныстырамыз» жаттығуын ұсындық. Бұл жұмыстың міндеті – студенттерді тренинг тақырыбымен үндестілікке бағыттау, тақырыпқа қатысты құндылықты қарым-қатынас ахуалын құру, әр қатысушының тұлғалық және даралық ерекшеліктері туралы айту. Тренингтің бұдан әрі дамуы «Грек жаңғағы», «Тұлғаның үш түсі» сияқты түрлі жаттығулар өткізумен байланысты. Бұл жаттығулар студенттерге өздерін кейбір «ұқсас еместердің бірлігі» ретінде көруіне мүмкіндік береді, әрбіреуіне қолдау табуға көмек береді және де өзінің жекелігін баса көрсетуге мүмкіндік береді. Осы жұмыстың екінші кезеңі студенттердің болашақ мамандықтарының тұлғалық және кәсіби ерекшеліктері және мүмкіндіктерімен байланысты, себебі математика мұғалімінің жұмысында жеке және кәсіптікті толығымен

## **МАТЕМАТИКА. МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ** **МАТЕМАТИКА. МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ МАТЕМАТИКИ**

айыру мүмкін емес, ал егер мүмкін болса, онда оның өмір мен жұмыста пайдасы бола қояр ма екен?

Біздің балаларға нені айтатынымыз, қалай айтатынымыз, түрлі жағдайларға қалай ықпал ететініміз, қандай әрекеттер жасайтынымызда – кәсіпқойлық көп және тұлғалық ерекшеліктер, жекелік құндылықтар мен әуестіктер де аз емес. Жекелік ерекшеліктерді зерделеу – кәсіби тұрғыдан даму мен кәсіби тұрғыдан өзін-өзі тәрбиелеудің мықты ресурсы. Студенттердің өздерінің жекелік ерекшеліктерін өздерінің болашақ тәрбие қызметінің ресурсы ретінде талдауы мен түсінуі социодрама әдісін өткізу барысында жүзеге асырылады. Социодрама өткізу үшін «геометрикалық фигуралар тесті» қолданылады. Студенттер таңдап алынған фигураларға сәйкес топтарға бөлінеді. Бұдан соң әр топ тест талдамасымен танысады. Топтың оқу-тәрбие бағдарламасын таныстыруы келесі кезең болып табылады. Студенттерге келесі сұрақтарға жауап беру керек болады:

1. Математика мұғалімінің ұраны.
2. Оқу үдерісінде және балалармен қарым-қатынас барысында бізді не сүйсінтіп, жанымызды рақаттандырады?
3. Неліктен балаларға бізсіз математиканы оқу қиын?

Тұсаукесерлер қойылым, пантомима түрінде орындалып, осы «фигура типіндегі» адамдардың тәрбие стилінің елеулі белгілерін сипаттайды. Студенттермен осы тренингті өткізу тренингтің өз міндетін жақсы орындайтынын көрсетті: тұлғалық ресурсты көкейкесті етеді, студенттерді өзін-өзі тануға және рефлексия процесіне икемдейді, олардың жобалай білу және болжамдай білу қабілеттерін дамытады.

Кәсіптік оқыту математика мұғалімдерін шешім қабылдай білуге дайындауды міндетті түрде өзіне қосады. Дәл осы жерде ойынның ролі зор, себебі кез келген әлеуметтік жүйелерде шешімді таңдау әрқашан да ақпараттық белгісіздік жағдайларында өтеді, бұл шешімді алдын ала ойындық «жаттықтыруға» шақырады.

Ойнатылатын сюжет нұсқаларының бірі студенттермен даулы немесе проблемалы мәселелерді шешу бола алады. Бірнеше адам (3-7) «мұғалім-оқушы», «мұғалім-ата-ана» саласындағы өзара қарым-қатынас туралы сюжеттік-композицияны келтіреді. Бұған қоса, сюжет тым қатты болмауы керек, себебі спектакль керек емес, қарым-қатынас стратегиясын іздеу қажет. Студенттер педагогикалық жағдаятты құрамдас бөлшектерге (шарттары, уәждері, себептері, ынталандырулар, тәсілдер, өткізу түрлері және т.б.) бөле алатындай болуы маңызды; жағдаяттардың әрбір бөлігін жекелей және тұтастай ойластырды; оны дұрыс диагностикалау қабілетін көрсетті, сондай-ақ негізгі педагогикалық проблеманы тауып, оны тиімді шешу тәсілдерін таба білді. Осындай жұмыс барысында студенттердің аналитикалық қабілеттері қалыптасады.

Өзін-өзі ашу қабілетін қалыптастыру, өзіндік білместікті, істей алмаушылықты (олақтықты) белгілеу бойынша қолайсыздықты жоюға қажетті қабілетті өңдеу, сондай-ақ «Өзін-өзі бағалау-Өзін-өзі жетілдіру» ойынын өткізу топтың психологиялық портретін құрастыру бойынша қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осы блиц-ойынның мақсаты:

- өзін-өзі бағалау және топтың ұжымдық портреті негізінде жеке қорды (резервты) айқындау, оны оқу қызметінде іске асыру;

- өзін-өзі тексеру және өзін-өзі жетілдіру бойынша қабілетті қалыптастыру.

Блиц-ойындардың негізгі ерекшелігі, олар, бір жағынан, барынша толық көрсетілген, яғни ондағы ойыншылар белгілі бір бланктерде өздерінің кәсіптік білместіктері мен олақтықтарын жазады, ал басқа жағынан, өзін-өзі бағалаудың сипаттау өлшемдерінің толығымен болмауы. Ойынға қатысушылардың субъективтілік дәрежесі өте жоғары, олар өздерінің жеке тұлғалық мүмкіндіктерін өздері бағалайды, ал бұл процесс ешқашан да толығымен объективті бола алмайды. Блиц-ойында жеке жұмыс басты роль атқарады, дәл соның негізінде ұжымдық портрет құрылып, ойын ұжымының

өзін-өзі жетілдіру бағдарламасы әзірленеді. Бір мағыналы жеңіл болжамданатын нәтижелер болмайды. Бұл блиц-ойын тек ойыншылар ашықтық пен өзін-өзі көрсете білген жағдайда ғана оң нәтижеге әкеле алады.

Әрине, оқытуда кәсіптік бағдарланған математикалық тапсырмалар кешенін тиімді қолдану үшін арнайы әзірленген әдістеме қажет. Бұнда студенттердің кәсіптік бағдарланған математикалық тапсырмаларды жүйелі түрде орындай отырып, тек математиканы ғана зерделеп қоймай, сонымен бірге болашақ қызметінде математика бойынша білімін саналы түрде қолдана білуге үйренетіні маңызды, ал бұл студенттердің математикалық даярлығының жаңа, құзыретті деңгейіне қол жеткізу дегенді білдіреді. Математикалық модельдеу дағдыларын қалыптастыру педагогикалық ЖОО-ғы студенттердің математиканы оқытудың алғашқы күндерінен-ақ жүргізілуі тиіс. Бұл үшін, әрине, оқытушы тиісті оқу-әдістемелік құралдармен қамтамсыздандырылған болуы тиіс, ал кәсіптік бағдарланған математикалық тапсырмалар кешені оның маңызды құрамдас бөлшегі бола алады.

1. Похолоков Ю., Чучалин А, Боев О. Бакалавр: реальность и перспективы // Высшее образование в России -2004. - №9.
2. Жадрина М.Ж. Мектептегі профильдік оқыту. // Қазақстан мектебіндегі әкімші. – 2006. - №1. – 3 – 11 бб
3. Шишов С.Е. Понятие компетенции в контексте качества образования // Стандарты и мониторинг в образовании. - 1999.-№2.
4. Равен Дж. Компетентность в современном обществе. – М.,2002.
5. Әбілқасымова А.Е. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі бойынша зерттеудің басым бағыттары. // «Білім беру мен ғылымдағы математикалық модельдеу мен ақпараттық технологиялар» атты III Халықаралық ғылыми - әдістемелік конференциясының материалдары. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2005. – 9 – 13 бб.

**Аннотация.** В статье рассматриваются наиболее важные методические основы модернизации профессиональной подготовки учителей математики посредством компетентностного подхода. Представлены основные аспекты реализации профессионально-направленного обучения математике.

Статья содержит конкретные методические указания и рекомендации по использованию профессионально-направленных математических задач в процессе подготовки учителей математики. Показана возможность решения профессионально-направленных математических задач на основе. Отражены различные формы тренингов, приводятся примеры их использования в процессе преподавания математики.

**Ключевые слова:** тренинг, компетентностный подход, технология тренингового обучения, профессионально-направленное обучения математике.

**Abstract.** In this article there are considered rather significant methodological aspects of modernisation in training the teachers of math by means of competence approach. There are presented main aspects of realization of teaching math in the professional-centered way.

This article contains the concrete methodological claims and recommendations in using professional-centered mathematical tasks in the process of training the teachers. There are demonstrated possible ways of solving professional-centered mathematical tasks on the basement of using technological training. There are also described different forms of training lessons, and the examples of those experiments.

**Keywords:** training, competence-based approach, technology of training training, directed training in professional mathematics.

**ФИЗИКА. ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**  
**ФИЗИКА. МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ФИЗИКИ**

ӘОЖ 378.016.

**Г.Б. Алимбекова, Ж.Н. Шәкірханова\***

**БОЛАШАҚ ТЕХНОЛОГИЯ ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІН**  
**ОҚУШЫЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ӨНЕРГЕ БАУЛУҒА КӘСІБИ ДАЯРЛАУДЫҢ**  
**ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ**

(Алматы қ., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, \*-магистрант)

*Аңдатпа.* Мақалада орта мектепте технология сабағында оқушыларды ұлттық өнерге кәсіби даярлау әдістері қарастырылды. Оқушыларды ұлттық өнерге баулуға болашақ мұғалімдерді үйрету, бір жағынан, қазіргі кездегі әлеуметтік-экономикалық үдерістер және оқытуды соған бейімдеу мәселесімен астарласып жатса, тағы бір жағынан, жастар арасындағы ұлттық өнерге көзқарастағы ауытқулар, өнерге деген талап пен талғамның өзгеруіне байланыстылығы айтылады. Технология пәні мұғалімінің көпсалалы кәсіптік қызметінің сапалы болуы үшін нәтижелі де тиімді жолдары мен әдістері анықталды. Сәндік-қолданбалы өнерге бағыттап кәсіби даярлаудың бұрыннан қалыптасқан сәндік-қолданбалы өнер дәстүрін меңгерту және сапасын арттырып жетілдіру негізінде жүзеге асырылады.

*Түйін сөздер:* ақпараттандыру, үздіксіз білім беру, интеграциялау, жаңа ақпараттық технология, педагогикалық технология.

Ел Президентінің «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасында барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі, әл-ауқатының артуы және елдің денсаулығын жақсарту міндеттерімен бірге жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру мәселесі ерекше атап көрсетілген. Қоғамда еңбекқор, кәсіби даярлығы талапқа сай, кәсібін терең түсінетін, өзінің білімі мен іскерлігін жан-жақты қолдана білетін мамандар даярлау қажеттігі туады. Өйткені, кез келген мемлекеттің жоғарғы мектебінің маңызды әлеуметтік міндеті болашақ маманның өз мүмкіндіктерін көрсете алуына мүмкіндік береді. Осы айтылған міндеттер – кәсіби мамандар дайындайтын жоғары оқу орындарының алдында тұрған негізгі алғы шарттар болып табылады [1].

Оқушыларды ұлттық өнерге баулуға болашақ мұғалімдерді үйрету, бір жағынан, қазіргі кездегі әлеуметтік-экономикалық үрдістер және оқытуды соған бейімдеу мәселесімен астарласып жатса, тағы бір жағынан, жастар арасындағы сәндік-қолданбалы өнерге көзқарастағы ауытқулар, өнерге деген талап пен талғамның өзгеруіне байланысты туындап отыр.

Жалпы білім беретін мектепте технология пәні мұғалімінің оқушыларды ұлттық өнерге баулуға даярлығын технологиялық қамтамасыз ету бойынша көрсетілген мәселелер келесі іс-әрекет бағыттарының маңыздылығын анықтап берді [2]:

- оқушыларды ұлттық өнерге баулуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес, болашақ технология мұғалімдерінің педагогикалық білім мазмұнын, әдістерін, құралдарын және формаларын түзетуге мүмкіндік беретін тұжырымдамалық негізгі және базалық педагогикалық технологияларды таңдау;

- осы маманды даярлаудың мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, мамандық бойынша оқу пәндерін дидактикалық және әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету;
- көрсетілген аспектіде технология пәні мұғалімінің кәсіптік және шығармашылық бағалау критерийлерін әзірлеу;
- болашақ мамандарды жоғары оқу орындарында кәсіби даярлау барысында бақылау-бағалау шараларын жүзеге асыру құралын әзірлеу.

Болашақ технология мұғалімдерін кәсіби даярлау барысында жоғары оқу орындары педагогтарының рөлі зор маңызға ие. Сондықтан, педагогтардың кәсіби-мәдени, интеллектуалды және кәсіби-шығармашылық әлеует деңгейі оқушыларды ұлттық өнерге баулу іс-әрекетіне студенттердің кәсіби даярлығын қалыптастыруда шешілетін педагогикалық міндеттердің күрделілік деңгейіне сәйкес келуі керектігіне көз жеткіздік.

Технология пәні мұғалімінің педагогикалық іс-әрекетіне кешенді талдау жүргізу қажеттілігі мынаған байланысты болып келеді: *біріншіден*, оқушыларды *ұлттық өнерге* баулу бойынша іс-әрекет пен функциялардың негізгі түрлерін негіздеумен, *екіншіден*, әрбір атап көрсетілген педагогикалық іс-әрекет түріне сәйкес келетін біліктіліктер жиынтығын анықтаумен, олардың қалыптасу деңгейін бағалау критерийлерін және бақылау-бағалау шараларына қойылатын талаптарды әзірлеумен, үшіншіден, оқушыларды ұлттық өнерге баулу іс-әрекетіне даярлау барысында студенттердің оқу-танымдық және оқу-шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру жағдайына қойылатын талаптарды даярлаумен байланысты. Технология мұғалімінің педагогикалық іс-әрекетін зерттеуге жүргізілген талдау осы міндеттерді шешудің дайын жауаптарын бере алмады. Технология пәні мұғалімінің іс-әрекет құрылымынан оқушыларды сәндік-қолданбалы өнерге баулуға іс-әрекеттердің құрылымдық компоненттерін атап көрсетуге мүмкіндік берді (1-кесте ) [3].

Болашақ технология мұғалімдерін кәсіби даярлау барысында жоғары оқу орындары педагогтарының рөлі зор маңызға ие. Сондықтан педагогтардың кәсіби-мәдени, интеллектуалды және кәсіби-шығармашылық әлеует деңгейі оқушыларды сәндік-қолданбалы өнеріне баулу іс-әрекетіне студенттердің кәсіби даярлығын қалыптастыруда шешілетін педагогикалық міндеттердің күрделілік деңгейіне сәйкес келуі керектігіне көз жеткіздік.

Сонымен, біздер Қазақстандағы педагогикалық білім беру жүйесінің даму үдерістері мен кәсіптік жалпы білім беру мекемесінде білім беру үдерісін жүйелі жоспарлау және ұйымдастыруға негізделген заманауи әдістерге талдау жасадық.

Кесте 1 - Оқушыларды сәндік-қолданбалы өнерге баулуға іс-әрекеттердің құрылымдық компоненттері

Іс-әрекеттің құрылымдық компоненттері	Технология пәні мұғалімінің педагогикалық іс-әрекетін құраушылар		
	Технологиялық	Сәндік-қолданбалы өнері	Психологиялық-педагогикалық
<i>Субъект</i>	<i>Технолог (техник)</i>	<i>Шебер</i>	<i>Мұғалім</i>
Себептер	Адамның материалдық, көркем-эстетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру	Халықтық сәндік қолданбалы өнерге қажеттілікті қанағаттандыру	Шығармашылық өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жүзеге асыруда тұлғаның мүдделері мен қажеттіліктерін қанағаттандыру



**ФИЗИКА. ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**  
**ФИЗИКА. МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ФИЗИКИ**

Мақсаты	Оқушылардың еңбек үдерісі сапасын арт-тыру, оқыту құралдарын жетілдіру үшін, техникалық, технологиялық, көркем және шығармашылық іс-әрекеті мен өнер-тапқыштығын ұйымдастыру мен жүзеге асыру	Ұлттық өнер туындыларын қайта жаңғырту, оқушыларды сәндік ұлттық өнер бұйымдарын жасауға үйрету	Шығармашылық саласында тәжірибе беру іс-әрекетін ұйымдастыру. Шығармашылық арқы-лы тұлғаны дамыту. Шығармашылық әлеует-ті өз бетінше дамыту технологиясын үйрету. Іс-әрекетті шығармашылық өзгертудің технологиялық тәсілдеріне үйрету
Пәні	Еңбек заттары, өндірістік өнім, материалдар, энергия түрлері. Білім беру үдерісін оқу-бағдарламалық, әдістемелік және дидактикалық қамтамасыз ету	Ұлттық өнер бұйым - дарын жасауға қажетті материалдар, өнертану, композиция заңдылық-тары бойынша мәліметтер	Адамның шығармашы-лық әлеуеті, субъектінің шығармашылық әлеуеттің түрлі деңгейіне қол жеткізу заңдылықтары мен шарттары
Мазмұны	Жобалау, технологиялық, конструкторлық, өнертапқыштық, кәсіпкерлік, көркем және басқа да міндеттер	Көркемдік, жобалаушы, сәндік, кәсіпкерлік және т.б. шәкірт тәрбие-леу міндеттері	«Технология» пәні және оқушыларды ұлттық өнерге баулу арқылы тұлғаны тәрбиелеу, оқыту мен дамытудың педагогикалық міндеттері.
Функциялар	Есептік-талдау, өндірістік-технологиялық, конструктивтік-техникалық, бақылаушы, ұйымдастырушы, экономикалық, танымдық, өз бетінше білім алу және т.б.	Сәндік ісмер, қолөнер шебері, өз бетінше білім алу, үнемдеу, жобалаушы, құрастырушы, ұста	Үйретуші, тәрбиелеуші, дамытушы, гностикалық (танымдық), ақпараттық, жобалаушы, коммуникативтік, әдістемелік, зерттеушілік, бақылаушы, ұйымдастырушы, өз бетінше білім алу т.б.
Құралдар	Оқу шеберханаларының материалдық жабдықталуы. Жабдықтар, аспаптар, құрылғылар, техникалық және технологиялық құжаттама, анықтамалық әдебиет	Шеберхананың материалдық жабдықталуы, аспаптар, құрылғылар, сәндік-қолданбалы өнері бойынша әдебиеттер	Көрнекі оқу құралдары мен жабдықтар, оқулықтар, оқу құралдары, нұсқаулық карталар, жұмыс дәптерлері, тірек конспектілер және т.б. Қол өнеріне баулуда оқушыларды сәндік-қолданбалы өнерге баулудың педагогикалық жүйелерін жобалау тәжірибесі
Іс-әрекет нәтижесі	Техникалық-техноло-гиялық шығармашылыққа және өнертапқыштыққа, сонымен қатар өзіндік шығармашылық әлеуетті жүзеге асыру	Сәндік-қолданбалы, шығармашылыққа және өнертанушы, сонымен қатар өзіндік шығармашылық қабілетін жүзе -ге асыру	"Технология" пәні арқы-лы оқушыларды сәндік-қолданбалы өнеріне баулуда шығармашылы-ғын дамыту іс-әрекетіне дайындығы

Мұның өзі технология мұғалімінің оқушыларды ұлттық өнерге баулу іс-әрекетіне даярлығы үдерісінің белгілі бір жақтарын, байланыстары мен функцияларын сипаттайтын базалық білімнің негізгі элементтерін анықтауға мүмкіндік берді.

Болашақ технология пәні мұғалімдерін оқушыларды ұлттық өнерге баулуға кәсіби даярлауды ұйымдастыру [4]:

- оқушылардың ақыл-ойы мен практикалық іс-әрекетін белсендендіретін және олардың жүзеге асуын қамтамасыздандыратын оқыту формаларына, әдістеріне, бағдарлауға;

- оқушылардың қазақ халқының ұлттық өнерін үйрену барысындағы іс-әрекетін ұйымдастыруда орындаушылық іс-әрекетінің шығармашылық ізденіспен ұласуына;

- ұлттық өнерін үйрету үдерісінде оқушыларды ұлттық өнердің түрлерімен жұмыс жасауда мақсат қоя білуге, ақпарат алып, оған талдау бере білуге, жұмыс сапасының өлшемдерін анықтауға, техникалық құжаттарды жасауға қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды сұрыптауға, жоспарды құра білуге, технологиялық тапсырмаларды ұйымдастыруға және орындауға, іс-әрекет нәтижелерін бағыттап, бақылауға, өзіндік талдау мен өзіндік баға бере білуге үйретуде;

- ұлттық өнер түрлерін жасау үдерісінде оқушылардың оған деген қызығушылығын, сұранысын арттыруға, онымен әсерленуіне;

- қазақ халқының ұлттық өнерінің түрлерін меңгеру барысындағы іскерлігі мен дағдысын мақсатты бірізділікте кезеңдеп қалыптастыруға;

- мұғалім, оқушылар мен ата-аналардың ынтымақтастық қарым-қатынаста, ынтымақтастық шығармашылыққа жұмыс жасауына;

- болашақ технология пәні мұғалімдері оқу материалдары мен қазақ халқының ұлттық өнерлерінің түрлерін оқыту әдістемесін ұдайы жаңартып, жетілдіріп отырды.

«Өнер-ұлттық тағылым» үйірме жұмысының жылдық жоспары жүзеге асты. Курсты оқыту мақсаты студенттерді қазақтың ұлттық өнерінде кездесетін ою-өрнектермен таныстырып, олардың қолдану мақсатына сай, мәні мен мағынасын түсіндіру, ою-өрнек композициясының шешімін дұрыс табуға үйрету. Сонымен қатар, құрақ-құрау, кестелеу, тігу технологияларын меңгерту, әрі көркемдік талғамын арттыру болып табылады. Мұғалімдердің технология сабағы кезінде берген жауаптарының нәтижесі, ұсыныстары ескерілді, сабақты меңгеру барысында бас киім тігу, ою-өрнек композициясы мен түстік шешімін табуға, аса назар аударылды. Студенттерді сәндік-қолданбалы өнерге баулу білімі мен іскерлігін дамытуға байланысты жұмыстар жүргізіледі (2-кесте) [5].

Болашақ мұғалімдерді сәндік-қолданбалы өнерге үйрету іс-әрекетінің нақты нәтижесі, оқушылардың танымдық және әлеуметтік қызығушылық бағдарын болжайтын практикалық-бағдарлық тәсілге негізделді.

Жұмыс барысында инновациялық технологиялар, шығармашылық іс-әрекеттің тәрбие құралдары, әдіс-тәсілдері кең көлемде пайдаланылды. Әрі ұлттық сәндік-қолданбалы өнерді түсініп, оны бағалауға, әрі құрметпен қарауға баса назар аударлды:

Ғылыми әдебиеттерге (философиялық, психологиялық-педагогикалық, мәдениеттану) жасаған талдау әлемдегі әлеуметтік жағдайдың, экономиканың түрленіп дамуына, әрбір адамның іс-әрекетін түрлендіруге талаптардың артуына және проблеманың қоғам сұранысына, мемлекет талабына сай болуы педагогика іліміндегі осы мәселенің өзектілігін дәлелдей түсті [6].

Кесте2 – «Өнер – ұлттық тағылым» үйірмесінің тақырыптық бағдарламасы

Тақырыбы	Сағ. саны	Әдіс-тәсілі,
Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнердің бүгінгі өмірдегі маңызы және оның шығу тарихына мәліметтер	2	Талдау, әңгімелеу

**ФИЗИКА. ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**  
**ФИЗИКА. МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ФИЗИКИ**

Сәндік-қолданбалы өнер түрлері мен олардың композициялық шешімі.	2	Саяхат, талдау
Сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарындағы ою-өрнектердің мәні мен маңызы.	4	Талдау, эскиздер салу
Ою-өрнектер композициясының түстік шешімі	4	
Геометриялық ою-өрнектер композициясы. Кілем, алаша өрнектері. Ши бұйымдарына өрнек салу.	8	Талдау, эскиздер салу
Өсімдіктестес ою-өрнектер. Ұлттық киімдердегі өрнектер.	4	Талдау, эскиздер салу
Жануарлартестес ою-өрнектер композициясы. Олардың сәндік-қолданбалы өнерде кездесуі	4	Талдау, эскиздер салу
Ғарыштық ою-өрнектер композициясы. Құрақ құрау. Көрпеше, жастық құрақ түрлерінің өрнектері мен олардың мәні.	8	Талдау, эскиздер салу
Жүннен жасалған бұйымдар.	10	Практикалық
Көркемдік кесте. Сыйлықтық үй тұрмысы бұйымдарын кестелеуде қолданылатын ою-өрнектер.	8	Практикалық
Бас киім тігу, ою өрнектермен әшекейлеу.	6	Практикалық
Сырмақ сыру.	6	Демонстрация-лау және практикалық
«Өнер - ұлттық тағылым» қолданбалы өнер әлеміне саяхат (көрме)	2	Демонстрация-лау, талдау
Барлығы:	68	

1. ЖОО-да болашақ технология пәні мұғалімдерін оқушыларды ұлттық өнерге баулуға кәсіби даярлаудың жағдайларына талдау проблеманың күні бүгінге дейін қарастырылмағанын дәлелдейді.

2. ЖОО-да болашақ технология пәні мұғалімдерін оқушыларды ұлттық өнерге баулуға кәсіби даярлаудың жағдайларына талдау проблеманың күні бүгінге дейін қарастырылмағанын дәлелдейді.

3. Болашақ технология пәні мұғалімдерін оқушыларды ұлттық өнерге баулуға кәсіби даярлаудың әлеуметтік-мәдени алғы шарттары нақтыланып, оның қазіргі жағдайын талдау арқылы теориялық негізделді.

4. Оқушыларды ұлттық сәндік өнерге баулуға болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың мазмұндық-құрылымдық моделі жасалып, оның компоненттері, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталды.

5. Болашақ технология пәні мұғалімдерінің оқушыларды ұлттық өнерге баулуда кәсіби даярлаудың педагогикалық шарттары айқындалды.

6. Болашақ технология пәні мұғалімдерін оқушыларды ұлттық өнерге баулуға кәсіби даярлаудың әдістері ұсынылып оның тиімділігі тәжірибелі-эксперименттік жұмыс барысында тексерілді.

7. Тәжірибелі-эксперимент жұмыстарының нәтижелері болашақ технология пәні мұғалімдерін оқушыларды ұлттық өнерге баулуға кәсіби даярлауда студенттердің кәсіби мамандыққа деген қызығушылығы артып, білімге деген талпынысы мен іскерлігінің қалыптасқандығын көрсетті.

Жүргізілген зерттеулер бойынша мынадай ұсыныстар жасауға болады:

1. Болашақ технология пәні мұғалімдерін оқушыларды ұлттық өнерге баулуға кәсіби даярлауда біз ұсынған модель бойынша оқыту.

2. Болашақ технология пәні мұғалімдерін оқушыларды сәндік-қолданбалы өнерге баулуға кәсіби даярлауда біз ұсынған элективті курс арқылы жүзеге асыру қажет. Бұл студенттің осы проблема саласынан білім, іскерлік, дағды деңгейін арттырады.

3. Болашақ технология пәні мұғалімдерін осы салада кәсіби даярлауды жетілдіру бойынша әдістемелік құралдар, электронды оқулықтар даярлау.

Қорыта айтқанда, қарастырылып отырған зерттеу проблемасы күрделі де көпсалалы болғандықтан проблеманы толығымен шешуді мақсат етпейді. Алдығы уақытта, болашақ технология пәні мұғалімдерінің өнертанушылық зерттеу құзырлығын дамыту және болашақ технология пәні мұғалімдерінің ұлттық өнер бұйымдарының композициялық шешімін табуға веб-дизайнерлік іскерлігін дамыту және т.б. мәселелері арнайы зерттеуді талап етеді.

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына арнаған жолдауы //Егемен Қазақстан. 2012. 14 желтоқсан.
2. Жолдасбекова С.А. Болашақ технология пәні мұғалімін кәсіби даярлаудың әдістемесі // Ұлт тағылымы, №3. 2009. 50-54 б.
3. Қазақтың сәндік-қолданбалы өнері. Әдістемелік құрал. Шымкент: «Нұрлы бейне», 2009.- 68 б.
4. Оқушыларға эстетикалық тәрбие берудегі сәндік-қолданбалы өнердің мазмұны мен маңызы//ХҚТУ, Хабаршы, 2005. №3. 185-188 б.
5. Сыздықов О., Пошаев Д.К., Ортаев Б.Т. Технология пәнін оқыту әдістемесі. Оқу құралы.- Алматы: Нұрлы әлем, 2010. – 394 б.
6. Оралбекова Т.Ш., Тұтқабаев Ө. Болашақ технология пәні мұғалімдерін даярлауда өндірістік практикаларды тиімді өткізудің маңызы. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция еңбектері. Шымкент, 2008.

**Аннотация.** В статье рассмотрены методы профессиональные обучения национальному искусству в средней школе на уроках технологии. Национальному искусству, как и любые другие виды искусства, как и вся система образования и культуры в нашей стране, призвано не только смягчать жизненные противоречия, но и целенаправленно влиять на нравственность и духовность подрастающего поколения. Многопрофильность профессиональной деятельности учителя технологии вызывает потребность и необходимость определения эффективных путей и средств. Обеспечивающих не только эффективность его технологической, но и художественно – технологической подготовки по различным направлениям декоративно – прикладной деятельности.

**Ключевые слова:** информация, непрерывное образование, интеграция, новые информационные технологии, педагогическая технология.

**Abstract.** The article discusses professional training methods mu Art in high school in the classroom technology. Multidiversity of professional teacher’s activity of technology raises the need and the necessity to identify effective ways and means to ensure not only the effectiveness of its technological, but also artistic - technological training in various directions of decorative - applied activity. Identified through analysis basis of scientific research and existing practice contradiction allow to formulate the problem of research. What are the pedagogical conditions that ensure the effectiveness of professional training of future teachers of technology to teaching students to decorative-applied art.

**Keywords:** informatization, technology, new information technology, adaptation, educational technologi, mixed media.

## **БОЯЛҒАН СІЛТІЛІ ГАЛОИДТЫ КРИСТАЛДАРҒА ЛАЗЕР СӘУЛЕСІНІҢ ТҮССІЗДЕНДІРУШІ ӘСЕРІ**

(Алматы қ., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті)

*Аңдатпа.* Тәжірибе жүзінде лазер сәулесі сілтілі-галоидты кристалдарда боялу орталықтарын тудырып қана қоймай, әрі оларды бір фотонды ауысулар кезінде жоятыны да анықталды. Жойылу, өткізгіш электрондардың әсерінен F-орталықтарының иондануы арқылы немесе түйін аралық галоидтың тұрақсыздануынан болуы мүмкін. Боялу орталықтарының түссізденуінің әр түрлі механизмдері қарастырылып, түссіздену V<sub>2</sub>-орталығының оптикалық тұрақсыздануына байланысты екендігі анықталды.

*Түйін сөздер:* боялу орталықтары, сілтілі-галоидты кристалдар, түйін аралық галоид, тұрақсыздану.

Сызықсыз үдерістер кезінде жарық мөлшері жинақталғанда немесе материалдар радиация әсерінен боялғанда қоздырушы радиацияның түссіздендіруші әсері бақыланады, яғни белсенді радиацияның әлсіреуі жарық мөлшерінің немесе боялу орталықтары санының азаюына әкеліп соғады [1,2]. Бұл құбылыс сілтілі-галоидты кристалдарда (СГК) боялу орталықтарының қос фотонды (көп фотонды) пайда болуы мен түзілген орталықтардың тікелей, бір фотонды, жоюшы энергия жұтуынан айқын байқалады [3].

СГК лазерлік ақаутүзілуінің кейбір заңдылықтары экзоэмиссия, термолюминесценция және абсорбция әдістері арқылы анықталған [3], алайда оның назардан тыс қалған кейбір көңіл аударарлық ерекшеліктеріне осы мақалада тоқталайық.

### *1. Тәжірибе әдістемелері және негізгі нәтижелер*

Тәжірибе кезінде мөлдір немесе алдын ала (рентген сәулесімен немесе аддитивті) боялған кристалдар лазер радиациясымен ұзақ уақыт сәулелендіріліп, жұтылған сәуле спектрі периодты түрде өлшенді. Бояушы сәуле көзі ретінде хлор-ксенонды эксимерлі ЭЛИ-1 лазері қолданылды. Лазер импульсының энергиясы 20÷60 мДж, импульс ұзақтығы 20 нс, қайталану жиілігі 10 Гц болды. Бұл лазер фотондарының энергиясы (4,024 эВ) зерттелінген СГК мөлдірлік аймағына сәйкес келетіндіктен, барлық фотохимиялық реакциялар – қос фотондық жұтылулардың нәтижесі болып табылады. Кристалдарды қарқындылығы әр түрлі (1÷50 МВт·см<sup>2</sup> аралығындағы энергия ағыны аймағында) лазер сәулесімен сәулелендіру үшін шоқ шыны сүзгіштер арқылы сатылы әлсіретілді. Лазер сәулесі объектіге фокусталып, беттегі жарық ағынының көлденең қимасы және оған сәйкес боялу дағы 1×2 мм<sup>2</sup> аспады. Градиентсіз біркелкі боялған, ауданы ≈0,25 мм<sup>2</sup> болатын беттегі дақтың ортасындағы F-орталықтарының концентрациясы, F-жұтылу жолағы максимумының оптикалық тығыздығы бойынша анықталды.

Зерттеу объектісі ретінде Киропулос әдісімен аса таза ұнтақтан өсірілген монокристалдан бөлініп алынған, 5×5×1 мм<sup>3</sup> көлеміндегі KCl, KBr, KI және NaCl пластинкалары және сонымен қатар F-орталықтарының концентрациясы 9,6·10<sup>16</sup> см<sup>-3</sup> болатын, калий буында аддитивті боялған KCl:K кристалы қолданылды.

F-орталықтарының концентрациясының  $n$  уақытқа  $t$  және қарқындылығына  $I$  тәуелділіктері барлық зерттелген объектілердегі бір-біріне ұқсас. 1-суретте KCl және KCl:K кристалдарындағы  $n = f(t, I)$  тәуелділіктері келтірілген. Өсетін қисықтар бастапқыда мөлдір кристалдарға, ал бәсеңдейтіндері – алдын-ала рентген

радиациясымен боялған кристалдарға сәйкес келеді. 1-суреттен ұзақ уақыт сәулелендіргенде барлық жағдайда да, жарық қарқындылығына тәуелді және оған пропорционал F-орталықтарының тепе-теңдік концентрациясы пайда болатынын бақылауға болады. Рентген сәулесімен сәулелендірген объектілерде боялу орталықтарының концентрациясы сол қарқындылықтағы тепе-теңдік концентрациясынан артық болған боялу орталықтары жойылады. Мұндай жағдай KCl:K орнықты (аддитивті) F-орталықтарында болмайды. Бірақ, бұл объектідегі F-орталықтарының радиациялық түзілуі мен жойылуы мөлдір кристалдардан сапа жағынан да, сандық жағынан да, ешқандай айырмашылығы жоқ. Мұны радиация әсерінен пайда болған боялу орталықтарының концентрациясының өзгерісін аддитивті F-орталықтары деңгейінің графигіне салу арқылы бақылауға болады.

Келесі тәжірибеде артық боялу орталықтарын тудыру үшін лазер сәулесі қолданылды. Кристалды белгілі бір энергия тығыздығында, қанығуға дейін сәулелендірілгеннен соң энергия тығыздығы азайтылды, осындай өзгерістерден кейінгі, KBr кристалы үшін боялу орталықтарының эволюциясы 2-суретте келтірілген. Бұл тәуелділіктер жоғарыда қарастырылған нәтижелердің негізден дұрыстығын дәлелдейді. Дегенмен де, қосымша талқылауды керек ететін айырмашылықтары да бар.

2-суретте көрсетілген тәуелділіктер жиынтығын төмендегідей қарапайым теңдеу арқылы өрнектеуге болады [3].

$$dn(I, t) = C_1 I^2 dt - C_2 n I(I, t) dt \quad (1)$$

мұндағы  $C_1$ ,  $C_2$  – зерттелген объектілер үшін тұрақты шамалар. Оң жағындағы бірінші мүше – боялу орталықтары концентрациясының  $n$  өсуіне, екіншісі – жойылуына сәйкес келеді. Өсу – жұтылған энергияға (қос фотондық үдеріс үшін  $\alpha I^2$ ), ал жойылу – пайда болған боялу орталықтарының лазер радиациясын жұту санына пропорционал деп болжанады. Мұнда лазер шоғының кристалл арқылы өткендегі әлсіреуі ескерілмейді, өйткені әлсіреу қос фотондық жұтылу кезінде ескермейтіндей аз, ал  $h\nu = 4,02$  эВ келтірілген жұтылу коэффициенті бірнеше  $\text{см}^{-1}$  аспайды және объектінің  $\approx 1$  мм қалыңдығында айтарлықтай шығын туғызбайды. (1) теңдеудің шешімі

$$n(t, I) = n_0 e^{-C_2 I t} + C_1 C_2^{-1} \cdot I (1 - e^{-C_2 I t}) \quad (2)$$

$t \rightarrow \infty$  шегі

$$n(\infty, I) = C_1 C_2^{-1} I \equiv kI \quad (3)$$

яғни  $n$ , тәжірибеге сәйкес,  $I$  қарқындылыққа пропорционал.

## 2. Нәтижелерді талқылау


Жоғарыда келтірілген тәжірибе нәтижелері боялу орталықтарының жинақталуы кезінде олардың жойылуын тудыратын механизм бар екенін айғақтайды. Осы нәтижелерге және анықталған деректерге сүйеніп, суретте келтірілен үдерістердің себебін анықтайық.

Жарықтың жұтылуы немесе электрон мен кемтіктің рекомбинациясы кезінде түзілген аниондық экситон энергиясының ыдырауынан SGK орнықты F-орталығы, қозғалмалы H-орталығы немесе орнықсыз  $\alpha$  - және I – орталықтары (бос орын мен түйін аралық анион) түзіледі. F-, H – орталықтарының жұбы атомдардың молекулаларға бірігуі немесе одан да күрделі кристалдық тор аниондарының ақаулар түзуі кезінде, пайда болады [4,5]. Кейбір авторлардың [5] болжамы бойынша,  $T > 250$  K түйін аралық галоид [100] өсі бойымен бағытталған  $V_2$  – орталықтарынан тұрады.

SGK түссіздендіретін F-H – жұптарының аннигиляциясы, қыздыру кезіндегі түйін аралық галоидтардың тұрақсыздануы немесе F-орталықтарының оптикалық иондануы, сондай-ақ жақын жұп арасында олар түзілгеннен кейінгі қысқа мерзімде туннельтекті құбылыс нәтижесінде жүзеге асатындығы анықталған. Соңғы жағдайда, F-орталығының

**ФИЗИКА. ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**  
**ФИЗИКА. МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ФИЗИКИ**

электроны жинақылған галоидта қармалып, қозғалмалы анион, яғни I-орталығын түзеді де, электрон қалдырған бос орынмен рекомбинацияланады. Сонымен қатар,  $T \geq 250 \text{ K}$  қозғалмалы бос орынның өзі де галоидқа дейін диффузиялануға қабілетті [6,7]. Оған қоса, боялу орталықтарын тек лазерлік сәулелендіруде өзекті болатын, түйін аралық галоидтың ( $V_2$  – орталығы) оптикалық тұрақсыздануы жүзеге асуы мүмкін деген болжам бар.



1 сурет - Мөлдір (1) және алдын-ала рентген (2) сәулесімен сәулелендірілген KCl (а,б) және KCl-K кристалдарындағы F-орталықтары концентрациясының сәулелендіру уақытына тәуелділігі. Лазер қуаты 22 (а), 8 (б), 12 (в) мВт/см<sup>2</sup>.

2 сурет - KBr кристалындағы F-орталықтарының шекті концентрациясының лазер қуатының азаюынан өзгерісі (18 ÷ 6,4) мВт/см<sup>2</sup> (1) және (9–3,2) мВт/см<sup>2</sup> (2).

Боялу орталықтарының ұзақ уақыт изотермиялық жинақталуы кезінде олардың құрылымының жартылай бұзылуы (деструкция), өткізгіштік электрондар әсерінен немесе оптикалық жолмен галоидтың тұрақсыздануына байланысты орын алады, өйткені электрондар қос фотондық жұтылумен қатар F-орталықтарының иондануынан да пайда болады. Қос фотондық ауысуларда пайда болатын өткізгіштік электрондардың саны жұтылған энергияға немесе жарық интенсивтілігінің квадратына пропорционал болатыны айқын. Егер өткізгіштік электрондар  $V_2$  –орталықтарын тұрақсыздандыратын болса, онда (1) теңдеудің оң жағындағы екінші мүшеде  $I^2$  шамасы тұру керек. Онда шекті жағдайда (3)  $n(\infty, I)$  жарық  $I$  интенсивтілігіне тәуелсіз болар еді. Мұндай жағдай тәжірибе нәтижесіне сәйкес келмейтіндіктен, жоққа шығарылады. Егер, құрылымдық бұзылу үдерістері F-орталықтарындағы фотоэлектрондар (бос орыннан шыққан электрондар) санымен кемітін болса, онда аддитивтік боялу жағдайында (1) теңдеудің оң жағындағы екінші мүше  $C_2(n+n_0)Idt$  түрінде жазылу керек, мұндағы  $n_0$  –аддитивті боялу кезінде енгізілген F-орталықтарының концентрациясы. Соған сәйкес  $t \rightarrow \infty$  (3) теңдеу шешімінен өзгеше

$$n(\infty, I) = C_1 C_2^{-1} I - n_0, \quad (5)$$

мұндағы  $n(\infty, I)$  – радиация әсерінен пайда болған ақаулардың концентрациясы, оған  $n_0$  шамасы енбейді.  $n(\infty, I)$  нольден аз болмайтындықтан

$$C_1 C_2^{-1} I - n_0 \leq 0 \quad (6)$$

немесе

$$I (n_0 (C_1 2 / C_1 1) , \quad (7)$$

радиация әсерінен жаңа ақаулар түзілгенде, одан төменгі мәнде боялу орталықтары түзілмейтін, (7) теңдікпен анықталатын, қарқындылықтың ең аз шекті шамасы болу керек.

Шын мәнінде, 1-суреттегі  $a, b$  және  $v$  тәуелділіктерін салыстыру арқылы, орнықты (адитивті) F-орталықтарының он еседен артық шамасы, боялу орталықтарының жаңадан түзілу үдерістеріне айтарлықтай әсер етпейтінін байқауға болады.

Сонымен, қос фотондық ауысудағы сәулеленуден және F-орталықтарын иондануынан пайда болатын өткізгіштік электрондар  $V_2$ -орталықтарының құрылымдық бұзылуына әсер етпейтіндіктен, түйінаралық галоидтың оптикалық тұрақсыздануы басым екендігін көреміз. Радиация әсерінен  $KCl$  және аддитивті  $KCl:K$  боялған кристалдарындағы  $V_2$ -орталықтарының саны шамамен бірдей болады, сондықтан олардың азаю жылдамдығы да шамалас.  $h=4,02$  эВ болғанда  $V_2$ -орталықтарының жұтылу коэффициенті F-орталықтарының жұтылу коэффициентінен әлдеқайда артық ( $\approx 10^2$  есе). Олай болса, (1) теңдеуден  $n$  шамасын анықтауға болады. Бұдан радиация әсерінен пайда болған F-орталықтарының санына,  $V_2$ -орталықтарының немесе түйінаралық галоидтың саны пропорционал екендігі көрінеді.

Тәжірибелік тәуелділіктерден (1-сурет) рентген сәулесімен сәулелендірілген үлгілерде F-орталықтары концентрациясының минимумы байқалады. Рентген сәулесімен сәулелендірілген  $KBr$  кристалын лазер сәулесі әсер еткенде сол сияқты минимумдар анықталған [3]. Осыдан, өзіне-өзі, мынадай қорытынды шығады, лазер сәулеленуі жаңа орнықты боялу орталықтарымен толықтырғаннан гөрі, рентген сәулесімен сәулелендірілгенде түзілетін орнықсыз боялу орталықтарын әлдеқайда жоғары тиімділікпен бұзады. Артық боялу орталықтары лазер сәулесінің әсерінен түзілсе, онда (2) теңдеуге сәйкес минимумдар бақыланбайды (2-сурет). Бірінші жағдайда (2-сурет, 1 тәуелділік) кристалл қаныққанға дейін  $18 \text{ МВт} \cdot \text{см}^{-2}$  энергия тығыздығында сәулелендіріліп, кейіннен қарқындылық  $6,4 \text{ МВт} \cdot \text{см}^{-2}$  дейін азайтылды. Екінші жағдайда (2 тәуелділік) боялу орталықтарының шекті шамасына  $9 \text{ МВт} \cdot \text{см}^{-2}$ , ал түссіздендіру  $3,2 \text{ МВт} \cdot \text{см}^{-2}$  энергия тығыздығында жүргізілді.

Бұл айырмашылықтың табиғатын анықтау үшін мүмкін болатын болжамдардың бірі – лазер сәулесінің поляризациялану немесе  $V_2$  – орталықтарының басым бағытталу мүмкіндіне байланыстығы тексерілді. Бұл жағдайда қанығуға дейін сәулелендірілген үлгіні  $90^\circ$  бұрып, қарқындылығы төмен сәулемен түссіздендірілді. Алынған тәуелділік 2-суреттегімен толығымен сәйкес келеді, яғни ешқандай минимум бақыланбайды, сондықтан бұл болжам жарамсыз деп есептелінді. Сондықтан, рентген және лазер сәулесінен түзілген боялу орталықтарының айырмашылықтарын тәжірибе жүзінде анықтауға талпыныс жасалынбады. Рентген және лазер сәулелерінің әсерінен түзілген жұтылу спектрінде аздаған айырмашылықтар бақыланған [8,9], бірақ олардың ақпараттылығы аз.

Сонымен, түрлі (радиация және аддитивті) жолмен боялған кристалдарды, лазер сәулелерімен сәулелендіргенде, қос фотонды жұтылулар жаңа боялу орталықтарын тудырып қана қоймай, әрі оларды бір фотонды ауысулар кезінде жоятыны байқалды.



## ФИЗИКА. ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ ФИЗИКА. МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ФИЗИКИ

Пайда болған боялу орталықтарының бұзылуының негізгі себебі –  $V_2$ -орталықтарының оптикалық тұрақсыздануында жатыр деген қорытынды жасауға болады.

1. Антонов-Романовский В.В. Кинетика фотолюминесценции кристаллофосфоров. – М.: Наука. – 1966. – С.206.
2. Sonder E., Templeton L.C. Radiation defect production and annihilation in KCl near room temperature. // Phys. Rev. – 1967. – V. 164, N 3. – P. 1106-1113.
3. Бичевин В.В., Альсеитов Г., Кяэмбре Х. Возбуждение экзоэмиссии эксимерным лазером. // Изв. АН СССР, сер. физ. – 1991. - Т. 55, № 12. – С. 2441- 2444.
4. Itoh N. Interstitial and trapped hole centers in alkali halides. // Cryst. Latt. Def., – 1972. - V. 3, N. 2.– P. 142-143.
5. Лущик Ч.Б., Гиндина Р.И., Ыыги Х.Р.-В. и др. Распад электронных возбуждений на катионные френкелевские дефекты в щелочно-галлоидных кристаллах. // Труды ИФ АН ЭССР – 1975. – Т. 43. – С. 7- 62.
6. Mathews J.W., Mallard W.C., Sibley W.A. Effect of simulations optical bleaching and gamma radiation on the room temperature colorability of KCl. // Phys. Rev. -1966. – V. 146, N. 2. – P. 611-614.
7. Hartel H., Lüty F. Kinetics of formation F- aggregate centres in KCl. II. Association of F-centre with monovalent impurity cations. // Z. Phys. – 1964. - B. 177, N. 4. – S. 369-384.
8. Provost I., Debergh P., Hoebeck C. Formation of lattice defects by two-photon excitation in alkali halides. // Phys. St. Sol. (b). – 1982. – V. 113, N. 2.– P. 657-663.
9. Баймаханов А., Ыыги Х.Р.-В., Лучщик Ч.Б. Электронно-микроскопическое исследование дефектов, создаваемых в KCl и KBr при распаде электронных возбуждений // ФТТ. – 1986. – Т. 28, № 3. – С. 684-691.

**Аннотация.** Экспериментально установлено лазерная радиация не только создает центры окраски в щелочно-галлоидных кристаллах, но их разрушает в однофотонных переходах. Разрушение может быть обусловлено действием электронами проводимости, ионизацией F-центров или дестабилизацией межузельного галоида. Рассмотрены различные механизмы разрушения обесцвечивания центров окраски, установлено разрушение связано оптической делокализацией  $V_2$ -центров.

**Ключевые слова:** центры окраски, щелочно-галлоидные кристаллы, межузельный галоид, дестабилизация.

**Abstract.** It was established experimentally laser radiation not only creates color centers in alkali halide crystals, but destroys them in the one-photon transitions. Destruction may be due to the action of the conduction electrons, ionization F-centers or destabilization of interstitial halogen. Consideration of various mechanisms of destruction bleaching of color centers, established destruction associated optical delocalization  $V_2$ - centers.

**Keywords:** color centers, alkali halide crystals, interstitial haloid, destabilization.

УДК 539.17.01

Г.А. Баимбетова, А.А. Кабулов, А.Б. Кабулов

КОЛЛЕКТИВНЫЕ ВОЗБУЖДЕНИЯ  $^{48}\text{Cr}$ 

(г.Алматы, Казахский национальный педагогический университет имени Абая)

**Аннотация.** В рамках модели взаимодействующих бозонов анализируется коллективные возбуждения ядра  $^{48}\text{Cr}$ . Состояния со спинами  $0^+$ ,  $2^+$ ,  $4^+$ ,  $6^+$  описываются редукцией модели  $SU(6) \supset SU(5) \supset O(5) \supset O(3)$ . Состояния  $8^+$ ,  $10^+$ ,  $12^+$ ,  $14^+$ ,  $16^+$  анализируются на основе  $SU(6) \supset SU(3) \supset O(3)$  схемы. Определены описывающие эксперимент параметры кластерной бозонной модели. Вычисленные энергетический спектр и вероятности E2-переходов сравниваются с результатами эксперимента.

**Ключевые слова:** ядро, коллективные состояния, бозон, вибрация, ротация, гамильтониан, редукция, спин, квадрупольный переход.

Как известно, атомные ядра в области Ca-Ti при возбуждении проявляют как коллективные, так и кластерные свойства [1-4]. Необходимо изучить структуру возбуждений атомных ядер за  $^{44}\text{Ti}$ .  $^{48}\text{Cr}$  является следующим за  $^{44}\text{Ti}$  кандидатом на  $\alpha$ -кластерное ядро. В ряде работ [1,2,5,6] обсуждаются свойства ираст состояний в атомном ядре  $^{48}\text{Cr}$ . Эти возбуждения проявляют бекбендинг и усиление E2-переходов. Работы [1,2,5,6] выполнены в предположении кластерной и оболочечно- модельной структуры атомного ядра  $^{48}\text{Cr}$ . В данной работе изучается роль коллективных возбуждений в структуре ираст состояний данного ядра.

На рисунке 1 приведены энергии возбуждения атомного ядра  $^{48}\text{Cr}$  в зависимости от величины  $I(I+1)$ . Как видно из рисунка 1, энергии состояний при значениях спинов  $0^+$ ,  $2^+$ ,  $4^+$ ,  $6^+$  ложатся приблизительно на одну прямую, а при  $8^+$ ,  $10^+$ ,  $12^+$ ,  $14^+$ ,  $16^+$  на другую. Причем, наклоны этих прямых существенно различные. Энергии ираст состояний у атомного ядра  $^{48}\text{Cr}$  при значении спина  $8^+$  меняют форму зависимости роста. Это наводит на мысль, что характеры движения нуклонов в разных областях значений спинов различные. Мы полагаем, что при возбуждениях со значениями спинов  $0^+$ ,  $2^+$ ,  $4^+$ ,  $6^+$  имеет место вибрационное движение, а при  $8^+$ ,  $10^+$ ,  $12^+$ ,  $14^+$ ,  $16^+$  состояния принимают ротационный характер.

Вибрационное движение атомного ядра в модели взаимодействующих бозонов описывается редукцией  $SU(6) \supset SU(5) \supset O(5) \supset O(3)$ . Гамильтониан системы взаимодействующих бозонов в схеме  $SU(6) \supset SU(5) \supset O(5) \supset O(3)$  записывается

$$H = \varepsilon \sum d^+ d + \sum \frac{1}{2} (2L + 1)^{1/2} C_L [(d^+ d^+)^L d d^L]^0 \quad (1)$$

Собственные значения этого гамильтониана вычисляются теоретико-групповыми методами и они имеют вид

$$E(N, \nu, n_\Delta, I, M) = \varepsilon N + \alpha \frac{1}{2} N(N-1) + \beta (N-\nu)(N+\nu+3) + \gamma [I(I+1) - 6N], \quad (2)$$

где  $\alpha = (1/14)(6C_4 + 8C_2)$ ,  $\beta = (3/70)C_4(1/7)C_2 + (1/10)C_0$ ,

$$\gamma = (1/14)(C_4 - C_2).$$

В этой схеме состояния ираст полосы являются уровнями с максимальным сеньорити, их энергии определяются

$$E(N, N, 0, I = 2N, M) = \frac{1}{8}(4\varepsilon - 3C_4)I + \frac{1}{8}C_4 I(I+1) . \quad (3)$$

Приведенные вероятности внутри состояний основной полосы равны

$$B(E2; I+2 \rightarrow I) = \frac{(I+2)(2N-I)}{4N} B(E2; 2_1^+ \rightarrow 0^+) \quad (4)$$

## ФИЗИКА. ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ ФИЗИКА. МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ФИЗИКИ

Заметим, что в формуле (4) учитывается конечность числа бозонов  $N$ .




Рисунок 1 - Экспериментально установленные значения энергии возбуждения  $^{48}\text{Cr}$  в зависимости от  $I(I+1)$ , где  $I$  – спин состояния.

На рисунке 2 приведено сравнение экспериментального [5] и теоретического (в) энергетических атомного ядра  $^{48}\text{Cr}$ . Энергии возбуждения вычислены при значениях параметров теории  $\epsilon = 0,8\text{МэВ}$ ,  $C_4 = 0,4\text{МэВ}$ . Как видно из рисунка, соответствие между теорией и экспериментом при значениях спинов  $I = 0^+, 2^+, 4^+, 6^+, 8^+$  удовлетворительное. При спинах  $I \geq 10^+$  расхождение между расчетными и экспериментальными величинами увеличивается с ростом  $I$ .

В таблице 1 даны экспериментальные и вычисленные в вибрационном пределе приведенные вероятности  $E2$ -переходов для  $^{48}\text{Cr}$ . При расчете  $B(E2)$  параметр  $N$  приравнялся 4. Согласие между теоретическими величинами и данными эксперимента для указанных переходов в целом удовлетворительное, исключение составляет переход  $2 \rightarrow 0$ .

Перейдем к анализу второй группы состояний  $8^+, 10^+, 12^+, 14^+, 16^+$  атомного ядра  $^{48}\text{Cr}$ . Как видно из рисунка 1 эти уровни ложатся на другую прямую. Если продолжить прямую до пересечения с осью ординат, под нее подпадают возбуждения  $0^+(3,5\text{ МэВ})$  и  $4^+(4,4\text{ МэВ})$ . В совокупности эти состояния образуют единую группу, которую можно рассматривать как ротационную полосу, обусловленную коллективным движением ядра.

Таблица 1 – Теоретические  $SU(6) \supset SU(5) \supset O(5) \supset O(3)$  и экспериментальные значения  $B(E2)$   $e^2\text{фм}^4$

$I \rightarrow I-2$	$2 \rightarrow 0$	$4 \rightarrow 2$	$6 \rightarrow 4$	$8 \rightarrow 6$
$B(E2)_T$	220	330	330	275
$B(E2)_E$	$325 \pm 50$	$340 \pm 100$	$320 \pm 60$	$240 \pm 60$

Для анализа этих состояний используем ротационный предел модели взаимодействующих бозонов [7]. Модель определяется редукцией  $SU(6) \supset SU(3) \supset O(3)$ .  $SU(3)$  симметричный гамильтониан имеет вид

$$H = -k \sum (-)^M Q_M Q_{-M} + \beta \vec{I}^2, \quad (5)$$

собственные значения которого есть

$$E([N](\lambda, \mu), KIM) = -kC(\lambda, \mu) + k'I(I + 1) \quad (6)$$

где  $k' = \frac{3}{4}k - \beta$ .

Полное число бозонов N определяет возможные представления  $(\lambda, \mu)$ . Собственные значения оператора Казимира принимают значения

$$C(\lambda, \mu) = \lambda(\lambda+3) + \mu(\mu+3) + \lambda\mu. \quad (7)$$

В схеме Эллиота значения полного спина I определяются представлениями  $(\lambda, \mu)$  [8].

Приведенные вероятности E2-переходов внутри основной полосы записываются

$$B(E2; I + 2 \rightarrow I) = \alpha_2^2 \frac{3(I+2)(I+1)}{4(2I+3)(2I+5)} (2N - I)2N + I + 3$$

Австралия Одағының мұрағат ресурстарын сақтау міндеті Австралия мұрағатына жүктелген. Ол 1983 жылы Мұрағаттар туралы заңға сәйкес құрылған және 1998 жылдан Австралияның Ұлттық мұрағаты болып аталады. Мұрағаттар туралы заң құжаттардың жасалған уақытынан 30 жыл асқан соң азаматтарға мемлекеттік құжаттарға қол жеткізуіне мүмкіндік береді, яғни ақпарат еркіндігі туралы заңға сәйкес (Freedom of Information Act, 1982) – мемлекеттік органдар құжаттарын пайдалану еркіндігі мәселесі шешімін тапқан. Ақпараттың жекелеген жағдайлардағы жеке өміріне байланысты құпиялығына сәйкес (Privacy Act, 1988) - жеке бас құжаттарын мемлекеттік органдар қызметінде қолдану заңдылығын, сонымен қатар азаматтарға олармен танысуын қамтамасыз етеді.

Ұлттық мұрағат Австралиялық Одақ аумағындағы үкіметтік мекемелер құжаттарын басқаруда басшы қызмет атқара отырып, электрондық құжаттарды басқарудан және мұрағат ісінен маңызды нормативтік жобаларды басқа екі көшбасшылар – АҚШ-тың Ұлттық мұрағаты және Біріккен Ұлыбритания корольдігі мен Солтүстік Ирландияның Ұлттық банкінен бұрын шығара бастады. Мәселен, 1995 жылдың өзінде Австралияның мұрағаты «Электрондық құжаттарды басқару», ал 1997 жылы «Электронды пошта хабарламаларын құжат ретінде басқару» тәрізді кітаптарын басып шығарды [5].

Австралиялық концепция бойынша «электрондық құжатты басқару» (Records management) – бұл бизнес, мемлекет және қоғамның маңызды қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған пән және электрондық құжаттарды басқарудың ұйымдастырушылық функциясы болып табылады.

Электрондық құжаттармен жұмыс былай бөлінеді:

- құжаттардың континуумын басқару (құжаттардың континуумы (Records Continuum) – бұл құжаттардың пайда болу мерзімінен бастап (оданда ертерек – электрондық құжат жұмысын жобалау жүйесін жасау кезінде) сақтау және мұрағат ретінде қолдануға дейінгі құжаттармен сатылы және өзара байланысты жұмысты қамтитын графикалық және теоретикалық модель. Электрондық құжаттармен жұмыс істеу режимі (recordkeeping regime) деп белгілі салада электрондық құжат жасау және сақтаудың ережелері, яғни электрондық құжатпен жұмыс істеу жүйесін жобалаудан бастап құжаттың өмір сүруін тоқтатқанға дейін;

- мекемелер мен ондағы ұжымның қажеттіліктерін өтеу және мүдделерін қорғау мақсатында құжаттарды басқару және пайдалану саласында қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;

- мекемелер қызметінен ақпарат беретін, толық, нақты, шынайы және іске жарамды құжаттар жасау;

- құжаттарды құнды мүлік және ақпарат ретінде басқару;

- сапаны арттыру, құжаттарды басқаруда сондай-ақ, жалпы мекеме қызметінде ұтымды ұйымдастыруды құжаттармен жұмыс істеудің тәжірибелік жұмысын дұрыс жолға қою арқылы жүзеге асыру.

Электрондық құжаттарды басқарудың австралиялық моделінің мәні құжаттармен тиімді жұмыс істеудің бес негізгі функциясын қамтитын CADSS аббревиатурасында анықталған. Олар: бақылау (контроль Control), қол жетімділік (доступ Acces), орналастыру (Disposal), сақтау (Storage) және қолдау (поддержка Sustain). Қол жеткізу дегеніміз ақпарат беретін, ақпаратты анықтауға мүмкіндік беретін, қолдану және іске асыру функциясы болып табылады. Орналастыру – бұл құжаттарды сақтау мерзімі, жою

және орнын ауыстыру туралы шешім қабылдау. Қолдау электрондық құжатпен жұмыс істеудің жүйесін басқаруды білдіреді [5].

Ұлыбританияда ресми құжат «Мемлекеттік басқаруды модернизациялау» электронды жазбаларды (құжаттарды) басқаруда базалық элемент болып табылады. Үкімет 2004 жылға дейін барлық орталық үкіметтік мекемелер электрондық ортада жұмыс істеу талаптарына сәйкес келу үшін өздерінің ақпараттық қорларын электрондық түрде сақтауға және индекстеуге көшіруді мақсат етіп қойды. 2002 жылы Ұлыбританияның мемлекеттік мұрағаты электрондық құжаттарды басқару жүйелеріне қойылатын функционалдық талаптарды құрастырды. Электрондық құжатны басқару жүйесін құрушы Британиялық фирмалар олардың бағдарламалық өнімдері аталған талаптарға сәйкес бағалануына қызығушылық білдіріп, Ұлттық мұрағатта тестілеуден өтеді. Мұндай бағдарламалық өнімдерді тестілеуден өткізу АҚШ тәжірибесінде де бар [6].

Қорыта айтқанда, шетелдегі электрондық құжаттарды басқаруды автоматтандырудың салыстырмалы талдауы елімізде жүзеге асырылып жатқан электрондық құжаттармен жұмыстың мемлекеттің, қоғамның және бизнес пен жеке адамдардың түпкілікті қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталғанын көрсетеді. Еліміздегі мемлекеттік органдардағы электрондық құжат айналымындағы қағаз құжаттар мен электрондық құжаттардың, дәстүрлі қол қою мен электрондық цифрлық қолтаңбаның өзара үйлесімділігі шетел тәжірибесіне ұқсас екені белгілі болды. Сонымен бірге электрондық құжаттарды басқарудың шетелдік тәжірибесін болашақта жүйелі зерттеу және оның нәтижелерін Қазақстандағы ұйымдарда тиімді пайдалану қажеттігін көрсетті. Қазақстанның әлемдік қауымдыстықтың тұрақты мүшесі ретінде қарқынды дамуы ұйымдардың бірыңғай құжатталған ақпараттық кеңістігіне жаңа инновациялық жобаларды енгізуінен көрініп отыр. Әрі электрондық құжаттарды басқарудың халықаралық нормаларын қолдану отандық ұйымдар мен өндірушілердің сапа менеджментін басқару жүйесінде де табысты орын алып отыр.

1. Жакыпов М.Х. Об организации электронного документооборота в государственных органах Республики Казахстан // [http://www.aic.gov.kz/documents/002\\_jaki.doc](http://www.aic.gov.kz/documents/002_jaki.doc)
2. Копбосынова А.К. Состояние и проблемы развития электронного документооборота и электронных архивов в государственных органах Республики Казахстан // Матер. Респ. семинара-совещания «Электронный документооборот и электронные архивы» 26 сентября 2006 г. – Алматы, 2006. - С. 32-38.
3. Ларин М.В. Управление документацией в организациях. - М.: Научная книга, 2002. - 288 с.
4. Чернова С. Основные подходы к принципам учета, описания и долговременного хранения электронных документов (на опыте Центрального архива документов на электронных носителях г.Москвы) //Қазақстанда іс қағаздарын жүргізу – Делопроизводство в Казахстане. - 2007. - № 2. - С. 49-62.
5. Рысков О.И. Управление документацией Австралии //Отечественные архивы. – 2005. – № 2. – С.82-87.
6. Рысков, О. И. О деятельности Национального архива Великобритании в области управления электронными документами государственных учреждений/ О. И. Рысков // Секретарское дело. - 2004. - N 5. - С. 64-66

*Аннотация. В статье описываются бумажные и электронные виды документооборота. Из-за низкой эффективности традиционного документооборота, возникает необходимость оздания программного обеспечения - Система электронного документооборота.*

**ИНФОРМАТИКА. ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.  
БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ  
ИНФОРМАТИКА, МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ  
ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

*Анализируется опыт передовых стран, занимающихся проблемами создания и развития «электронного правительства»: США, Южная Корея, Великобритания, Франция, Австралия с целью применения в Республике Казахстан.*

**Ключевые слова:** электронный документ, система электронного документооборота, электронное правительство.

**Abstract.** *The article describes the types of paper and electronic workflow. Because of the poor results of traditional workflow there is a necessity to develop software system of electronic workflow. The experience of advanced countries are focusing on the creation and development of "electronic government": the United States, South Korea, United Kingdom, France, Australia analyzed in order to use in the practice of the Republic of Kazakhstan.*

**Keywords:** *electronic document, electronic document management system, e-government.*

УДК 376 – 056.26:004

**С.М. Кенесбаев, А.К. Оралбекова**

**ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ  
КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

(Алматы қ., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті)

**Аңдатпа.** *Бұл мақалада инклюзивті қоғам құру мәселері және мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қоғамдық ортаға толық кіріктіру мәселесі дүниежүзінде ерекше белсенділікпен қарастырылып және осы мәселелерді шешу жолдары іздестірілуде. Талқылаудың негізгі мәселесі осындай категориядағы адамдарға білім алу және еңбек ету мүмкіншілігін жоғарылату болып табылады. Қарастырылатын мәселе өзінің ауқымдылығымен ерекшеленеді. Өйткені БҰҰ –ның мәліметтері бойынша физикалық және психикалық ауытқуы бар адамдар саны дүниежүзі бойынша 450 миллионнан астам адамды құрайды екен. . Оның ішінде 200 миллионнан астамы мүмкіндігі шектеулі балалар. Мүмкіндігі шектеулі жандардың кәсіптік білім алу қолжетімділігіне әсіресе дүниедегі ең жақсы дамыған елдердің назарында екені мәлім, соның ішінде әсіресе қашықтықтан оқыту технологиясы арқылы.*

**Түйін сөздер:** *инклюзивті қоғам, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, жоғары білім беру.*

Қазіргі уақытта мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қоғамдық ортаға толық кіріктіру мәселесі дүниежүзінде ерекше белсенділікпен қарастырылып және осы мәселелерді шешу жолдары іздестірілуде. Ең алдымен талқылау объектісі болып – осындай категориядағы адамдарға еңбек іс-әрекетіне толықтай кіріктіру мен білім алуына жағдай жасау болып табылады.

2014 жылғы 17 қаңтар күнгі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауынан «...Бесіншіден, мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс – бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз. Бүкіл әлем осымен айналысады. Мүмкіндігі шектеулі адамдар тұрмыстық қызмет көрсету, тағам өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында жұмыс істей алады. Мен барлық кәсіпкерлерге оларды жұмысқа орналастыруға

көмектесіңіздер деп тағы да айтқым келеді. Сондай-ақ, 5-10 адамға арналған арнайы квотаны енгізу мүмкіндігін қарастыруға болады. Біз оларды белсенді өмірге тартамыз, олар тек жәрдемақы алып қана қоймайды, сонымен бірге, өздерін қоғамның мүшесі, пайдалы еңбеккер ретінде сезінетін болады. Біздің барлық әлеуметтік институттар, үкіметтік емес ұйымдар, «Нұр Отан» партиясы осы жұмысты қолға алғандары жөн. Егер қажет болған жағдайда Үкімет бұл мәселені барлық компаниялармен бірлесе пысықтап, тиісті шешім қабылдауы керек. Мүгедектігіне және асыраушысынан айрылуына байланысты әлеуметтік жәрдемақы көлемін Үкіметке 2015 жылғы 1 шілдеден бастап 25 пайызға арттыруды тапсырамын. Мүгедектер бірлестіктері қызметінің құқықтық базасын жетілдірген жөн...» деп мүмкіндігі шектеулі жандарға ерекше көңіл бөлу керек екендігін айтып кетті [1].

Осылай, қоғам, мемлекеттік қызметкерлер, және халықаралық ұйымдар инклюзивті білім беруді дамытудың маңыздылығын түсінуі мен қабылдауы арта түсті. Инклюзивті білім беру бұл мүмкіндігі шектеулі жандарға жалпы білім беретін мектептерде тұрғылықты мекен-жайына байланысты барлығымен бірдей білім алуға мүмкіндік береді.

Біздің еліміздегі білім беру саясатының өзегінде мәселелер – кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту мен жетілдіру, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның ролін арттыру және қазіргі заман техникасы мен технологиясын жоғары деңгейде қолдана білу.

«Білім туралы» заңында барлық бала жалпы орта біліммен қамтылуы жазылса да, өкінішке орай мүмкіндігі шектеулі жандарды оқыту өзекті мәселе болып отыр. Мүмкіндіктері шектеулі жандарға білім мен тәрбие берудегі ғылымның нәтижеге қол жеткізудің бірі жаңа технологияны игеріп, компьютерді пайдалану. Компьютерді пайдалануда дидактикалық мүмкіндіктерді, танымдық процестерді ескеруге болады; логикалық ойлау жүйесін қалыптастыру, ақыл-ой белсенділігі мен білім алуға деген қызығушылығын, шығармашылық еңбек етуіне жағдай жасау. Өйткені құлақпен естігеннен гөрі-көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну әрине ерекше әсер етеді.

Мемлекетіміздің әрбір азаматы – ұлттық құндылық, әрбір баласы – еліміздің ертеңі екенін ескерсек, әрбір мүмкіндігі шектеулі жандардың сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау міндетіміз болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі бір азаматтың болса да білім сапасының жоғарылауы, ұлтымыздың саналы келешегіне қазіргі уақыттан бастап жинақталынып жатқан қор деп түсінуіміз қажет.

Инклюзивтік білім беру сонымен қатар ЮНЕСКО жұмысының «Барлығы үшін білім» атты ажыратылмайтын бөлігі болып табылады.

Бұл бағдарлама БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясында 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілген болатын. Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90-шы жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы ресми дерек Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілді. Инклюзивті білім жүйесін дамыту: 2015 жылға қарай мүмкіндігі шектеулі жандарды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі жандарды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді, түрлі кемістігі бар жандар үшін бірігу нысандары анықталады; 2020 жылға қарай мектептерде мүгедек жандар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, тұтқалармен арнайы парталар, арнайы үстелдер және басқа да компенсаторлық

**ИНФОРМАТИКА. ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.  
БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ  
ИНФОРМАТИКА, МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ  
ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

құралдармен қамтамасыздандыру арқылы «кедергісіз аймақтар» құрылады делінген. Сондай-ақ аталмыш бағдарламада мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып- тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалмақ. Бүгінгі таңда үйден оқып білім алатын мүмкіндігі шектеулі жандардың көбісі компьютерлік техникамен қамтамасыз етіліп отыр.

Бұл мәселе өзінің ауқымдылығымен ерекшеленеді. Өйткені БҰҰ –ның мәліметтері бойынша физикалық және психикалық ауытқуы бар адамдар саны дүниежүзі бойынша 40 миллионнан астам адамды құрайды екен. Оның ішінде 200 миллионнан астамы мүмкіндігі шектеулі балалар. Қазақстан Республикасы бойынша мүмкіндігі шектеулі балалардың 150 мыңы – 4 мың тумысынан, 3-6 жас аралығында – 33 мың бала, 7-18 жас аралығында – 113 мың бала [2].

Мүмкіндігі шектеулі жандардың кәсіптік білім алу қолжетімділігіне әсіресе дүниедегі ең жақсы дамыған елдердің назарында екені мәлім, соның ішінде әсіресе қашықтықтан оқыту технологиясы арқылы. Финляндия, Норвегия, және Голландия елдерінде 70% мүмкіндігі шектеулі азаматтардың компьютердік технологиялар арқылы кәсіби және өміріне қажетті дағдыларды игерді. Көбінесе мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қосымша компьютерлік технологияларды пайдаланып оқытатын жобалардың маңызы зор. Қашықтықтан оқыту – бұл әртүрлі техникалық құралдарды және жаңа ақпараттық телекоммуникациялық технологияларды, сонымен қатар дәстүрлі универсалды оқыту формасы болып табылады. Сонымен қатар мұндай оқытудың ерекшелігі бұл студенттің орналасу кеңістігіне және уақыттың икемділігіне тәуелді емес екендігіне көз жеткіземіз [3].

Компьютерлік технологияларды пайдалану арқылы мүмкіндігі шектеулі жандарды оқытудың ең тиімді және оңтайлы жолдарын қарастырсақ. Біріншіден, тірек – қимыл аппаратында ақауы бар азаматтардың білім алу қолжетімділігінің артуы, өйткені компьютер арқылы қашықтықтан қарым-қатынас орнатылып, оларға сыртқы және күндізгі білім формасын жүзеге асыруының тиімділігі болып табылады. Сонымен қатар қашықтықтан оқыту технологиясы оқыту курсының электрондық форматында жасалынып, оқытушының кеңейтілген түсініктемесімен, интерактивті және мультимедиялық материалдарымен қосымша толықтырылады. Анимация, флэш-презентация, аудио, видео – осының барлығы оқу курсы менгеру үшін тиімді, жеңіл әрі көрнекі екені анық. Екіншіден, мүмкіндігі шектеулі азаматтармен жұмыс жасайтын жоғары санатты оқытушылардың бар болуы, (кей жағдайда арнайы оқытудан өткен мүмкіндігі шектеулі азаматтардың өздері). Үшіншіден, 5 адамнан 20 адамға дейінгі адамдардан құрылған шағын топтарға сабақ өту. Төртіншіден қоғамға қажет еңбек нарығындағы сұранысы жоғары білім, білік дағдыларды игеретін мамандарды дайындау. Мысалы: бухгалтерлік, дизайнерлік, менеджмент, шет тілдерді меңгеру, тігінші, модельер т.б. Мүмкіндігі шектеулі түлектер компьютер қолданушысы, оператор, администратор желісі, веб-дизайнер, телефон кеңесшісі, секретарь-референт, бухгалтер, художник-мультипликатор, аудармашы коммерциялық емес ұйымдарда администратор т.б. және тағы да басқа тәуелсіз өмір сүруге қажет мамандандырылған дағдыларды игеруге үлкен мүмкіншілік алады.

Білім беру жүйесі білім алушыны білім нәрімен қаруландырып қана қоймай, үздіксіз өздігінен білім алуға дағдыландыруы қажет. Нәтижесінде білім беру әртүрлі оқыту қызметтерін ұсынуы керек. Білім беру саласындағы алдыңғы қатарлы отандық мамандардың пікірлері бойынша білім беру жүйесінің дамуын қалыптастыруға:

- жаңа ақпараттық технологияларды қолданып, білім беру сапасын жоғарлату;
- постиндустриялы өркениеттің жағдайларына негізделген білім беру жүйесін толығымен қамтамасыз ету;

• ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолданып, қашықтықтан және өзін-өзі оқыту мүмкіндіктеріне қолжетімді білім беруді қамтамасыз ету;

• білім беруде креативті бастамаларды көтеру сияқты бірқатар негізгі бағыттарды жатқызуға болады.

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайда білім беру жүйесінің алдында әрі сапалы, әрі қол жетімді біліммен қамтамасыз ету көзделген. Білім беру нарығын зерттей келе дәстүрлі емес білім беру жүйесін қажет ететін бірден-бір әлеуметтік топқа-мүмкіндігі шектеулі жандар жатады [4].

Желілік технологиялардың дамуы сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі адамдардың экономикалық белсенді өмір сүруіне тиімді жол ашады. Қазіргі уақытта өндірістік қызмет виртуалдық кеңістікті жаулап алып жатқаны белгілі. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей жұмыс беруші немесе жұмыс жасаушының кеңістік ортасы және оның қашықтығы, орналасу жері онша маңызды рөл атқармайды. Ешкімді таң қалдырмайды егер де Индиядағы маман швейцариядағы банкті басқаруы немесе жер шарының түкпір-түкпірінен халықаралық компаниялармен зерттеу топтарының жұмыс жасауы т.с.с. Интернет заманында желі арқылы көптеген жетістіктерге жету мүмкіншілігі артып отыр. Осындай жағдайларда мүмкіндігі шектеулі адамдардың білім алуы өзіндік таным потенциалын ерекше толық және ауқымды пайдалануына мүмкіншілік бар.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың жаңа инновациялық педагогикалық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты білгір маман болу мүмкін емес. Жаңа педагогикалық технологияны меңгеру оқытушының зейін-зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген ұстаздық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Қандай сабақтың болмасын қызықты өтуі оқытушының үнемі іздену, ұтымды әдіс – тәсілдерді қолдану, оқыту әдістемесін жаңартып отыруына байланысты. Сонымен бірге білім беруді ақпараттандыру жағдайында болашақ педагог мамандардың ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін және ақпараттық құзырлығы сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Ал, қазіргі таңда жоғарыдағы аталған мәселе қалай жүзеге асырылып жатыр деген сауал туындайды. Әсіресе, мемлекеттік тілде осы бағыттағы мәселелер әлі де жеткілікті деңгейде емес [4].

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту оқытушылардың басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір студенттің қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған инновациялық педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет.

Жалпы алғанда компьютерлік технологиялар, білім беру процесінде мұғалімді толық алмастыра алмайтындығы ақиқат. Бірақ түрлі жағдайларда білім алуға деген қолжетімділігі шектеулі білім алушылар үшін, компьютерлік технологиялар көмегімен(қашықтықтан оқыту технологиялары арқылы) қосымша білім беру тиімділігі зор екендігі жоғарыда келтірілген жолдармен айқындалады.

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050:

Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауы, 17 қаңтар 2014ж.

2. Национальный отчет по развитию образования Республики Казахстан 2008 год



**ИНФОРМАТИКА. ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.  
БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ  
ИНФОРМАТИКА, МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ  
ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

3. Исследование международного опыта в обучении инвалидов с использованием компьютерных технологий, 2005//Проблемы системы образования инвалидов // ru.ictp.uz/downloads/dis\_review.doc.
4. Программа опытно-экспериментальной работы развитие системы дистанционного обучения детей с ограниченными возможностями здоровья на муниципальном уровне, г. Муром, 2011

***Аннотация.** В этой статье рассматриваются проблемы инклюзивного общества, и интенсивно обсуждается проблема возможности максимально полного вовлечения в общественную жизнь людей с ограниченными возможностями и ищутся пути ее решения. Главным предметом обсуждения является предоставление таким людям условий для получения образования и участия в трудовой деятельности. Рассматриваемая проблема усложняется масштабностью. По данным ООН в мире насчитывается примерно 450 миллионов людей с нарушениями психического и физического развития. Среди них около 200 млн. детей с ограниченными возможностями. В развитых странах мира уделяется большое внимание проблеме обеспечения доступа инвалидов к профессиональному образованию, в том числе, посредством дистанционных технологий.*

***Ключевые слова:** инклюзивное общество, информационные и коммуникационные технологии, высшее образование.*

***Abstract.** This article discusses the problems of an inclusive society, and extensively discussed the problem of the fullest possible social inclusion of people with disabilities and are looking for ways to solve it. The main subject of discussion is to provide such people the conditions for education and labor force participation.*

*The considered problem is complicated by the scale. According to the UN in the world there are approximately 450 million people with mental and physical disabilities. Among them, about 200 million. Children with disabilities.*

*In the developed world pays great attention to the problem of providing access for disabled persons to vocational education, including through distance technologies.*

***Keywords:** inclusive society, information and communication technologies, higher education.*

ӘОЖ 371:002

**Н.С. Кольева, С.С. Жекеева**

**ВИРТУАЛДЫ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ  
АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

(Петропавл қ., М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті)

***Аңдатпа.** Ұсынылып отырған мақала ақпараттық қоғамда оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін дамытудың өзекті проблемаларына негізделген. Зерттеліп отырған феноменға деген қолданыстағы тәсілдемелер қарастырылып және осыған байланысты мақала авторлары тұжырымдаманың негізгі түсінігінің анықтамасын айтып көрсеткен. Тұжырымдамаға мектептегі білім беруді толықтыратын виртуалды білім беру кеңістігі негіз етіп алынған. Жеке тұлғаның дамуына жасалатын жағдай мен құралы ретінде виртуалды білім беру кеңістігін ұйымдастыру үшін жүйелік-әрекеттестік және құзыреттілік ыңғай ашылып айтылған.*

***Түйін сөздер:** ақпараттық құзыреттілік, виртуалды білім беру кеңістігі, мектеп оқушыларының Виртуалды академиясы, жүйелік-әрекеттестік ыңғай, құзыреттілік ыңғай.*

*Кіріспе.* Білім беру жүйесі өсіп келе жатқан жас буынды шамадан тыс ақпаратпен жүктелген өмірге дайындау қажеттігін ескеріп, оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін дамыту проблемасын өзекті етеді.

*Мәліметтер мен тәсілдер.* Бұл проблеманы шешуде бірнеше факторлар кедергі болып отыр, олар яғни ақпараттық құзыреттілік ұғымына бір мағыналы түсініктеме берілмеуі, мысалы:

– қажетті ақпаратты өздігінен іздеп, талдап және сұрыптай білу, оларды ақпараттық технологиялардың және нақты объектілердің көмегімен ұйымдастырып, өзгертіп, сақтап және тарату [1], [2];

– жаңа сауаттылық, оның құрамына адамның ақпаратты өздігінен белсенді өңдей білуі, тосын жағдайларда технологиялық құралдарды қолдана отырып түбегейлі жаңа шешімдерді қабылдауы жатады [3];

– жеке тұлғаның ақпаратты өздігінен іздеп, таңдап, талдап, ұйымдастырып, ұсынып, тарата білуі [4];

– жеке тұлғаның интегративтік қасиеті – ақпараттық және ақпараттық-коммуникациялық технология саласында субъектінің білімді, іскерлікті және дағдыны жүйелендіріп оқыту және оны қолдана білу тәжірибесі, сонымен қатар ауыспалы кезеңде немесе тосын жағдайларда жаңа технологиялық құралдарды қолдана отырып өзінің білімін, іскерлігін дамытып, жетілдіру қабілеті және жаңа шешімдерді қабылдай білуі [5], [6];

– жеке-психикалық күйі, ақпарат қор көздері туралы теориялық білімі мен әртүрлі формада берілген ақпаратпен жұмыс істей білу қабілетін біріктірген, сонымен қатар жаңа ақпараттық технологияларды өз бетімен қолдану мүмкіндігі [7];

– иновациялық технологиялар саласында және белгілі бір жеке қасиеттер жиынымен теориялық білімі мен тәжірибелік іскерлігінің интеграциялануы негізінде күрделі жеке-психологиялық оқыту [8], [9];

– ақпаратпен жұмыс істеудің басты дағдыларын меңгеруден тұратын кәсіби маңызды қасиеттері [10], [11];

– адамның ақпараттық әрекетінің ғаламның даму бағытымен бірге мекеменің ақпараттық инфрақұрылымының шапшаң өзгеру жағдайында қызметте жоғары нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін субъектінің жеке қасиеттерінің жиынтығы [12].

Ақпараттық құзыреттілік ұғымының мазмұны мен көлемінің кеңеюімен: *пәндік іскерліктен қабілеттілікке, жеке тұлғаның қасиеттерінен (қасиетінен) оның жағдайына, жеке тұлға құрылымының тәрбиесіне (ұйымдастыруға), пәндік қызметтен кәсіптікке* – ақпараттық қоғамның күрделіленіп келе жатқан талаптарына педагогикалық ғылым аппаратының жедел ықпал етуін көрсетеді.

Мұндағы қарама-қайшылық, оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін дамытудың қолданыстағы тәсілі ақпараттық қоғамның шапшаң өзгеру жағдайына бәсең жауап береді, оқыту нәтижесін ақпаратпен жұмыс жасау іскерлігіне дейін тарылтады. Іздеп отырған құзыреттілікті анықтайтын қазақстандық мектеп бітірушінің қажетті ақпараттық-технологиялық негізгі құзыреттілігі «бағдарлай білу, өздігінен іздеу, талдау, сұрыптай білу, қайта өңдеп, сақтау, өзінше түсіндіре білу және нақты техникалық нысандар мен ақпараттық технологиялар көмегімен ақпарат пен білімді көшіре білуді» бағамдайды [13, б. 149].

Сонымен қатар Қазақстан Республикасында 2012-2016 ж. мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша қабылданған Ұлттық жұмыс жасау жоспары [14] ақпараттық құзыреттілікті білімді, іскерлікті, оқуда және оқудан тыс іс-

**ИНФОРМАТИКА. ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.  
БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ  
ИНФОРМАТИКА, МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ  
ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

шараларды жасау қабілетін қолданбалы-шығармашылық жағдайда қолдануын өзекті етеді.

Сондықтан, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда біздің ұсынып отырған концепцияның әдістемелік негізі ретінде басты ұғымдарды анықтау болып табылады. *Ақпараттық құзыреттілік* – ақпараттық-коммуникациялық іс-әрекет тәжірибесінің қалыптасуына мүмкіндік беретін, ақпараттарды пәндік-өзіндік білімнің ерекше түріне саралау, меңгеру, өңдеу, түрлендіру және іріктеу үрдістерінің нәтижесінің көрінісі болып табылатын жеке тұлғаның интегративтік қасиеті; оқу үрдісінде бұл тәжірибені жүйелі түрде өзекті ету оқушылардың заманауи ақпараттық қоғамда жеке тұлға ретінде өздігінен білім алу, өзін-өзі кемелдендіру, өздігінен іске асыру мақсатымен ақпаратты білімге түрлендіруге дайындығын және қаблеттілігін уәждейді.

*Зерттеу нәтижесі.* Зерттеу нәтижесі дәлелдеп отырғандай оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін дамыту мүмкіндігін кеңейту ортасы ретінде виртуалды *білім беру кеңістігін* қарастыруға болады. Біздің анықтауымыз бойынша ол ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдарының өзара байланысын көрсететін педагогикалық шынайылық, білім беру үрдісінде барлық қатысушылардың интерактивті әрекеттесуі арқылы тиімді оқытуды қамтамасыз ететін, оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін тиімді дамыту үшін арнайы ұйымдастыруда жағдай жасалған, сонымен қатар олардың өздігінен білім алып және өздігінен іске асыру мүмкіндігінің бар болуы.

Виртуалды білім берудің негізгі құрамдас бөлігі – ақпараттық қор. Бүгінгі таңда мазмұндық нышаны бойынша да, ақпаратты тасушы түрлері бойынша да ол көпжақты (кітаптар, компакт-дискілер, электронды басылымдар, мультимедия және т.б.). Осыған байланысты виртуалды кеңістіктің білімдік әлеуеті кеңейді. Демек, бұл кеңістіктің ақпаратты жеке білімге және әрі қарай оқушылардың жеке тәжірибесіне түрлендіруге көмектесетін когнитивтік қызметі туралы да айтуға болады.

Виртуалды білім беру жағдайында оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін дамытуда оқу үрдісін ақпараттандыру ойын ықпалдандыратын, сонымен қатар әрі қарай жұмыс жасағанда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану үрдісінің моделін жасайтын педагогикалық ақпараттық технологияларды қолдану қажеттігін ерекше атап өту керек. Педагогикалық қызметте жаңа ақпараттық технологияларды қолдана білу – бұл тек қоғамдық құндылық қана емес, үлкен уәждік ықпалдандырушы мәні бар жеке тұлға үшін маңызды интеллектуальды құндылық.

1-суретте мектеп оқушыларының Виртуалды академиясына бағытталған виртуалды білім беру кеңістігінің құрылымы көрсетілген (М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіндегі).

1. Мәнді-мақсатты топтама үйрету мен оқыту мақсаттарына қол жеткізуде маңызды білім берудің мәні мен мақсаттарының жиынтығын қамтиды.

2. Программалық-әдістемелік топтама ақпараттық құзыреттілікті дамыту түрлері және бағдарламалары, стратегиялары туралы қажетті барлық ақпараттарды қамтиды.

3. Ақпараттық топтама оқушылардың ақпараттық қызметінің негізін құрайтын білімін, іскерлігін, қабілетін анықтайды.

4. Қатынастық топтамада педагогикалық үрдістің қатысушылары арасындағы өзара әрекеттесу түрлері енгізілген.

5. Техникалықта виртуалды кеңістікте қолданылатын оқыту құралдары енгізілген (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, оның ішінде жергілікті және ғаламдық желілер).

Виртуалды кеңістіктің әрбір топтамасы, оның ішінде оқушылар белгілі бір типті іс-әрекетті жүзеге асыратын кішігірім орта болып табылады. Мысалы, оқушылар ақпараттық топтамамен өзара әрекеттескенде өздерінің өздік жұмыстарын жоспарлайды,

оқытудың жеке бағытын таңдайды. Оқушылар программалық-әдістемелік және технологиялық топтамалармен өзара әрекеттескенде өздігінен жаңа білімдерін, іскерлік пен дағдыларын, сонымен қатар өздерінің білімдерін тереңдете алады. Оқушылар құзыреттілігін дамытуға арналған электронды оқу-әдістемелік материалдарды қолдана алады, кітапханалардың электронды каталогтарына, деректер қорына және электрондық оқулықтарға қол жеткізе алады.



1-сурет. Виртуалды білім беру кеңістігінің құрылымы

Ақпараттық құзыреттілікті дамыту мақсатындағы виртуалды білім беруді өзінің жеке тақырыптық-әдістемелік тәсілдемелері бар күрделі және көп қырлы үрдіс ретінде қарастыруға болады.

Н.О. Яковлеваның әділ ескертуі бойынша, әрбір тәсілдеме тек зерттеліп отырған аспекті танымында табысты және дәл оқиғаны зерттегенде жеткіліксіз болып саналады, себебі «тәсілдер жиынтығын қолдана отырып кешенді зерттеген жағдайда ғана объективті көзқарасты алуға болады» [15, с.61].

Біз жүйелік-қызметтік және құзыреттілік көзқарастардың үйлестігін ұсынамыз.

*Жүйелік-қызметтік көзқарас* объектіні педагогикалық жүйенің мазмұндық сипаттамаларының табиғаты іс-әрекеттік болатындай етіп зерттеуді ұйғарады.

Виртуалды білім беру жағдайында оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін дамыту үрдісінің мазмұны ретінде арнайы ұйымдастырылған қызметті қарастыруға болады. Зерттеліп отырған үрдіс жоғары деңгейлі ақпараттық құзыреттілікке қол жеткізуге бағытталған әр-түрлі іс-әрекеттердің үзіліссіз алмасуы болып табылады.

Виртуалды білім беру кеңістігі жағдайында жүйелік-қызметтік тәсілдемені іске асыру нәтижесінде анықталады:

1. Жүйелік-қызметтік тәсілдеме теориялық-әдістемелік негіз ретінде қарастырылады, келесі элементтер тобын айқындауға көмектеседі: мақсаттар, міндеттер, мазмұны, түрлері, құралдар, әдістер, кезеңдер – виртуалды білім беру үрдісінде және осы үрдістің құрылымының сыртқы объектілермен (ортамен) өзара әрекеттесуін қарастырады, бұл өз алдына зерттеліп отырған проблеманы кешенді меңгеруді қамтамасыз етеді.

2. Оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін дамыту виртуалды білім беру жүйесінің ішкі жүйесі болып табылады, бұл жалпы дидактикалық қағидаларды ескере отырып оны жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

**ИНФОРМАТИКА. ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.  
БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ  
ИНФОРМАТИКА, МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ  
ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

3. Жүйелік-қызметтік тәсілдеме оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін дамыту үрдісін педагогикалық тұрғыдан басқаруды тиімді түрде ұйымдастыруға көмектеседі.

4. Жүйелік-қызметтік тәсілдеме педагог пен оқушының виртуалды кеңістікте іс-әрекетінің сипатын анықтайды, бұл жеке тұлға қасиеттерін көрсетуге жағдай жасайды.

5. Зерттеліп отырған қасиетті дамыту ақпараттық құзыреттіліктің жеткілікті деңгейіне қол жеткізуге бағытталған әр-түрлі іс-әрекеттер түрлерінің үзіліссіз алмасуы болып табылады.

Виртуалды білім беруді жүзеге асыруда оқыту механизімі туралы заманауи білімдер жиынтығына, оқушылардың іс-әрекеттерінің мақсаттары мен уәждеріне сүйенетін *құзыреттілік ыңғайы* үстем болуы керек.

Құзыреттілік ыңғай жеке тұлғаның оқу-тәрбиелік үрдісте қол жеткізетін қасиеттері мен ерекшеліктерінің жиынтығын көрсететін ақпараттық құзыреттіліктің мазмұны мен құрылымының сипаттамасын қамтамасыз етеді.

Құзыреттілік ыңғайда виртуалды білім берудің басты мақсаты аз уақыт аралығында педагогикалық басқарудың өздігінен жұмыс жасау, ынта мен белсенділікті үйлестіру арқылы оқушыларды ақпараттық құзыреттіліктің жоғары деңгейге жеткізу болып саналады.

Зерттеулер нәтижесінен байқағандай Мектеп оқушыларының виртуалды академиясында оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін дамыту тиімділігі келесі шарттардың бар болуымен қамтамасыз етіледі:

– виртуалды білім беру мүмкіндіктерін іске асыруда оқушылардың уәждік дайындығын дамыту;

– жүйелік-қызметтік және құзыреттілік тәсілдемелер негізінде виртуалды білім беру мүмкіндіктерін іске асыру;

– виртуалды білім беру мүмкіндіктерін іске асыру үшін білімдік модельдерді, әдістерді, мысалдарды бағыттау;

– ақпараттық құзыреттілікті дамытуда виртуалды білім беру мүмкіндіктерін іске асыру үрдісін рефлексивті басқаруды қамтамасыз ету.

*Қорытынды.* Біз оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін дамыту проблемасын шешуді мектептегі дәстүрлі білім беруді толықтыратын виртуалды білім берумен байланыстырамыз.

Виртуалды білім беру кеңістігі жеке тұлғаны дамыту үшін жасалатын жағдай ғана емес, құрал ретінде де қарастырылады. Ол адамның жиһанға әлеуметтік-мәдени түрде бейімделуінің мән-мәтінінде адамдар арасындағы қарым-қатынастар жиынын дамытатын нақты әлеуметтік қауымдастық ретінде де қолданылады. Виртуалды кеңістік педагогикалық ұжыммен қалыптасады, сыртқы орта факторларымен, мемлекет қолдау жасайды.

Оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін дамытудағы виртуалды білім берудің мүмкіндіктерінің дидактикалық әлеуеті жеке тұлғаға бағытталған білімдік парадигмамен; интерактивтілікпен; оқу уәжінің жоғары деңгейімен; оқытудың іс-әрекеттік түрінің басымдылығымен, оқытудың жеке тәсілі мен траекториясымен; шығармашылық дағды мен ізденушілік белсенділікті дамытуға бағытталған; жағымды сезім аясында; үзіліссіз өздігінен білім алу мен өздігінен жұмыс жасаумен анықталады.

1. Хуторской А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования // Народное образование 2003. №2. 58-64.
2. Хуторской А.В. Ключевые компетенции. Технология конструирования // Народное образование 2003. №5. 55-61.

3. Семенов А.Л. Роль информационных технологий в общем среднем образовании М.: Изд-во МИПКРО, 2000. 12 с.
4. Смолянинова О.Г. Развитие методической системы формирования информационной и коммуникативной компетентности будущего учителя на основе мультимедиа-технологии: дис. ... д-ра пед. наук. Санкт-Петербург, 2002. 504 с.
5. Лебедева Т.Н. Формирование информационной компетентности учащихся посредством изучения рекурсивных алгоритмов и функций // Образование технологии 2009. №3. С.7-12.
6. Рапацевич Е.С. Педагогика: Большая современная энциклопедия. Мн.: Соврем. слово, 2005. 720 с.
7. Гоферберг А.В. Формирование информационной компетентности студентов факультета технологии и предпринимательства: дис. ... канд. пед. наук. Ишим, 2006. 150 с.
8. Зайцева О.Б. Формирование информационной компетентности будущих учителей средствами инновационных технологий: дис. ... канд. пед. наук. Армавир, 2002. 169 с.
9. Щадриков В.Д. Психология деятельности и способности человека. М.: Логос, 1996. 320 с.
10. Дзугкоева М.Г. Психические новообразования студенческого возраста: дис. ... канд. психологических наук. Москва, 1999. 157 с.
11. Лебедева М.Б. Что такое ИКТ-компетентность студентов педагогического университета и как ее формировать // Информатика и образование. 2004. № 3. 96-100.
12. Таирова Н.Ю. Развитие информационно-исследовательской компетентности преподавателя педагогического университета: автореф. дис. ... канд. пед. наук. Калининград, 2001. 19 с.
13. Образование и наука. Энциклопедический словарь. Алматы. 2008. 448с.
14. Выступление Министра образования и науки РК Б.Т.Жумагулова на заседании Правительства РК «О ходе исполнения Национального плана действий по развитию функциональной грамотности школьников на 2012-2016 годы», г. Астана, 11 сентября 2012 года. – URL: [www.edu.gov.kz/ru/press\\_sluzhba/vyctuplenija\\_ministra/](http://www.edu.gov.kz/ru/press_sluzhba/vyctuplenija_ministra/) (дата обращения 3.12.12)
15. Яковлева Н.О. Концепция педагогического проектирования: методологические аспекты. М.: Информационно-издательский центр АТ и СО, 2002. 194 с.

**Аннотация.** В предлагаемой статье обоснована актуальность проблемы развития информационной компетенции учащихся в информационном обществе. Обозначены существующие подходы к исследуемому феномену и на этом фоне выделено предлагаемое авторами статьи определение базового понятия концепции. В основу концепции положено виртуальное образовательное пространство, дополняющее имеющееся школьное образование. Раскрыты системно-деятельностный и компетентностный подходы к организации виртуального образовательного пространства как условия и средства развития личности.

**Ключевые слова:** информационная компетенция, виртуальное образовательное пространство, Виртуальная академия школьников, системно-деятельностный подход, компетентностный подход.

**Abstract.** This article justifies the urgency of the issue, concerning development of informational competence of those, studying in information-oriented society, mentions existing approaches to the studied phenomenon and in this regard defines the fundamental notion of the concept, developed by the authors. Virtual educational space, completing the existing school concept, developed by the authors. Virtual educational space, completing the existing school education is taken as a basis. The article discloses system-action and competence approaches to the arrangement of virtual educational space as a means and condition of personality development.

**Keywords:** informational competence, virtual educational space, Virtual Academy of Schoolchildren, system-action approach, competence approach.

УДК 004.9

С.А. Нугманова, Т.Ж. Мазаков, Г.С. Байрбекова\*

## О ТЕНДЕНЦИИ И РАЗВИТИИ СОВРЕМЕННЫХ БИОМЕТРИЧЕСКИХ ТЕХНОЛОГИЙ

(г. Алматы. Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
\*-докторант PhD КазНУ имени аль-Фараби)

***Аннотация.** В работе рассматриваются проблемы аутентификации пользователя при использовании биометрических данных человека. Проведен анализ возможностей преодоления системы защиты, основанной на использовании методов биометрической аутентификации. Выполнен обзор литературы посвященной данной проблеме. Выявлена тенденции развития современных биометрических технологий и их применение в информационной безопасности.*

*В заключении делается вывод что идентификация, основанная на использовании множества физических или поведенческих характеристик человека, является одним из перспективных направлений развития биометрических технологий. Качество систем на основе биометрической идентификации полностью зависит от способа идентификации и особенностей конкретных реализаций алгоритмов идентификации.*

***Ключевые слова:** биометрия, биометрические данные, аутентификация, система защиты.*

Проблема защиты информации и информационной безопасности является одним из важнейших аспектов развития современного общества. В настоящее время решение этой проблемы в области разработки и эксплуатации информационных систем различного назначения (военных, технических, экономических, медицинских, социальных и др.) связано с разработкой всевозможных требований к обеспечению их безопасности и созданием программно-аппаратных средств от несанкционированного доступа. Автоматическая персональная идентификация приобретает все большее значение в различных сферах современного информационного общества, в частности, применительно к задачам электронных банковских транзакций, электронной коммерции, безопасности и охраны помещений, защиты компьютерной информации и т.д. На сегодня одним из самых перспективных направлений в системах контроля доступа становится использование биометрических данных человека. Такой способ аутентификации очень удобен. Однако биометрия находится в самом начале длинного пути, и существует ряд проблем, связанных с относительной новизной данной технологии.

Разработками методов и средств защиты информации заняты многие российские и зарубежные организации. Теоретическому исследованию рассматриваемых проблем посвящены работы [1-6]. Известны многие практические разработки. В частности, комплекс DeviceLock осуществляет контроль и протоколирование доступа пользователей к периферийным устройствам, портам ввода-вывода и сетевым протоколам [7]. Российский комплекс «Секрет» исключает возможность работы с USB-флешкой на нежелательных компьютерах [8].

На данный момент в биометрических системах для аутентификации пользователя успешно используются следующие биометрические характеристики: радужная оболочка глаза, отпечаток пальца, отпечаток ладони, сосудистые рисунки, геометрия лица, отпечаток голоса, подпись, сравнение ДНК.

В качестве аутентификационной информации в данном случае берутся во внимание оригинальные и неотъемлемые характеристики человека. Методы аутентификации, основанные на измерении биометрических параметров человека, обеспечивают 100 % идентификацию, решая проблемы утраты паролей и личных идентификаторов.

Наиболее часто используются следующие из них:

1. Отпечатки пальцев. Известно, что они уникальны для каждого человека, причем не меняются на протяжении жизни. Для сканирования отпечатков пальцев применяется самое дешевое оборудование (по сравнению с другими методами биометрической аутентификации), кроме того, данный метод привычен для пользователей и не вызывает каких-либо опасений. Однако считается, что недорогие сканеры отпечатков пальцев можно обмануть специально изготовленным искусственным пальцем.
2. Рисунок радужной оболочки глаза. Это на сегодня наиболее точный метод биометрической аутентификации. Но многие пользователи боятся процесса сканирования радужной оболочки, да и оборудование для сканирования является дорогостоящим. К тому же данный способ вызывает нарекания со стороны правозащитников. Они говорят, что глаз человека несет много информации о состоянии его здоровья, о злоупотреблении спиртными напитками, наркотиками и т.д. Есть опасения, что эту информацию о пользователях (побочную для процесса аутентификации) настроенная соответствующим образом система может сохранять, после чего возможно ее использование им во вред.
3. Черты лица. Данная технология распознавания считается очень перспективной, поскольку именно по чертам лица узнают друг друга люди. К сожалению, системы, реализующие данный метод, пока не блещут точностью.
4. В качестве уникальных признаков человека используются также характеристики его голоса, образец рукописной подписи, «клавиатурный почерк» (интервалы времени между нажатиями клавиш, составляющих кодовое слово, и интенсивность нажатий), геометрия руки и др. Однако эти технологии значительно меньше распространены, чем описанные выше.
5. Идентификация по особенностям папиллярных узоров пальцев рук человека в настоящее время осуществляется в автоматическом режиме. Для этого используются наряду с традиционным получением окрашенных отпечатков пальцев на бумаге оптическое сканирование узора пальца руки, который прикладывается к поверхности сканера. Недостаток данной технологии в том, что качество получаемого изображения зависит от состояния кожи. Если она влажная или сухая, то отпечаток может быть расплывчатым или бледным и, соответственно, непригодным для использования. В перспективе могут использоваться ультразвуковые сканеры, с помощью которых изображение можно получить бесконтактно.

Повышение надежности систем аутентификации личности является актуальной научно-технической задачей. Точность идентификации (установление) и верификации (подтверждение) личности в существенной мере определяется адекватностью реализованной математической модели.

В настоящее время существует достаточно большое количество технологий, позволяющих обеспечить безопасность некоторых аспектов разных видов ресурсов. Однако, необходимо отметить, что при реализации большинства технологий безопасности применяются аналогичные элементы, а именно, управление доступом посредством криптографической аутентификации/идентификации, шифрование данных



**ИНФОРМАТИКА. ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.  
БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ  
ИНФОРМАТИКА, МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ  
ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

и управление электронно-цифровыми подписями. Теперь основное внимание уделим процедурам идентификации и аутентификации (ИдиА).

Присвоение субъектам и объектам доступа личного идентификатора и сравнение его с заданным перечнем называется идентификацией. Идентификация обеспечивает выполнение следующих основных функций:

- установление подлинности и определение полномочий субъекта при его допуске в систему;
- контроль установленных полномочий в процессе сеанса работы;
- регистрация действий пользователя ресурсов и др.

Аутентификацией (установлением подлинности) называется проверка принадлежности субъекту доступа предъявленного им идентификатора и подтверждение его подлинности. Другими словами, аутентификация заключается в проверке: является ли подключающийся субъект тем, за кого он себя выдает.

Таким образом, идентификацию и аутентификацию можно считать основой программно-технических средств безопасности, поскольку остальные сервисы рассчитаны на обслуживание именованных субъектов. Идентификация и аутентификация – это первая линия обороны, "проходная" информационного пространства организации. Однако, как свидетельствуют ряд информационных сообщений, эта линия обороны является ненадежной [9 – 11]. Поэтому активно ведутся работы по совершенствованию ИдиА и, в первую очередь, большие надежды возлагают на биометрические методы аутентификации пользователей, анализ которых выполним ниже.

Как известно, биометрия представляет собой совокупность автоматизированных методов идентификации и/или аутентификации пользователей на основе их физиологических и поведенческих характеристик [11]. К числу физиологических характеристик принадлежат особенности: отпечатков пальцев, сетчатки и роговицы глаз, геометрия руки и лица и т.п. К поведенческим характеристикам относятся динамика подписи (ручной), стиль работы с клавиатурой. На стыке физиологии и поведения находятся анализ особенностей голоса и распознавание речи.

ИНФОРМАТИКА, МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ  
ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

- Образовательные технологии: разработка и использование электронных образовательных ресурсов, компьютерное проектирование содержания обучения в вузе, разработка мультимедийной системы обучения интернет-технологиям.

- Инновации в информатике: продвинутая информатика, управление IT-инфраструктурой в системе образования, интеллектуальные обучающие системы.

С учетом детализации компетентностные модели магистра естественнонаучного и педагогического направлений, отражающие связи между элементами, представлена на рисунках 1 и 2.

Предложенные модели позволят разработать метод формализации задачи управления обучением магистрантов информатики в университете, определяют содержание обучения профильным дисциплинам, содержание и технология измерения результатов обучения и личностных характеристик магистранта.



Рисунок 2 - Компетентностная модель магистра информатики педагогического направления

В целом, мы считаем, что рассмотренные положения будут способствовать развитию самостоятельности мышления магистрантов, усилению авторской позиции в научном исследовании, нарастанию динамики и усилий интеллектуальной направленности образовательного процесса, что, в свою очередь, будет обеспечиваться качеством кадрового потенциала казахстанских вузов.

1. Recommendation of the European Parliament and of the Council of 18 December 2006 on key competences for lifelong learning (2006/962/EC)

Рекомендации Парламента и Совета Европы от 18 декабря 2006 г. о ключевых компетенциях обучения в течение жизни (2006/962/EC)

2. Key competences for lifelong learning. European Reference Framework. Luxembourg: Office for Official Publications of the European Communities, 2007
3. Проект Тюнинг – «Настройка образовательных структур» («Tuning of educational structures»)  
[http://tuningrussia.org/index.php?option=com\\_content&view=article&id=101&Itemid=127&lang=ru](http://tuningrussia.org/index.php?option=com_content&view=article&id=101&Itemid=127&lang=ru)
4. Государственный общеобязательный стандарт послевузовского образования. Утвержден постановлением Правительства Республики Казахстан от 23 августа 2012 года № 1080.
5. Graduate Software Engineering 2009(GSwE2009). Curriculum Guidelines for Graduate Degree Programs in Software Engineering
6. Software Engineering 2004. Curriculum Guidelines for Undergraduate Degree Programs in Software Engineering
7. A Model Curriculum for K–12. Computer Science Final Report of the ACM K–12 Task Force Curriculum Committee. October 2003
8. Computing Curricula 2005. The Overview Report covering undergraduate degree programs in Computer Engineering, Computer Science, Information Systems, Information Technology, Software Engineering.
9. Software Engineering 2004: Curriculum Guidelines for Undergraduate Degree Programs in Software Engineering.
10. Guide to the Software Engineering Body of Knowledge (SWEBOOK), IEEE 2004 Version - Руководство к Своду Знаний по Программной Инженерии [SWEBOOK, 2004].
11. Отраслевая рамка квалификаций «Информационно-коммуникационные технологии», утвержденная приказом Министра транспорта и коммуникаций Республики Казахстан от 30 сентября 2013 года № 769.

***Аңдатпа.** Информатика магистрлерінің негізгі құзырлылықтары анықталады. Информатика магистрлерінің арнайы құзырлылықтарын зерттеу нәтижелері келтіріледі. Информатиканың пәндік облысы болжамданады. Информатика магистрлерін даярлаудың модульдік білім бағдарламасын жасау жолы ұсынылады. Жаратылыстану және білім саласындағы информатика магистрлерінің құзырлылық моделдрей алынған*

***Түйін сөздер:** негізгі құзырлылық, арнайы құзырлылық, информатика магистрі, модульдік білім бағдарламасының құрылымы.*

***Abstract.** Defined Key competences Master of Computer Science. The results of investigation of special competencies Masters of Computer Science. Analyzed the subject area of Computer Science. Approaches for constructing modular educational programs Master of Computer Science. Constructed competency models Master of Computer Science science and teacher profiles.*

***Keywords:** key competencies, special competencies, Master of Computer Science, a structure of the modular educational program.*

**ИНФОРМАТИКА. ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.  
БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ  
ИНФОРМАТИКА, МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ  
ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

ӘОЖ 004.421

**М.Н. Калимолдаев, Ш.А. Малбасова\***

**БІЛІМ БЕРУ ПОРТАЛДАРЫН ЖАСАУ МЕН ДАМЫТУ  
САЛАСЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР**

(Алматы қ., ҚР БҒМ Ақпараттық және есептеу технологиялары институты,  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,\*-магистрант)

*Аңдатпа.* Мақалада білім беру порталдарының маңызды сипаттамалары келтіріледі. Қазақстан білім беру порталы, Ресей жалпы білім беру порталы және басқа елдердің білім беру порталдарына жасалған талдаулар нәтижесінде оң нәтижелі тәжірибе жинақталып, оқыту порталының негізгі қызметтері мен оқытушы қызметтерінің жеке түрлері анықталады.

*Түйін сөздер:* жаңа ақпараттық технологиялар, қашықтан оқыту, білім беру порталдары, ақпараттық-коммуникациялық орта.

Жалпы, портал ұғымы көп мағыналы болып табылады. Портал бұл шапшаң қатынас құруға, дамыған пайдаланушылық интерфейске және алуан түрлі мәліметтің, қызметтер мен сілтемелердің кең ауқымына ие болатын желілік телеқатынастық торап, бұл бағыт көрсету мен баптауға қарапайым интерфейс арқылы ақырғы пайдаланушыға ұсыну үшін ресурстарды біріктірудің, ақпарат көздерін таңдаудың парасаттық аспабы болып табылатыны белгілі.

Қазіргі заманғы Интернеттегі порталдар анықтамалық, талдаушылық, қатынастық, білімдік және басқадай ақпараттық қызметтер көрсетуге бағдарланған жеткілікті түрде ірі және күрделі желілік ақпараттық-технологиялық кешендер болып табылады. Білім беру порталдарының маңызды сипаттамалары келесілер болып саналады [1]:

– қолданушылар үшін тұлғаландыру – порталдың тұтынушы орны жеке қолданушыларға немесе қоғамдастыққа тағайындалды ма, содан тәуелсіз, портал өзінің сыртқы түрін, мазмұны мен қосымша интерфейсін әркім үшін жеке дара баптауға мүмкіндік беруі тиіс;

– тұтынушының орынын ұйымдастыру – ақпараттық артық жүктеуді болдырмауға мүмкіндік беретін пайдаланушының жұмыс істеу орны – ақпараттық ресурстарға қатынас құруы ең қолайлы және біріккен түрде ұйымдастырылған болуы тиіс;

– ресурстарды үлестіру – қолданушылардың әртүрлі санаттарының қолдары жететіндей порталды біршама деңгейлерге бөлудің мүмкіндіктерін қамтамасыз ету. Мысалы, кейбір деңгейлерге тек басшылар ғана қатынас құра алады. Порталдар интерфейсін қолданушылардың ұқсастықтарын қамтамасыз етуді, яғни серверде тең түпнұсқалықты, біртұтас тіркеуді, өзара әрекеттестік картасын жасауды және т.б. қолдауы тиіс;

– жұмыстардың орындалуын қадағалау – бұл нақты адамның порталды пайдалану басында тағайындалатын порталды тұлғаландыру үшін маңызды сипаттама және оның мүдделері туралы ақпараттың жиналу шамасы бойынша артып отырады;

– мәліметтер қорынан ақпаратты бейнелеу және белсенді қатынас құру – көптеген гетерогендік көздерден (жазба мәліметтерден, көп өлшемді мәліметтер қорынан, құжаттарды басқару жүйелерінен, Web-серверлерден, жаңалықтар арналарынан және т.б.) ақпаратты бейнелеу мен қатынас құруды қамтамасыз етуге порталдың қабілеттілігі, сондай-ақ негізін қалаушы фактор болып саналады;





**ИНФОРМАТИКА. ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.  
БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ  
ИНФОРМАТИКА, МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ  
ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

Білім беру сайтының конструкторы	Білім беру жүйесіндегі құқық
«Ғылымға жол» журналы	Орыс тілі – диктант
«Түлектер» жобасы	Білім беру тарихы

Бұл терезеден портал бумасын таңдағанда мынадай тізім экранға шығады (2-ші сурет):

- ⊕ [Дошкольное образование](#)
- ⊕ [Начальная школа](#)
- ⊕ [Основная и полная средняя школа](#)
- ⊕ [Дополнительное образование и воспитание](#)
- ⊕ [Образовательный досуг](#)
- [Дистанционное обучение](#)

Сурет 2 – Портал бумасының мазмұны

Осы тізімнен қашықтан оқытуды тандасақ, Ресейдің бүкіл сайттарын аламыз:

✓ М.В.Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінің денешынықтыру факультетінің қашықтан білім беру ортасы, <http://www.distant.phys.msu.ru/>.

✓ Ашық білім берудің университеттік кешені: білім беру порталы, <http://www.ukoo.ru/>.

✓ Томск Мемлекеттік университетінің қашықтан білім беру институты, <http://sdo.uspi.ru/>.

✓ Векторлық және растрлік графика Corel, <http://grafika-online.com/>.

✓ Соқыр машинажазба және пернетақталық тренажерлар, <http://www.urikor.net/indexr.html/>.

✓ Learning English on-line: on-line – да ағылшын тілін үйрену, <http://www.englisch-hilfen.de/en/>.

✓ Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінің қашықтан білім беру орталығы <http://de.msu.ru/>.

✓ Интерактивті сайт құру: қашықтан оқыту курсы, <http://dl.kpi.kharkov.ua/techn/nvs1/default.asp/> т.с.с. барлығы 444 сайт шығады.


Дәл сол сияқты Қазақстан Республикасының да, білім беру порталдары бар (2-ші кесте).

Кесте 2- Қазақстан Республикасының білім беру порталдары

Қашықтан оқыту	<a href="http://dl.nw.ru/">http://dl.nw.ru/</a>
Қазақстанның білім беру порталы	<a href="http://lexika.kz/">http://lexika.kz/</a>
ҚР білім беру және ғылым Министрлігінің сайты	<a href="http://ucheba.kz/?p=1424">http://ucheba.kz/?p=1424</a>
Ақпараттық - білім беру сайты	<a href="http://www.kazreferat.info/">http://www.kazreferat.info/</a>
Білім беру порталы	<a href="http://www.web100.kz/kobra.kz">http://www.web100.kz/kobra.kz</a>
Ақпараттық портал ZAKON.kz	<a href="http://www.zakon.kz/">http://www.zakon.kz/</a>
онлайн сөздік-аудармашы	<a href="http://www.il.kz/">http://www.il.kz/</a>
Шежіре – қазақтар генеологиясы	<a href="http://www.elim.kz/">http://www.elim.kz/</a>
Ертедені цивилизация іздері	<a href="http://www.history.kz/">http://www.history.kz/</a>
Семиречьяның жүз ғажайыбы	<a href="http://7rivers.kz/">http://7rivers.kz/</a>
Қазақ тіліндегі рефераттар	<a href="http://referattar.com/">http://referattar.com/</a>

Қазақ тілінің сабақтары	<a href="http://www.tilashar.kz/">http://www.tilashar.kz/</a>
Информатиктердің интернеттегі ерікті методикалық бірлестігі	<a href="http://www.inust.kz/">http://www.inust.kz/</a>
9-сынып информатика	<a href="http://www.beine-sabak.kz/">http://www.beine-sabak.kz/</a>

Сол сайттардың бірі жоғары оқу орындарының кафедраларында оқу процесінде қолданылатын қашықтан оқыту жүйесі Moodle [3] (3-ші сурет).



Сурет 3 – <http://moodle.nci.kz> порталының бірінші беті

Бұл қашықтан оқыту жүйесі біліктілікті арттыру бағдарламасын іске асыру үшін қолданылады. Оның мақсаты оқу пәндерін Moodle қашықтан оқыту жүйесіне сәйкес құру негіздерін үйрену және кәсіби жетілу және өзіндік оқыту тәжірибесіне сапалы талдау жасауға әдістемелік тұрғыдан қолдау көрсету.

Біліктілікті арттыру бағдарламасы ақпараттық коммуникациялық технологияларды оқу процесінде жетістікті қолданудың дайын әдістемелерін ұсынады. Бағдарлама мазмұны көкейкесті концепцияларды және қазіргі таңдағы электрондық оқытудың қиыншылықтарын ескереді.

Бағдарлама жоғары кәсіптік білім беру мекемелерінің ғылыми-педагогикалық жұмысшыларына бағытталған.

Оқыту мерзімі 12 күн, көлемі 72 сағат. Оқыту процесі қорытынды жобалау жұмысын орындаумен аяқталады. Соңында тыңдаушыларға біліктілігін арттырғанын дәлелдейтін куәлік беріледі.

Сонымен қатар, білім беру порталы дайын ақпаратты, сондай-ақ үлестірілген ғылыми, ғылыми-әдістемелік және білім беру үдерісін ұйымдастыруды жетілдіруге арналған басқа ақпаратты дайындау, орналастыру мен пайдалану және әртүрлі мекемелердегі оларды басқару, әртүрлі санаттағы қолданушыларға ақпаратты ұсыну үшін арналған күрделі адам-машиналық, бағдарламалық-ақпараттық кешен болып табылатыны анықталды.

**ИНФОРМАТИКА. ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.  
БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ  
ИНФОРМАТИКА, МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ  
ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

Порталды құру мен дамытудағы негізгі мақсат – білім беру үдерісі субъектілерінің іс-әрекетін ақпараттық-әдістемелік қолдау. Ол үшін білім беру порталы үлестірілген білімдік ресурстарды жинақтау мен пайдаланудың кешендік ашық құралы болып, білім беру жүйесінің беделін қалыптастырудың тиімді құралы болуы тиіс. Білім беру порталы Оқытушыдерді және әртүрлі санаттағы білім алушыларды ақпараттық-әдістемелік материалдармен жасақтау, білімдік мекемелердегі инновациялық жұмыс істеу тәжірибелерін кіріктіру міндетін орындайтын жүйе болып саналатыны белгілі.

Оқыту үдерісі субъектілерінің қашықтықтан өзара әрекеттестігіне арналған білім беру порталы қызметінің негізгі міндеті бұл ғылыми-педагогикалық бағыттағы, қолдағы бар үлестірілген ақпараттық ресурстарын оңтайлы қолдану негізінде оқу үдерісіне қажетті барлық шарттарын қанағаттандырып, қажеттіліктерін қамтамасыз ету болып табылады. Осыған байланысты оқыту порталының негізгі қызметтері қарастырылған, олар 4-шы суретте берілген.



Сурет 4 – Білім беру порталының негізгі қызметтері

Осыдан, портал білім берудің күрделі адамдық-машиналық, бағдарламалық-ақпараттық кешені, білім беруді басқару жүйесін автоматтандыру мен жетілдірудің, білім беру үдерісін ақпараттық-әдістемелік және технологиялық жасақтау сапасын арттырудың, порталды дайындау және тиімді жұмыс істеу шарттарының жиынтығын талап етудің ерекше инфрақұрылымы болып саналады.

Білім беру жүйесінің құраушысы ретінде портал сапалы білім беру және оқу-әдістемелік материалдар кешенін жинау мен дайындауды және өзінікі мен сыртқы білім беру Интернет-ресурстарды іздестірудің тиімді тетіктері есебінен оларға еркін өзара әрекеттестікті қамтамасыз ете алады.

Ақпараттық-коммуникациялық технология – бұл қолданушылардың жергілікті деңгейде де (мысалы, бір немесе бірнеше ұйым шеңберінде), сондай-ақ жаһандық, соның қатарында Дүниежүзілік Интернет ақпарат желісі шеңберінде де ақпараттық өзара әрекеттестігін қамтамасыз ететін заманауи байланыс құралдарын пайдалана отырып, кез келген түрде берілген (символдық, мәтіндік, графикалық, аудио-, бейнеақпарат) ақпарат алмасу, тасымалдау, ақпарат тарату тәсілдері, әдістері, жолдарының жиынтығы.



Портал ақпараттық коммуникациялық орта көптеген ақпараттық нысандар мен олардың арасындағы байланыстардан, ақпаратты, білімді, аудиовизуалды ақпаратты қалпына келтіру құралдарын іріктеу, жинақтау, беру (тарату), өңдеу өнім жасау және тарату құралдары мен технологияларынан, сонымен қатар ақпараттық үдерістермен ақпараттық өзара әрекеттестікті қолдаушы ұйымдық құрылымдардан тұрады [4].

Ақпараттық коммуникациялық ортаны құра отырып, қоғам оның ішінде қызмет жасайды, түрін өзгертеді және оны жетілдіреді.

Ақпараттық коммуникациялық ортаны құру клиент-серверлік технологияны пайдалануды қажет етеді. Жүйе жұмысына қажетті мәліметтер компьютер-серверде сақталады, ал оларға қолжетімділік клиенттік қосымша (немесе қосымшалар) арқылы жүргізіледі. Бұл технологияны іске асыру үш бөлімді порталға қажет құрылымдық моделді жасауды талап етеді, онда қолданушы-клиент (клиент деңгейі), мәліметтер қоры сервері, сонымен қатар мәліметтермен жұмыс логикасын, ақпаратты қорғау жүйесін білдіретін орташа деңгейдегі қосымшалар сервері. Қосымшалар сервері клиенттердің талабы бойынша Мәліметтер қоры серверіне сұранымдарды жүзеге асырады, ол клиенттерді дайындау және ілеспе қызмет көрсетуді оңтайландырады.

Жеке фрагменттерге бөлінген қосымшалар клиент-машинасына да, Мәліметтер қоры серверіне де қосымшалардың арнайы серверіне тиісті амалдарды тасымалдау арқылы, жүктемені азайтады.

Қазақстан білім беру порталы, Ресей жалпы білім беру порталы, Бүкілресейлік интернет-педагогикалық кеңес, Оқытушылардың интернет-мемлекеті, Шығармашылық Оқытушылар желісі, Мектеп секторы, Еуропалық мектеп желісі, Ұлыбритания, Германия, Швеция, Канада және басқа елдердің білім беру порталы сияқты отандық және шетелдік білім беру қоғамдастықтарының жұмыстарына жасалған талдаулар нәтижесінде оң нәтижелі тәжірибе жинақталды. Оқытушы қызметтерінің мынадай жеке түрлері белгіленді:

- қашықтықтан кеңес беру;
- қашықтықтан тренингтер өткізу;
- қашықтықтан олимпиада өткізу;
- форумдарда қатынасу;
- сабақ жоспарларын талқылау;
- желі жобаларын жүзеге асыруда тәжірибе алмасу;
- айдарларды жүргізуші модераторлардың жұмысы және т.б.

Білім беру порталы әртүрлі категориядағы оқытушылар мен студенттерді ақпараттық-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету, білім беру мекемелеріндегі инновациялық жұмыс тәжірибесін интеграциялау миссиясын орындайтын жүйе болып табылатынын ескеру қажет екені анықталды.

Сонымен, оқу үдерісінде оқытушылар қашықтықтан студенттермен өзара қарым-қатынасын ұйымдастыру үшін жаңа ақпараттық технологиялар және қолданыстағы ғылыми-педагогикалық мақсаттағы бөлінген ақпараттық ресурстарды тиімді пайдалану негізінде, студенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру жағдаймен қамтамасыз ету болып табылатыны анықталды.

1. Гершунский Б.С. Компьютеризация в сфере образования: проблемы и перспективы. – М.: Педагогика, 1987. – 264 с.
2. Нұрғалиева Г.Қ., Тажиғұлова А.І., Туенбаева Қ.Т. Білім беру порталдарын жасау әдістемесі. – Алматы, 2010ж. – 45 б

**ИНФОРМАТИКА. ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.  
БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ  
ИНФОРМАТИКА, МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ  
ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

3. Семин Ю.Н. Интегративный подход к проектированию содержания общеинженерной подготовки в техническом вузе // Образование и наука. Известия Уральского научно-образовательного центра РАО, 2000. – №3(5) – С. 48-58.
4. Шлыкова С.А., Бурсин И.Л., Запольская Л.С., Насадкина О.Ю. Информационно-образовательные ресурсы Интернет-библиотеки Карельского виртуального университета: проблемы и перспективы. – Всероссийская научно-методическая конференция Телематика 2002 – Санкт-Петербург, 2002 – [http://tm.ifmo.ru/db/doc/get\\_thes.php?id=196](http://tm.ifmo.ru/db/doc/get_thes.php?id=196).
5. Федосеев А.А. Проектирование учебной деятельности как методическая основа внедрения информационных технологий в образование // Системы и средства информатики. – М.: Наука, 1995. – Вып. 5. – С. 160-163.
6. Искаков А.Т. Социально-философские аспекты компьютеризации и гуманитаризации образования: автореф. ... канд. философ. наук: 09.00.11. – Алматы, 1999. – 26 с.

***Аннотация.** В статье рассматриваются особо важные описания образовательных порталов. На основе анализа образовательных порталов Казахстана, России и зарубежных стран собран положительный опыт, определяющий функции образовательных порталов и дополнительные виды задач преподавателя высших учебных заведений.*

***Ключевые слова:** новые информационные технологий, дистанционное обучение, образовательные порталы, информационно-коммуникационная среда.*

***Abstract.** The article considers particularly important descriptions of educational portals. Based on the analysis of educational portals Kazakhstan, Russia and foreign countries gathered positive experience that defines the functions of educational portals and the additional types of tasks academics.*

***Keywords:** new information technologies, distance learning, educational portals, information and communications environment*

ӘОЖ 004.891

**М.Н. Калимолдаев, М.С. Әшім\***

**ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫ БАСҚАРАТЫН АҚПАРАТТЫҚ  
ЖҮЙЕЛЕРДІ ТАЛДАУ**

(Алматы қ., ҚР БҒМ Ақпараттық және есептеу технологиялары институты,  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, \* - магистрант)

***Аңдатпа.** Бұл мақалада қағаз түріндегі және электронды құжат айналымына сипаттама беріледі. Дәстүрлі құжат айналымының нәтижелілігі төмен болғандықтан, программалық қамтамасыздандыру – электронды құжат айналымы жүйесін (ЭҚАЖ) қолдану қажеттілігі айтылады. Қазіргі таңдағы «электронды үкімет» құру және дамыту мәселелерімен айналысатын, көшбасшы мемлекеттер: АҚШ, Оңтүстік Корея, Ұлыбритания, Франция, Австралия тәжірибелері Қазақстан Республикасының жағдайына бейім келуі мүмкін болатындай талдау жүргізіледі.*

***Түйін сөздер:** электрондық құжат, электронды құжат айналымы жүйесі, электронды үкімет.*

Бүгінгі күнде ақпараттық технологияның қарқынды дамуына байланысты, құжаттарды басқару әрекетінде көптеген кезек күттірмей шешетін мәселелер туындап

отыр. Осыған байланысты бұл мақалада қағаз түріндегі және электронды құжат айналымына сипаттама береміз.

Қағаз түріндегі құжат айналымының мынадай кемшіліктері бар:

- құжаттарды іздеуге көп уақыт кетеді;
- құжатты өмірлік циклының барлық кезеңдерінде оның қозғалысын бақылап отыру қиын;
- құжаттарды дайындау және оларды байланыстыру уақытының ұзақ;
- егер бір құжатпен бірнеше қолданушы жұмыс жасап отырған болса, онда құжат айналымын ұйымдастырудың қиынға соғады;
- есеп берулер мен журналдар алу мүмкіндігінің шектелу немесе қиындығы.

Осылайша, дәстүрлі құжат айналымының нәтижелілігі төмен болып табылады. Бұл кемшіліктердің барлығы электронды құжат айналымы жүйесін ендіру барысында жойылады.

Мәселені шешу жолдарының бірі арнайы программалық қамсыздандыру – электронды құжат айналымы жүйесін (ЭҚАЖ) қолдану болып табылады.

ЭҚАЖ міндеттері мен функциялардың тізбесі:

- кіріс хат-хабарды тіркеу;
- шығыс хат-хабарды тіркеу;
- ұйымның ішкі ұйымдастыру-басшылық ететін құжаттарын тіркеу;
- азаматтардың хаттары мен өтініштерін тіркеу;
- электрондық құжаттардың жобаларын құру [1];

Елімізде электронды үкімет құру идеясын Мемлекет басшысы өзінің республиканы әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына енгізу туралы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауында білдірген болатын. 2004 жылғы 10 қарашада электронды үкіметті ендіру туралы «Қазақстан Республикасында электрондық үкіметті қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Президент Жарлығымен бекітілді.

Электронды құжат айналымын құрудың нәтижелілігі пайдаланушылар арасында өзара байланыс орнататын ыңғайлы интерфейстің болуы. Бұған объектілерді сипаттау принциптерін қолдану арқылы және олармен орындалатын әрекеттер арқылы қол жеткізуге болады. Ақпарат кіріс құжатынан экрандық форма арқылы компьютерге енгізіледі. Оның компоненттері сол құжаттардың метаақпараттарына және пайдаланушылар туралы метаақпаратқа байланысты экрандық формаға сәйкес келеді (1-ші сурет).



Сурет 1 – Кіріс құжаттарының электронды түрге айналуы

ЭҚАЖ жобалауға мүмкіндік беретін алгоритмдер мына талаптарды қанағаттандыруы тиіс:

**ИНФОРМАТИКА. ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.  
БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ  
ИНФОРМАТИКА, МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ  
ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

1. Қосу, редакциялау, өшіру және әр түрлі типті және әр түрлі өлшемдегі мәліметтермен жұмыс жасау мүмкіндігі.

2. ЭҚАЖ-не беру арқылы орындалатын сол ақпараттық басқа ақпараттық жүйелермен бірге жұмыс істей алу мүмкіндігі.

3. ЭҚАЖ-де типтік бизнес-процестерді құру есебінен әрбір ақпараттық жүйенің ішкі қолданбалы процестерінің бірігуі мүмкіндігі.

4. Құжаттарды басқару мүмкіндігі (құру, редакциялау, құжаттарды өшіру, құжаттармен жұмыс істеу тарихын енгізу, құжаттар арасына сілтеме орнату, метамәліметтердің бөліктерін толтыруды автоматтандыру, мәліметтерге бірге ену мүмкіндіктерімен қамтамасыз ету, құжаттар версияларын басқару, ішкі ақпараттық жүйелерде орналасқан құжаттарға сілтеме беру мүмкіндігі).

5. Маршрутизация мүмкіндігі (қатты және динамикалық маршрутизацияны қолдау, құжаттармен және есептермен жұмыс істейтін пайдаланушылардың ағымдағы қызметінің мониторингі, құжаттардың ағымдағы жай-күйін бақылау, периодтық құжаттарды автоматты түрде жасау).

6. Ақпаратты сақтау және беру қауіпсіздігі (аутентификация, авторизация, ЭҚАЖ объектілеріне ену құқықтарын шектеу, т.б.) [2].

Ақпаратты өңдеу, тасымалдау, сақтау үшін компьютерлік технологияларды енгізу құжаттарды жаңа тасымалдаушыларда жасауға алып келді. Ол өз кезегінде «электрондық құжат» немесе «электрондық нұсқадағы құжат» деген ұғымдар пайда болуына әкелді. Әлемнің бірқатар елдерінде, оның ішінде Қазақстанда да ақпараттық технологияны мемлекеттік басқаруда пайдалану көлемі кеңейді. Соған сәйкес мемлекеттік органдардың жұмысына қойылатын талаптар мен түрлі тұрғыдағы көзқарастар өзгерді. Жұмыстың дәстүрлі әрекеттері де басқаша түр ала бастады. Азия елдерінің бірқатарында Сингапур, Малайзия, Корея және Америка Құрама Штаттарында, Германияда мемлекеттік деңгейде электронды үкімет концепциясын құру жүзеге асырылды. Қазақстанда 2005-2007 жылдары «электронды үкіметті» қалыптастырудың мемлекеттік бағдарламасы сәтті іске асып, қазіргі таңда оның механизмдері табысты нәтижелі жұмыс істеуде. Бұл жоба сонымен қатар электрондық әкімшілік регламентін енгізуді, мемлекеттік ақпараттық қорларды біріктіруді де қарастырады.

Электрондық құжаттармен жұмысты ұйымдастыру көптеген мемлекеттерде «электронды үкімет» жобасымен тікелей байланысты болып шықты. Қазіргі таңда «электронды үкімет» құру және дамыту мәселелерімен әлемнің көптеген мемлекеттері айналысады. Осы саладағы көшбасшы мемлекеттер: АҚШ, Оңтүстік Корея, Ұлыбритания, Франция, Австралия. Олардың тәжірибесі Қазақстан Республикасының жағдайына бейім келуі мүмкін болатындай талдау жүргізілді. «Электронды үкімет» жобасы міндеттерін шешудің шетелдік тәжірибесі белгілі концептуалдық бағыттар жиынтығынан тұрады.

Алдымен еуропалық алдыңғы қатарлы елдердің бірі, Германияның электрондық құжаттарды басқару тәжірибесімен танысайық. Германияда федералды басқару құрылымдарында электронды іс жүргізуді ендіру концепциясы үш кезеңде: бірінші кезеңде жүйеде тек құжаттардың анықтамалық мәліметтері тіркеуге алынады; екінші кезеңде тіркеу мәліметтеріне сканирленген құжаттардың алғашқы ақпаратының мазмұны тіркеледі; үшінші кезеңде барлық құжаттар мен істер толықтай электронды түрде өңделеді және үдерістер жүргізіледі [3]. Демек электрондық құжаттарды басқаруды автоматтандыруда тек технологиялық мәселелер ғана емес, адамдар ресурстары мәселесі және онымен тығыз байланысты өзге де мәселелер кешенді түрде шешімін табуы тиіс.

Германияда немістік «DOMEA концепциясы» жүзеге асырылған. Онда электрондық құжат айналымы жүйесін енгізу мәселелері түпкілікті тұрғыда қарастырылады. Алғашында DOMEA концепциясы (Dokumentenmanagement und elektronische Archivierung im IT-gestützten Geschäftsgang - Электрондық құжаттарды басқару және АТ-жүйелерде электрондық архивация) құрылды. Мұнда мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымына көшуінің негізгі принциптері көрсетілген.

DOMEA-ның негізін «Деректерді қорғау», «Архивтеу», «Сканирлеу» тәрізді бірнеше қосымшалардан және кеңейтпелердің қосымша модульдерінен тұратын «Ұйымдастырушы концепциясы» құрайды [4].

Америка Құрама Штаттарының тәжірибесіне келсек, онда электрондық құжаттарды басқарудың нормативтік құқықтық базасын қалыптастыруда Мұрағаттар мен электрондық құжаттарды Ұлттық басқарудың (NARA) ерекше рөл атқаратыны белгілі.

NARA қызметі бағыттарының бірі электрондық құжаттарды басқару, болып табылады. Мәселен, Уильям Джефферсон Клинтонның президенттік басқаруына байланысты материалдар коллекциясында тек қағаз құжаттар ғана емес, сонымен қатар Ақ Үйдің ресми сайтының мұрағат мәліметтері де қамтылған. Ұлттық мұрағаттың электрондық құжаттар қорында жалпы саны төрт миллиардқа жуық жазбалар енгізілген.

2000 жылы 24 қаңтарда Конгресс қабылдаған Халықаралық және мемлекеттік сауда қатынастарындағы электрондық қолтаңба туралы Заңға сәйкес электрондық құжатқа мынадай анықтама берілген: «электрондық құралдар негізінде жасалған, сақталған, генерирленген, алынған немесе берілген құжат». Заң қағаз құжаттары мен жеке қолы бар электрондық қолтаңбаның бірегей маңыздылығын белгілейді.

Ақпараттық қорларды басқарудың жалпы әдістерін орындау мақсатында Канаданың Мемлекеттік мекемелерінде ақпаратты басқарудың Рамалық концепциясы қабылданды. Ол тек мемлекеттік ақпаратты қорғауды қамтамасыз етуге бағытталып отыр. Онда коммерциялық немесе банктік, жеке құпия құрайтын ақпаратқа қатысты ешнәрсе айтылмайды.

Концепцияда мемлекеттік ақпаратты және мемлекеттік ақпараттық қорларды басқарудағы қажетті мәселелерге толықтай түсіндірме берілген.

Құжат келесі тақырыптық тараулардан тұрады:

- мемлекеттік ақпаратқа қолжетімділік;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қолжетімділігі;
- жіктеуіштер және тезаурустар;
- ақпараттың электронды түрде жариялануы;
- электрондық поштаны қолдану;
- кітапханалық қызмет көрсетулер мұрағаттар және ақпаратты сақтау;
- метамәліметтер;
- электрондық жазбаларды/құжаттарды басқару;
- мемлекеттік порталдар.

Мемлекеттік ақпаратты басқарудың Рамалық концепциясына негізгі мақсаттары мен принциптері белгіленген стратегиялық бөлім және машықтандырылған нұсқаулықтар мен стандарттар көрсетілген машықтандыру әдістемесі кіреді.

Австралияның осы саладағы тәжірибесіне тоқталсақ, Ұлттық мұрағаты Мұрағаттар туралы заңға (1983 ж.) сәйкес үкіметтік мекемелерде құжатты басқаруда басқарушы функцияны орындайды, құжаттарды басқаруда, мұрағат ісі саласында нормативтік құжаттарды шығарады. 1996 жылы Австралия әлемде алғаш рет қағаз түріндегі дәстүрлі құжаттармен және жаңа электрондық құжаттармен жұмыс істеу туралы нұсқаулардан тұратын Электрондық құжаттарды басқарудың ұлттық стандартын қабылдады.

**ИНФОРМАТИКА. ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.  
БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ  
ИНФОРМАТИКА, МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ  
ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

Өзге мемлекеттерге қарағанда Австралияның тәжірибесінің ұтымды жақтары басым.

Австралия Одағының мұрағат ресурстарын сақтау міндеті Австралия мұрағатына жүктелген. Ол 1983 жылы Мұрағаттар туралы заңға сәйкес құрылған және 1998 жылдан Австралияның Ұлттық мұрағаты болып аталады. Мұрағаттар туралы заң құжаттардың жасалған уақытынан 30 жыл асқан соң азаматтарға мемлекеттік құжаттарға қол жеткізуіне мүмкіндік береді, яғни ақпарат еркіндігі туралы заңға сәйкес (Freedom of Information Act, 1982) – мемлекеттік органдар құжаттарын пайдалану еркіндігі мәселесі шешімін тапқан. Ақпараттың жекелеген жағдайлардағы жеке өміріне байланысты құпиялығына сәйкес (Privacy Act, 1988) - жеке бас құжаттарын мемлекеттік органдар қызметінде қолдану заңдылығын, сонымен қатар азаматтарға олармен танысуын қамтамасыз етеді.

Ұлттық мұрағат Австралиялық Одақ аумағындағы үкіметтік мекемелер құжаттарын басқаруда басшы қызмет атқара отырып, электрондық құжаттарды басқарудан және мұрағат ісінен маңызды нормативтік жобаларды басқа екі көшбасшылар – АҚШ-тың Ұлттық мұрағаты және Біріккен Ұлыбритания корольдігі мен Солтүстік Ирландияның Ұлттық банкінен бұрын шығара бастады. Мәселен, 1995 жылдың өзінде Австралияның мұрағаты «Электрондық құжаттарды басқару», ал 1997 жылы «Электронды пошта хабарламаларын құжат ретінде басқару» тәрізді кітаптарын басып шығарды [5].

Австралиялық концепция бойынша «электрондық құжатты басқару» (Records management) – бұл бизнес, мемлекет және қоғамның маңызды қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған пән және электрондық құжаттарды басқарудың ұйымдастырушылық функциясы болып табылады.

Электрондық құжаттармен жұмыс былай бөлінеді:

- құжаттардың континуумын басқару (құжаттардың континуумы (Records Continuum) – бұл құжаттардың пайда болу мерзімінен бастап (оданда ертерек – электрондық құжат жұмысын жобалау жүйесін жасау кезінде) сақтау және мұрағат ретінде қолдануға дейінгі құжаттармен сатылы және өзара байланысты жұмысты қамтитын графикалық және теоретикалық модель. Электрондық құжаттармен жұмыс істеу режимі (recordkeeping regime) деп белгілі салада электрондық құжат жасау және сақтаудың ережелері, яғни электрондық құжатпен жұмыс істеу жүйесін жобалаудан бастап құжаттың өмір сүруін тоқтатқанға дейін;

- мекемелер мен ондағы ұжымның қажеттіліктерін өтеу және мүдделерін қорғау мақсатында құжаттарды басқару және пайдалану саласында қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;

- мекемелер қызметінен ақпарат беретін, толық, нақты, шынайы және іске жарамды құжаттар жасау;

- құжаттарды құнды мүлік және ақпарат ретінде басқару;

- сапаны арттыру, құжаттарды басқаруда сондай-ақ, жалпы мекеме қызметінде ұтымды ұйымдастыруды құжаттармен жұмыс істеудің тәжірибелік жұмысын дұрыс жолға қою арқылы жүзеге асыру.

Электрондық құжаттарды басқарудың австралиялық моделінің мәні құжаттармен тиімді жұмыс істеудің бес негізгі функциясын қамтитын CADSS аббревиатурасында анықталған. Олар: бақылау (контроль Control), қол жетімділік (доступ Acces), орналастыру (Disposal), сақтау (Storage) және қолдау (поддержка Sustain). Қол жеткізу дегеніміз ақпарат беретін, ақпаратты анықтауға мүмкіндік беретін, қолдану және іске асыру функциясы болып табылады. Орналастыру – бұл құжаттарды сақтау мерзімі, жою

және орнын ауыстыру туралы шешім қабылдау. Қолдау электрондық құжатпен жұмыс істеудің жүйесін басқаруды білдіреді [5].

Ұлыбританияда ресми құжат «Мемлекеттік басқаруды модернизациялау» электронды жазбаларды (құжаттарды) басқаруда базалық элемент болып табылады. Үкімет 2004 жылға дейін барлық орталық үкіметтік мекемелер электрондық ортада жұмыс істеу талаптарына сәйкес келу үшін өздерінің ақпараттық қорларын электрондық түрде сақтауға және индекстеуге көшіруді мақсат етіп қойды. 2002 жылы Ұлыбританияның мемлекеттік мұрағаты электрондық құжаттарды басқару жүйелеріне қойылатын функционалдық талаптарды құрастырды. Электрондық құжатны басқару жүйесін құрушы Британиялық фирмалар олардың бағдарламалық өнімдері аталған талаптарға сәйкес бағалануына қызығушылық білдіріп, Ұлттық мұрағатта тестілеуден өтеді. Мұндай бағдарламалық өнімдерді тестілеуден өткізу АҚШ тәжірибесінде де бар [6].

Қорыта айтқанда, шетелдегі электрондық құжаттарды басқаруды автоматтандырудың салыстырмалы талдауы елімізде жүзеге асырылып жатқан электрондық құжаттармен жұмыстың мемлекеттің, қоғамның және бизнес пен жеке адамдардың түпкілікті қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталғанын көрсетеді. Еліміздегі мемлекеттік органдардағы электрондық құжат айналымындағы қағаз құжаттар мен электрондық құжаттардың, дәстүрлі қол қою мен электрондық цифрлық қолтаңбаның өзара үйлесімділігі шетел тәжірибесіне ұқсас екені белгілі болды. Сонымен бірге электрондық құжаттарды басқарудың шетелдік тәжірибесін болашақта жүйелі зерттеу және оның нәтижелерін Қазақстандағы ұйымдарда тиімді пайдалану қажеттігін көрсетті. Қазақстанның әлемдік қауымдыстықтың тұрақты мүшесі ретінде қарқынды дамуы ұйымдардың бірыңғай құжатталған ақпараттық кеңістігіне жаңа инновациялық жобаларды енгізуінен көрініп отыр. Әрі электрондық құжаттарды басқарудың халықаралық нормаларын қолдану отандық ұйымдар мен өндірушілердің сапа менеджментін басқару жүйесінде де табысты орын алып отыр.

1. Жакыпов М.Х. Об организации электронного документооборота в государственных органах Республики Казахстан // [http://www.aic.gov.kz/documents/002\\_jaki.doc](http://www.aic.gov.kz/documents/002_jaki.doc)
2. Копбосынова А.К. Состояние и проблемы развития электронного документооборота и электронных архивов в государственных органах Республики Казахстан // Матер. Респ. семинара-совещания «Электронный документооборот и электронные архивы» 26 сентября 2006 г. – Алматы, 2006. - С. 32-38.
3. Ларин М.В. Управление документацией в организациях. - М.: Научная книга, 2002. - 288 с.
4. Чернова С. Основные подходы к принципам учета, описания и долговременного хранения электронных документов (на опыте Центрального архива документов на электронных носителях г.Москвы) //Қазақстанда іс қағаздарын жүргізу – Делопроизводство в Казахстане. - 2007. - № 2. - С. 49-62.
5. Рысков О.И. Управление документацией Австралии //Отечественные архивы. – 2005. – № 2. – С.82-87.
6. Рысков, О. И. О деятельности Национального архива Великобритании в области управления электронными документами государственных учреждений/ О. И. Рысков // Секретарское дело. - 2004. - N 5. - С. 64-66

*Аннотация.* В статье описываются бумажные и электронные виды документооборота. Из-за низкой эффективности традиционного документооборота, возникает необходимость оздания программного обеспечения - Система электронного документооборота.

**ИНФОРМАТИКА. ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.  
БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ  
ИНФОРМАТИКА, МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ  
ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

*Анализируется опыт передовых стран, занимающихся проблемами создания и развития «электронного правительства»: США, Южная Корея, Великобритания, Франция, Австралия с целью применения в Республике Казахстан.*

**Ключевые слова:** электронный документ, система электронного документооборота, электронное правительство.

**Abstract.** *The article describes the types of paper and electronic workflow. Because of the poor results of traditional workflow there is a necessity to develop software system of electronic workflow. The experience of advanced countries are focusing on the creation and development of "electronic government": the United States, South Korea, United Kingdom, France, Australia analyzed in order to use in the practice of the Republic of Kazakhstan.*

**Keywords:** *electronic document, electronic document management system, e-government.*

УДК 376 – 056.26:004

**С.М. Кенесбаев, А.К. Оралбекова**

**ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ  
КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

(Алматы қ., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті)

**Аңдатпа.** Бұл мақалада инклюзивті қоғам құру мәселері және мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қоғамдық ортаға толық кіріктіру мәселесі дүниежүзінде ерекше белсенділікпен қарастырылып және осы мәселелерді шешу жолдары іздестірілуде. Талқылаудың негізгі мәселесі осындай категориядағы адамдарға білім алу және еңбек ету мүмкіншілігін жоғарылату болып табылады. Қарастырылатын мәселе өзінің ауқымдылығымен ерекшеленеді. Өйткені БҰҰ –ның мәліметтері бойынша физикалық және психикалық ауытқуы бар адамдар саны дүниежүзі бойынша 450 миллионнан астам адамды құрайды екен. . Оның ішінде 200 миллионнан астамы мүмкіндігі шектеулі балалар. Мүмкіндігі шектеулі жандардың кәсіптік білім алу қолжетімділігіне әсіресе дүниедегі ең жақсы дамыған елдердің назарында екені мәлім, соның ішінде әсіресе қашықтықтан оқыту технологиясы арқылы.

**Түйін сөздер:** инклюзивті қоғам, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, жоғары білім беру.

Қазіргі уақытта мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қоғамдық ортаға толық кіріктіру мәселесі дүниежүзінде ерекше белсенділікпен қарастырылып және осы мәселелерді шешу жолдары іздестірілуде. Ең алдымен талқылау объектісі болып – осындай категориядағы адамдарға еңбек іс-әрекетіне толықтай кіріктіру мен білім алуына жағдай жасау болып табылады.

2014 жылғы 17 қаңтар күнгі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауынан «...Бесіншіден, мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс – бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз. Бүкіл әлем осымен айналысады. Мүмкіндігі шектеулі адамдар тұрмыстық қызмет көрсету, тағам өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында жұмыс істей алады. Мен барлық кәсіпкерлерге оларды жұмысқа орналастыруға



көмектесіңіздер деп тағы да айтқым келеді. Сондай-ақ, 5-10 адамға арналған арнайы квотаны енгізу мүмкіндігін қарастыруға болады. Біз оларды белсенді өмірге тартамыз, олар тек жәрдемақы алып қана қоймайды, сонымен бірге, өздерін қоғамның мүшесі, пайдалы еңбеккер ретінде сезінетін болады. Біздің барлық әлеуметтік институттар, үкіметтік емес ұйымдар, «Нұр Отан» партиясы осы жұмысты қолға алғандары жөн. Егер қажет болған жағдайда Үкімет бұл мәселені барлық компаниялармен бірлесе пысықтап, тиісті шешім қабылдауы керек. Мүгедектігіне және асыраушысынан айрылуына байланысты әлеуметтік жәрдемақы көлемін Үкіметке 2015 жылғы 1 шілдеден бастап 25 пайызға арттыруды тапсырамын. Мүгедектер бірлестіктері қызметінің құқықтық базасын жетілдірген жөн...» деп мүмкіндігі шектеулі жандарға ерекше көңіл бөлу керек екендігін айтып кетті [1].

Осылай, қоғам, мемлекеттік қызметкерлер, және халықаралық ұйымдар инклюзивті білім беруді дамытудың маңыздылығын түсінуі мен қабылдауы арта түсті. Инклюзивті білім беру бұл мүмкіндігі шектеулі жандарға жалпы білім беретін мектептерде тұрғылықты мекен-жайына байланысты барлығымен бірдей білім алуға мүмкіндік береді.

Біздің еліміздегі білім беру саясатының өзегінде мәселелер – кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту мен жетілдіру, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның ролін арттыру және қазіргі заман техникасы мен технологиясын жоғары деңгейде қолдана білу.

«Білім туралы» заңында барлық бала жалпы орта біліммен қамтылуы жазылса да, өкінішке орай мүмкіндігі шектеулі жандарды оқыту өзекті мәселе болып отыр. Мүмкіндіктері шектеулі жандарға білім мен тәрбие берудегі ғылымның нәтижеге қол жеткізудің бірі жаңа технологияны игеріп, компьютерді пайдалану. Компьютерді пайдалануда дидактикалық мүмкіндіктерді, танымдық процестерді ескеруге болады; логикалық ойлау жүйесін қалыптастыру, ақыл-ой белсенділігі мен білім алуға деген қызығушылығын, шығармашылық еңбек етуіне жағдай жасау. Өйткені құлақпен естігеннен гөрі-көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну әрине ерекше әсер етеді.

Мемлекетіміздің әрбір азаматы – ұлттық құндылық, әрбір баласы – еліміздің ертеңі екенін ескерсек, әрбір мүмкіндігі шектеулі жандардың сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау міндетіміз болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі бір азаматтың болса да білім сапасының жоғарылауы, ұлтымыздың саналы келешегіне қазіргі уақыттан бастап жинақталынып жатқан қор деп түсінуіміз қажет.

Инклюзивтік білім беру сонымен қатар ЮНЕСКО жұмысының «Барлығы үшін білім» атты ажыратылмайтын бөлігі болып табылады.

Бұл бағдарлама БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясында 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілген болатын. Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90-шы жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы ресми дерек Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілді. Инклюзивті білім жүйесін дамыту: 2015 жылға қарай мүмкіндігі шектеулі жандарды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі жандарды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді, түрлі кемістігі бар жандар үшін бірігу нысандары анықталады; 2020 жылға қарай мектептерде мүгедек жандар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, тұтқалармен арнайы парталар, арнайы үстелдер және басқа да компенсаторлық

**ИНФОРМАТИКА. ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.  
БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ  
ИНФОРМАТИКА, МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ  
ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

құралдармен қамтамасыздандыру арқылы «кедергісіз аймақтар» құрылады делінген. Сондай-ақ аталмыш бағдарламада мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып- тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалмақ. Бүгінгі таңда үйден оқып білім алатын мүмкіндігі шектеулі жандардың көбісі компьютерлік техникамен қамтамасыз етіліп отыр.

Бұл мәселе өзінің ауқымдылығымен ерекшеленеді. Өйткені БҰҰ –ның мәліметтері бойынша физикалық және психикалық ауытқуы бар адамдар саны дүниежүзі бойынша 40 миллионнан астам адамды құрайды екен. Оның ішінде 200 миллионнан астамы мүмкіндігі шектеулі балалар. Қазақстан Республикасы бойынша мүмкіндігі шектеулі балалардың 150 мыңы – 4 мың тумысынан, 3-6 жас аралығында – 33 мың бала, 7-18 жас аралығында – 113 мың бала [2].

Мүмкіндігі шектеулі жандардың кәсіптік білім алу қолжетімділігіне әсіресе дүниедегі ең жақсы дамыған елдердің назарында екені мәлім, соның ішінде әсіресе қашықтықтан оқыту технологиясы арқылы. Финляндия, Норвегия, және Голландия елдерінде 70% мүмкіндігі шектеулі азаматтардың компьютердік технологиялар арқылы кәсіби және өміріне қажетті дағдыларды игерді. Көбінесе мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қосымша компьютерлік технологияларды пайдаланып оқытатын жобалардың маңызы зор. Қашықтықтан оқыту – бұл әртүрлі техникалық құралдарды және жаңа ақпараттық телекоммуникациялық технологияларды, сонымен қатар дәстүрлі универсалды оқыту формасы болып табылады. Сонымен қатар мұндай оқытудың ерекшелігі бұл студенттің орналасу кеңістігіне және уақыттың икемділігіне тәуелді емес екендігіне көз жеткіземіз [3].

Компьютерлік технологияларды пайдалану арқылы мүмкіндігі шектеулі жандарды оқытудың ең тиімді және оңтайлы жолдарын қарастырсақ. Біріншіден, тірек – қимыл аппаратында ақауы бар азаматтардың білім алу қолжетімділігінің артуы, өйткені компьютер арқылы қашықтықтан қарым-қатынас орнатылып, оларға сыртқы және күндізгі білім формасын жүзеге асыруының тиімділігі болып табылады. Сонымен қатар қашықтықтан оқыту технологиясы оқыту курсының электрондық форматында жасалынып, оқытушының кеңейтілген түсініктемесімен, интерактивті және мультимедиялық материалдарымен қосымша толықтырылады. Анимация, флэш-презентация, аудио, видео – осының барлығы оқу курсы менгеру үшін тиімді, жеңіл әрі көрнекі екені анық. Екіншіден, мүмкіндігі шектеулі азаматтармен жұмыс жасайтын жоғары санатты оқытушылардың бар болуы, (кей жағдайда арнайы оқытудан өткен мүмкіндігі шектеулі азаматтардың өздері). Үшіншіден, 5 адамнан 20 адамға дейінгі адамдардан құрылған шағын топтарға сабақ өту. Төртіншіден қоғамға қажет еңбек нарығындағы сұранысы жоғары білім, білік дағдыларды игеретін мамандарды дайындау. Мысалы: бухгалтерлік, дизайнерлік, менеджмент, шет тілдерді меңгеру, тігінші, модельер т.б. Мүмкіндігі шектеулі түлектер компьютер қолданушысы, оператор, администратор желісі, веб-дизайнер, телефон кеңесшісі, секретарь-референт, бухгалтер, художник-мультипликатор, аудармашы коммерциялық емес ұйымдарда администратор т.б. және тағы да басқа тәуелсіз өмір сүруге қажет мамандандырылған дағдыларды игеруге үлкен мүмкіншілік алады.

Білім беру жүйесі білім алушыны білім нәрімен қаруландырып қана қоймай, үздіксіз өздігінен білім алуға дағдыландыруы қажет. Нәтижесінде білім беру әртүрлі оқыту қызметтерін ұсынуы керек. Білім беру саласындағы алдыңғы қатарлы отандық мамандардың пікірлері бойынша білім беру жүйесінің дамуын қалыптастыруға:

- жаңа ақпараттық технологияларды қолданып, білім беру сапасын жоғарлату;
- постиндустриялы өркениеттің жағдайларына негізделген білім беру жүйесін толығымен қамтамасыз ету;

• ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолданып, қашықтықтан және өзін-өзі оқыту мүмкіндіктеріне қолжетімді білім беруді қамтамасыз ету;

• білім беруде креативті бастамаларды көтеру сияқты бірқатар негізгі бағыттарды жатқызуға болады.

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайда білім беру жүйесінің алдында әрі сапалы, әрі қол жетімді біліммен қамтамасыз ету көзделген. Білім беру нарығын зерттей келе дәстүрлі емес білім беру жүйесін қажет ететін бірден-бір әлеуметтік топқа-мүмкіндігі шектеулі жандар жатады [4].

*Keywords:* the portal, electronic educational editions, the generator of electronic educational editions.

ЭОЖ 004.75

**Ж.Е. Темирбекова, М.Е. Мансурова**

**K MEANS АЛГОРИТМІН JAVA MPJ EXPRESS ЖӘНЕ HADOOP  
ТЕХНОЛОГИЯСЫНДА САЛЫСТЫРУ**

(Алматы қ., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)

*Аңдатпа.* *k means* алгоритмі кластерлеу әдістерінің ішіндегі ең кең таралған түрі. Алгоритм қарапайымдылығы және орындалу жылдамдығы жоғары болғандықтан үлкен қолданысқа ие. Жұмыста гиперспектральды бейнені өңдеу, параллельді есептеу, үлестірмелі есептеу туралы жұмыстар орындалды. Бағдарлама жиынында Java бағдарламалық ортасында MPJ Express кітапханасын қолдану арқылы және Hadoop технологиясында *k means* алгоритмі арқылы әр объектіні анық етіп бөліп кластерлеу қарастырылды.

*Түйін сөздер:* кластерлеу, параллельді есептеу тиімділігі, үлестірмелі бағдарлама.

Өртүрлі спектралды ауқымда түсірілген спутник суреттері өте пайдалы мәліметтен тұрады және сандық түрде сақталады. Космостық суреттер орташа және ұсақ масштабталған карталарды оперативты жаңартуда қолданылуы экономикалық тұрғыдан тиімді болып келеді. Үш спектралды каналды қашықтықтан зондтау негізінде құрылған түрлі-түсті суреттер жердік немесе аэрофотосуреттерге қарағанда көбірек ақпарат тасымалдайды, ал суреттердің стереожұптары кеңістік объекттерде үш өлшемді талдау жүргізуге мүмкіндік береді [1,2].

Қазіргі таңда гиперспектральды суреттерде объектілерді айырып тануды жүзеге асыру алгоритмдері өте көп. Солардың ішіндегі көшбасшы алгоритмдердің бірі -  $k$  means кластерлеу алгоритмі.

Гиперспектральды суреттерде объектілерді айырып тануда  $k$  means кластерлеу алгоритмінің математикалық және сандық әдістерін моделдеу.

**Java тілінде тізбектелген  $k$  means кластерлеу алгоритмі**

Алгоритм итеративті түрде орындалады, ол берілген нүктелер(пиксель) жиынын олардың центрлеріне жақын келетін  $k$  кластер нүктелеріне бөліп, осы центрлердің орнының ауысуы нәтижесінде кластерлеу орындалады.  $k$  means алгоритмінде  $J$

функциясы  $J = \sum_{n=1}^N \sum_{k=1}^k \|x_n - c_k\|^2$  түрінде анықталады. Алгоритмнің мақсаты функцияны

минимумдау яғни функция қателігін квадраттау.  $J = \sum_{n=1}^N \sum_{k=1}^k \|x_n - c_k\|^2$  - мұндағы,  $J$

кластер центріне сәйкес  $N$  мәліметінің арасындағы ара-қашықтық,  $x_n$  ( $1 \leq n \leq N$ ) берілген нүктелерді көрсетеді және  $c_k$  ( $1 \leq k \leq K$ ) кластер ауырлығын анықтайды,  $\|x_n - c_k\|^2$  -  $x_n$

және  $c_k$  арасындағы ара-қашықтықты анықтайды.  $\mu_k = \frac{1}{N_k} \sum_{n \in c_k} x_n$  - дағы,  $\mu_k$  ( $1 \leq k \leq K$ )

берілген орташа нүкте мәні және  $N_k$  -  $k$  кластеріне жататын объектінің санын көрсетеді.

Біздің  $k$  means алгоритмінде,  $k$  кластер саны яғни қолданушы енгізген параметр. Екіншіден, кіру файлынан  $N$  объектілерін көрсетеді. Бастапқы жағдайда  $K$  центроидын кездейсоқ түрде таңдайды,  $\mu_k$  ( $1 \leq k \leq K$ )-түрінде анықтайды. Екіншіден, алгоритм ара-қашықты есептеп, әрбір объектіге итеративті түрде кластерге жататын нүктелерді анықтайды. Қолданушының көрсеткен соңғы мәніне дейін процесс қайталанып отырады [3].

**Java тілінде MPJ Express кітапханасын қолдану арқылы параллельді кластерлеу алгоритмін шешу.**

$k$  means кластерлеу алгоритмі үлкен көлемді мәліметтер қорымен яғни жүз миллиондаған нүктемен және ондаған гигабайт мәліметтермен жұмыс істейді, осыған байланысты алгоритмді есептеуде параллельдеу өте тиімді.

Параллельді кластерлеу алгоритмі:

Input:  $K$  кластер саны, мәліметтер объектінің саны

Output:  $K$  центроиды

1: MPI\_Init // процедураның басы;

2:  $N$  объектіні файлдан оқу;

3 Мәліметті берілген  $N$  объектіге процессор арасында бір қалыпта мәліметті бөледі және айталық әрбір процесс  $N'$  объекті мәніне ие;

4: Әрбір процеске, 5-11 қадамын орындайды;

5: Әрбір объектіге меншіктейді  $x_n$  ( $1 \leq n \leq N$ ) жақын кластеріне дейін;

6:  $\mu_k = \frac{1}{N_k} \sum_{n \in c_k} x_n$  формуладан яғни, әрбір кластерден жаңа кластерді есептейді;

7:  $J = \sum_{n=1}^N \sum_{k=1}^k \|x_n - c_k\|^2$  формуласынан  $J$  мәнін есептейді;

**ИНФОРМАТИКА. ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.  
БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ  
ИНФОРМАТИКА, МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ  
ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

8: Әрбір кластерден жаңа кластерді есептейді  $\mu_k$  мына формуладан

$$\mu_k = \frac{1}{N_k} \sum_{n \in c_k} x_n;$$

9:  $J = \sum_{n=1}^N \sum_{k=1}^k \|x_n - c_k\|^2$  формуласынан  $J$ -ді есептейді;

10: 6-9 қадамы қайталанады,  $J' - J < \text{порог}$  ( $J' - J < \text{threshold}$ ) болмайынша;

11: Әрбір объект мәні үшін кластер идентификаторын құрады;

12: Әрбір итерация соңында, кластерлеу нәтижесіне байланысты жаңа центрді есептейді;

13: Ең соңғы кластерлеу *Centroid* мәнін анықтайды;

14: MPI\_Finalize // процедураның аяқталуы;

**MapReduce негізінде  $k$  means кластерлеу алгоритмін шешу**

MapReduce бұл бағдарламалық модель және пайдалы параллелизмді қамтамасыз етеді. Бағдарламалық модельде жазылған бағдарламалар автоматты түрде үлестіріліп бағдарламада параллеленеді [4].

Қазіргі уақытта бейнелерді өте аз уақытта үлестіріліп өңдеу өзекті тақырып болып келеді. Ал MapReduce- Hadoop технологиясында үлестіріліп есептеуді қолдану қазіргі кездегі ғылыми-техника заманында негізгі тақырыптардың бірі.

Hadoop технологиясының негізгі артықшылығы - ол бірнеше компьютерлерге берілген кез келген үлкен көлемді деректерді үлестіріліп есептеуде автоматты түрде бөліп тастайды және масштабтайды, сонымен қатар Map және Reduce екі қадамы арқылы уақытты үнемдеп шығарып береді. Кез келген үлкен көлемді деректерді бір компьютерде есептеп, нәтижесін шешу қиындықтары болды. Бұл ғылыми қиындық Hadoop технологиясы пайда болғаннан кейін шешіле бастады. Күрделі деректерді үлестіріліп бейнелеуді өңдеуде қолданылады.

Hadoop технологиясында кластерлеу алгоритмі:

1. Бастапқыда, Mapper енгізіліп мәндерді оқиды және бастапқы деректердерді кіші деректер жиынына қосады, яғни қосалқы кластерге.

2. Әрбір Mapper, Reduce-ке жіберетін қосалқы кластерден  $k$  бастапқы кластер құрады.

3. Reduce әрбір Mapper-ден кластерді қосады және  $k$  кластер үшін центройдты қайта есептейді.

4. Осы центройдтар алмасу арқылы қайта бастапқы Mapper-ге жіберіледі.

5. Әрбір Mapper қосалқы кластерге арналған жаңа центройдты оқиды, Mapper кластерді қайта Reduce-ке жібереді.

6. Reduce кластерді қайта қосып жаңа центройдты есептейді.

7. Бұл процедура Mapper-ге мәліметті жіберуді Reduce тоқтатқанға дейін қайталанады. Бұл әдетте алгоритм теңескенде аяқталады.

Map функциясы:

(global object, in\_key, in\_value), global object contains the initial clustering centers, in\_key has no usefulness, in\_value is a string like (pixel\_id, R, G, B). Output: (out\_key, out\_value), out\_key is a string represents a clustering center, out\_value is a same string as in\_value.

1: construct initial clustering centers Array from global object;

2: labPixel = parseString ( in\_value );

3: minDistance = MAX\_VALUE;

4: initial\_array\_subscript = -1;

```

5: for (j = 0; j < Array.length; ++j) {
6:   dist = cal_dist_labpixel_to_centers(labPixel, Array[j]); //бастапқы кластер
орталықтарын яғни енгізілген нүктелердің ара-қашықтықты есептейді.
   if (dist < minDistance) { minDistance = dist; initial_array_subscript = j; } }
7:   out_key = Array[initial_array_subscript];
8:   out_value = in_value; // пиксель орналасқан нүктені анықтайды
9:   writeToHDFS(out_key,out_value);
10:  output(out_key,out_value);
11: End;

```

Reduce функциясы:

Reduce function Input: (in\_key, in\_value), in\_key is a string represents a clustering center, in\_value is a string like (pixel\_id, R, G, B).

Output: (out\_key, out\_value), out\_key is a string represents the number of values which have the same key in iterator, out\_value is a string represents a new clustering center after adjustment.

```

1: set the initial value of counter to 0;
2: set temp_ave like (null,null,null,null);
3: while(in_key.hasNext()) {
4:   temp_ave=temp_ave+abs(in_value.Next() - temp_ave)/(counter + 1);
   ++counter; } // жаңа орташа мәнді реттеп, итератор бос қалғанша жаңа орташа мәнді
есептейді.

```

```
5: out_key = counter.ToString();
```

```
6: out_value = temp_ave;
```

```
7: output(out_key,out_value);
```

```
8: End;
```

*k*-means кластерлеудің параллель алгоритмінің негізгі идеясы әр нүктенің(пиксель) жіктеуінде MapReduce негізде көрсетеді Map функцияда ең жақын кластер және жаңа кластерлердің орталарын есептеу барлық Reduce функциясында орындалады.


Сонымен, *k* means кластерлеу алгоритмінің тізбектелген және параллель нұсқасы Java бағдарламалау тілінде MPI технологиясын қолдану арқылы құрылды. Сонымен қатар, үлестірмелі алгоритмі MapReduce технологиясында жүзеге асырылды.

Кесте 1 - Тізбектелген және параллель *k* means кластерлеу алгоритмінің енгізілген нүкте мәніне байланысты өңдеу уақыты.


N нүкте мәні	Уақыт (Ts, sec) тізбектелген <i>k</i> means	Уақыт (Tp, sec) параллельді <i>k</i> means	Айырмашылығы (Ts-Tp)
50	0,087	0,032	0,055
100	0,175	0,0875	0,0875
500	0,6605	0,31025	0,31025
1000	2,462	1,131	1,301
2000	7,634	3,617	4,017
3000	14,345	6,1725	8,1725
4000	21,89	9,945	4,948
5000	33,155	14,5775	11,945
6000	41,06	19,51	21,55
7000	52,21	25,101	27,109
8000	71,3351	33,66755	37,66755
9000	81,91	38,955	42,955

**ИНФОРМАТИКА. ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.  
БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ  
ИНФОРМАТИКА, МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ  
ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

10000	92,02	42,862	49,158
-------	-------	--------	--------



Сурет 1 - Тізбектелген және параллельді кластерлеу алгоритмінің өңдеу уақыт аралығын салыстыру




Сурет 2 - Тізбектелген және параллельді кластерлеу алгоритмінің өңдеу уақыт айырмашылығы

Кесте 2 - Java бағдарламалық ортасында MPJ Express кітапханасын қолдану арқылы және Hadoop технологиясында  $k$  means алгоритмінің енгізілген нүкте мәніне байланысты уақыт аралығы.

N нүкте мәні	Уақыт (Ts, sec) тізбектелген $k$ means	Уақыт (Tp, sec) параллельді $k$ means	Hadoop технологиясы
50	0,087	0,032	0,016
100	0,175	0,0875	0,04375
500	0,6605	0,31025	0,145125
1000	2,462	1,131	0,5655
2000	7,634	3,617	1,8085
3000	14,345	6,1725	3,08625
4000	21,89	9,945	4,9725
5000	33,155	14,5775	5,28875
6000	41,06	19,51	8,755
7000	52,21	25,101	10,83377
8000	71,3351	33,66755	15,83377



9000	81,91	38,955	18,4775
10000	92,02	42,862	20,928575



Сурет 3 - Тізбектелген, параллельді және үлестірілген кластерлеу алгоритмнің өңдеу уақыт аралығын салыстыру

Қорыта келе, MapReduce парадигмасын қолдану бейнені өңдеу кезіндегі алгоритмнің уақытын айтарлықтай қысқартты. Біздің тәжірбелерімізде есептеулер үлестірмелі есептеулерге арналған Hadoop платформасында, MapReduce парадигмасын қолданып есептелінді. Hadoop платформасын қолдану бізге есептің есептелуінің масштабын өзгертуге мүмкіндік берді, бірнеше есептеуіш түйіндерде есептелуін қамтамасыз етті.

Жасалған тәжірбиелерден үлестірмелі есептеулер есептеу жылдамдығын, түйіндер санын көбейту арқылы сызықты түрде жылдамдатуға қол жеткізуге болады. Тағыда жасалған тәжірбиелерден қарапайым компьютерлерді қолданып, Hadoop платформасында үлкен көлемді деректерді өңдеу тиімді екенін көреміз.

1. Кашкин В.Б., Сухинин А.И. Дистанционное зондирование Земли из космоса. Цифровая обработка изображений: Учебное пособие. – М.: Логос, 2001г. 264 стр.
2. В.В. Сергеев Анализ и обработка изображений, получаемых при наблюдениях земли из космоса// Стенограмма научного сообщения на совместном семинаре ИСОИ РАН и Института компьютерных исследований СГАУ 18 апреля 2006 года.
3. Р. Миллер, Л. Боксер. Последовательные и параллельные алгоритмы. Издательство Бином. Лаборатория знаний 2006г., 408стр.
4. J. Dean, S. Ghemawat. MapReduce: Simplified Data Processing on Large Clusters. Communications of The ACM, 2008. 51(1), 107-113.

**Аннотация.** Один из наиболее популярных методов кластеризации является алгоритм *k means*, из-за его легкой реализации, простоте, эффективности и эмпирических успехов. Целью данного исследования является проведение экспериментов алгоритма *k means* в технологии Hadoop и реализовать параллельный алгоритм на языке Java с обращениями к библиотеке MPJ Express.

**Ключевые слова:** кластеризация, оптимизация параллельных вычислений, распределенная программа.

**Abstract.** The most famous clustering algorithm is *k means* because of its easy implementation, simplicity, efficiency and empirical success. The goal of this study is to perform *k means* clustering using Hadoop and implement a parallel algorithm in Java with calls library MPJ Express.

**Keywords:** clustering, optimization of parallel computing, distributed program.

Ш.Т. Шекербекова, И. Бодаева

## ИНФОРМАТИКАНЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

(Алматы қ., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті)

*Аңдатпа.* Мақалада медициналық жоғары оқу орындарында информатика курсының оқыту жайлы қарастырылады. Медициналық жоғары оқу орындарында информатиканы оқытудың үш деңгейі сипатталып келтіріледі. Мақалада медициналық жоғары оқу орындарында информатиканы оқытудың ерекшеліктері көрсетіліп айтылады. Медициналық университеттерде жалпы білім беретін информатика курсының мақсат, міндеттері қарастырылады. Сонымен қатар, медицина мен денсаулық сақтаудағы ақпараттық технологиялар бойынша оқытудың ерекшеліктері, мақсаты және міндеттері айтылады.

*Түйін сөздер:* информатика, медициналық университеттерде информатиканы оқыту деңгейлері, медицина және денсаулық саласындағы ақпараттық технологиялар, медициналық информатика.

Қазіргі таңда медициналық жоғары емдік құрал-жабдықтардың, соның ішінде сандық ақпаратты кодтау тәсілдерін қолданатын, сонымен қатар компьютерлендірілген кардиология, сандық рентгенографиялық техника және т.б. құралдардың көбеюі, болашақ медициналық маманның ақпараттық мәдениеті деңгейіне жоғары талаптар қояды. Мұның барлығы компьютер технологиясымен байланысты екендігі белгілі. Сондықтан жалпы білім беретін информатикадан білім, білік, дағдысы қалыптаспаған дәрігердің болашағын елестету мүмкін емес. Осыған орай медициналық жоғары оқу орындарына информатиканы оқыту қазіргі таңда өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Медициналық жоғары оқу орнында информатиканы оқыту біздің пікірімізше, үш дайындық түрімен байланысты болуы тиіс. Біріншісі базалық деңгей – информатика бойынша дайындықтың «стандартты» деңгейі – жоғарғы оқу орындарында тандалған мамандық бойынша оқыту барысында оқу жоспарын орындау мақсатында оқытылады. Сондай-ақ «емдеу ісі» және «педиатрия» мамандықтарын дайындауда, пәннің типтік бағдарламасы негізінде дайындалған жұмыс бағдарламасымен сәйкесінше меңгерілетін информатикадан білім, білік, дағдылар.

Маманды дайындаудың екінші деңгейі жоғары медициналық білімі бар, сондай-ақ арнайы практикалық денсаулық сақтау саласында мамандандырылған маманға арналады. Бұл деңгейдің мазмұны дәрігердің нақты жұмыс орынында қолданылатын ақпараттық технологияларды меңгерту болып табылады (провизор, орташа медициналық жұмысшы). Бұл пәнді интернатурада да оқытуға болады.

### Медициналық жоғары оқу орындарында информатиканы оқыту деңгейлері

Базалық деңгей	Жалпы информатика бойынша білім, білік дағдысының болуы, сондай-ақ медициналық информатиканың белсенді мәселелеріне бағытталатын сауатты компьютерді қолданушы
Профильдік деңгей	Кәсіби іс-әрекетінде медициналық информатика туралы білімі, білік, дағдысы болуы (компьютерлік технологияны меңгерген мамандандырылған дәрігер, денсаулық сақтау басшылары, провизор, орташа медициналық жұмысшы)
Кәсіби деңгей	Медициналық информатика бойынша арнайы білім, білік және дағдысы болуы. Қолданбалы медициналық саладағы программист,

қолданбалы программист локальды есептеуіш желінің администраторы және емдеу-профилактикалық мекемесін басқаруға арналған автоматтандырылған жүйе (врач-информатика)

Оқу жоспарына сәйкес базалық оқыту жалпы информатика және медициналық информатика оқытылады. «Фармация» және «Медбике ісі» мамандықтарында жалпы және медициналық информатика бойынша сәйкесінше біркезеңдік дайындық немесе біліктілікті арттыру аясы бойынша білімді жетілдіру қарастырылған.

Үшінші деңгей «арнайы» - информатика саласы бойынша ғылыми іс-әрекетін арттыру үшін жоғары сатыдағы мамандардың пәнді тереңірек меңгеруіне және емдеу-диагностикалық үдеріс пен басқаруда ақпараттық технологияларды енгізуіне арналған. Бұндай информатикалық білім студенттің жоғары оқу орындарында немесе жоғары оқу орындарынан кейін немесе «Медициналық информатика және автоматтандырылған басқару жүйесі» мамандығы бойынша ординатура аясында базалық информатика бойынша жеке дайындығын қажет етеді. Оқыту мазмұны жалпы медициналық информатиканы тереңірек оқып-игеру, сонымен қатар қазіргі құрал-жабдықтарды меңгеру (программалау тілдері, Интернет-технологиялары, жасанды интеллект құралдары), медициналық салада программалық өнімді құру болып табылады.

Медициналық жоғары оқу орындарында информатика оқыту пән бойынша білім, білік және дағдыны бекітеді. Біздің пікірімізше, медициналық жоғары оқу орындарында информатиканы оқыту кезеңмен ұйымдастырылуы керек, практикалық денсаулық сақтау мен фармация қажеттіліктерін үзіліссіз қамтамасыз етуге әсер етеді.

Информатиканы орта және жоғары медициналық оқу орындарында оқытудың өзіндік ерекшеліктері бар [1]. Бір жағынан, оқушылар мен студенттер, дәрігерлер жалпы пайдаланылатын қолданбалы программаларды (мәтіндік редактор, электрондық кестелер, мәліметтер қорын басқару жүйелері, браузерлер, пошталық программалар, аудармашы-программалар және т.б.), екінші жағынан оқытуда дәрігердің іс-әректен жүзеге асыратын арнайы программалар қажет – электрондық аурулар, медициналық эксперттік жүйелер, медициналық ақпараттық жүйелер, фармацевтикалық мәліметтер қоры және т.б. жалпы және арнайы мамандандырылған информатиканы оқыту міндеттерін біріктіру үшін орташа және жоғары оқу орындарының арасында, жоғары оқу орындарынан кейінгі дәрігерлердің біліктілігін арттыру мекемелерінің, факультеттерінің арасында сабақтастық болуы тиіс.

Енді ТМД елдерінде медицина университеттерінде информатиканы оқытудың ерешеліктеріне тоқталып өтеміз. Мысалы, 2000 жылдан бері медицина және денсаулық сақтау саласында болашақ дәрігерлерді даярлау саласында информатиканы және медициналық информатиканы оқыту тәжірибелері жинақталды. Атап айтқанда, медициналық колледждерде информатиканы оқытуда медициналық ұйымдастыру-басқару, клиникалық информатика, лабораториялық информатика, ақпараттық технологиялардың жалпы мәселелері оқып-үйретіледі және медициналық ақпараттық жүйелерді құрылымдау мен эксплуатациялау сұрақтары қарастырылады. Медициналық жоғары оқу орындарында студенттер компьютерлік сыныптарда жалпы информатика бойынша практикалық біліктіліктерін оқып-үйренеді және жүзеге асырады. Медициналық жоғары оқу орындарының жоғарғы курстарында студенттер медициналық информатиканы оқып үйренеді. Бұлардың айырмашылығы, жалпы информатиканы оқытудан танымал және қолжетімді программалар қолданылады, ал медициналық информатикада емдеу-профилактикалық мекемелерде кеңінен қолданыс тапқан арнайы программалық қамтамасыз етулер пайдаланылады. Кейбір медициналық университеттерде медициналық информатика курсы оқытуға арнайы дайындалған медициналық ақпараттық программалық жабдықтама қолданылады [2]. Бұл

**ИНФОРМАТИКА. ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.  
БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ  
ИНФОРМАТИКА, МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ  
ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

программалық жабдықтаманы қолдану нәтижесінде студенттерге өз бетімен аурудың электрондық тарихымен және амбулаториялық картамен жұмыс істеуге мүмкіндігі туындайды, сонымен қатар ақпаратты өңдеу мен сақтаудың барлық циклдерін оқып-үйренуге, практикалық жұмыстағы медициналық ақпараттық жүйелердің артықшылығын бағалауға жағдай жасалады. Осылайша дайындалған болашақ мамандар тек қана жақсы қолданушы ғана емес, сонымен қатар автоматтандыру идеяларын жүзеге асырушы жолсерікке айналған. бұдан басқа кезеңмен және тереңірек дайындалған дәрігер ақпараттық жүйенің эволюция процесін белсенді ынталандырады және дайындаушыларды медициналық ақпараттық жүйелерді программалық қамтамасыз етуді жетілдіруге ықпал етеді. Дәрігерлердің біліктілігін арттыру мен қайтадаярлау факультеттерінде техникалық «Медицинадағы ақпараттық технологиялар» циклінде жетілдіру құралы ретінде дәрігерлер арнайы медициналық программалар туралы түсінігін кеңейтеді, қолданбалы программаларды қолдану шеберлігін арттырады. Сонымен қатар мәліметтер қорына, интернет технологияларына көп назар аударылады.

Сондықтан, информатиканы медициналық оқу орындарында оқыту кезеңмен орындалуы тиіс, сондай-ақ арнайы медициналық программалардың оқу версияларын қолдану және ерекше әдістемелік тәсілдерді, арнайы оқу әдебиеттерін пайдалану қажет болып табылады.

Медициналық жоғары оқу орны қазіргі уақытта болашақ дәрігерлерді даярлау жүйесінде дәрігерлерге арналған информатика саласы бойынша оқу құралдары мен оқулықтары баспадан шығарылып, оқу үдерісінде қолданылып келеді. Медициналық жоғары оқу орындарында информатиканы оқытудың бастапқы курсына жалпы білім беретін информатика бойынша практикум сабақтары жүргізіледі. Практикум сабақтарында мейлінше кеңінен таралған программалық өнімдерде студенттер оқып-үйренуіг арналған теория мен тапсырмаларды орындай алады [3-5]. Практикум сабақтарында келесі программалық өнімдері: Microsoft Windows XP операциялық жүйелері, CorelDraw векторлық графика редакторы, сонымен қатар Microsoft Office 2010 пакетінің құрамына кіретін программалық өнімдер: MS Word текстік редакторы, MS Access мәліметтер қорын басқару жүйелері, MS Excel кестелік процессоры қолданылып өтіледі. Сонымен қатар, Интернет желісіне қосылу мен жұмыс істеудің негіздері қарастырылады.

Қазақстан-Ресей Медициналық Университетінің медициналық университетінде информатика пәні бойынша сабақтар өткізілетін тақырыпқа байланысты түрлі программалар пакеттерімен жұмыс істеу дағдылары меңгеріледі; ақпаратты автоматтандырылған тәсілмен алуды, алынған ақпаратты өңдеу мен талдауды орындайтын түрлі аспаптық-компьютерлік жүйелермен және қалыпты автоматты диагностикалау эксперттік жүйелерімен қамтылған курстың арнайы зертханаларында өткізіледі. Болашақ дәрігерлерді денсаулық сақтауда кеңінен ақпараттандыру дайындығы өтуде, жалпы информатиканы білетіндер және медициналық ғылымын ақпараттандыру, сонымен қатар жаңа компьютерлік технологиялармен таныстыру кезеңі басталғаны белгілі. Сондықтан жалпы білім беретін информатика пәнін оқыту мақсаты студенттерге басқа оқыту пәндерін оқуға және олардың тікелей болашақ дәрігер ретінде қалыптасуына қажет компьютерді өз кәсіптеріне пайдалану қабілетін қалыптастыру болып табылады. Қазіргі кезде медициналық болжау, емдеу және сырқаттың алдын алу салаларында сандық көрсеткіштерді кеңінен қолдануда. Осы жағдайға байланысты. дәрігерлік білім алуда компьютерлік біліммен жұмыс істеу қабілеттілігі өте қажет болып табылады.

Медициналық университеттерде жалпы білім беретін информатика пәнін оқыту барысында:

- ақпараттанудың негізгі түсініктерін меңгеру үшін студенттердің логикалық ойлауын қалыптастыру, медициналық есептерді шешу үшін ақпараттанудың стандарты және әмбебап құралдарын қолдану;

- медициналық-биологиялық мәліметтерді өңдеу үшін жалпы тағайындалған программаларды қолдану: кестелік процессор, мәліметтер базаларын басқару жүйелері, статистикалық мәліметтерді өңдеу пакеті

- студенттердің кең аумақтық желі қызметтерімен танысуы: электрондық почта, Internet ақпараттық ресурстары;

- компьютерлік желілердің медициналық қосымшаларын қолдану: Internet ресурстары, қашықтықтан оқыту міндеттері тұрады.

Жалпы білім беретін информатиканы оқытудың соңғы нәтижесінде студенттер компьютер жайлы мәліметтерді; маманның кәсіби қызметіне қажетті ақпаратты жинау, сақтау және өңдеудің компьютерлік әдістердің негіздерін; алгоритмдеу және программалау негіздерін; жаңа компьютерлік технологиялар; қолданбалы программалармен жұмыс істеуді; медициналық-биологиялық мәліметтерді өңдеу және статистикалық талдау үшін программалық құралдарды қолдану мүмкіндіктерін; халық (аймақ, өндіріс ұжымы, балалар мекемесі) денсаулығы жөніндегі ақпаратты жинау және анализдеу әдістерінің негізін білуі тиіс болады.

Денсаулық сақтау саласында диагностикалық құралдардың үнемі жетіліп отыруына, жаңа құрылғылардың өңделуіне, биофармацияның ашылуы және басқа да факторларға байланысты болашақ дәрігерлер мен мамандарды даярлауға өзгерістер жасау қажеттігін байқауға болады. Денсаулық сақтауды қалыптастыру үшін тиімді технология - дәстүрлі түрде медицинадағы ақпараттық технология деп аталады.

Қазіргі кезде мамандандырылған медициналық программалық құралдардың көптеген түрі бар. Барлық есептерді шешуде медициналық ақпараттарды өңдеуге сәйкес мамандандырылған жүйелер бар. Мамандандырылған медициналық жүйе шартты түрде екіге бөлінеді: медициналық ақпараттық жүйе және медициналық компьютерлік жүйе құралдары.

Денсаулық сақтауды ақпараттандырудың негізі құралының кілттік тобы ақпараттық жүйе болады. Дәрігерлерге ақпараттық жүйелердің классификациясының мәнін меңгеруі тиіс. Медициналық практикада компьютерді және басқарушы техниканы пайдалану науқастың жағдайы туралы жаңа автоматтандырылған ақпараттық жинағымен қамтамасыз ету үшін жаңа тиімді құралдар құруға, уақыттың тура масштабында өңдеуге және оның жағдайын басқаруға мүмкіндік береді. Бұл үрдіс интенсивті терапияны зерттеудің құрал жабдықты әдісін жаңа сапалы деңгейге, медициналық компьютерлік жүйе құралын (МКЖҚ) құруға әкеледі. Дәрігер үшін МКЖҚ меңгеруде және әрі қарай дамытуда аппараттық қамтамасыз етуді бағдарламалық ұйымдастыру қағидаларын білуі қажетті болып табылады.

Қоғамдық денсаулық сақтау ақпараттандыру бағдарламасының қалыптасуына белсенді түрде қатысады. Практикалық денсаулық сақтаудағы дәрігерлердің және оны ұйымдастырушылардың алдында жаңа енгізілген ақпараттық технологияларды және ақпараттандыруды сауатты пайдалануға көмектесу жауапкершілігі тұр. Соңғы жылдары тармақталған электрондық ақпараттық ресурстар инфрақұрылымы жасалған және емдеу мекемелерінде қолданысқа енгізілген. Сондықтан, «Медицина мен денсаулық сақтаудағы ақпараттық технология» курсының ақпараттық және коммуникациялық технологияны оқытуда білім, біліктілік және дағды жүйесін қалыптастыру, күнделікті дәрігердің практикасында дербес компьютерді енгізу, медицина жоғары оқу орындарының студенттері ақпараттық және коммуникациялық технологияны оқу үрдісінде пайдалану, сонымен қатар студенттерді денсаулық сақтауды ақпараттандыру

**ИНФОРМАТИКА. ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.  
БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ  
ИНФОРМАТИКА, МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ  
ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

әдістерімен таныстыру болып табылады. Медициналық жоғары оқу орындарында «Медицина мен денсаулық сақтаудағы ақпараттық технология» курсы оқыту негізінде:

- профессионалдық іс-әрекеттерде қазіргі кездегі компьютерлік программаларды қолдану;
- медициналық биологиялық зерттеулерде «Медициналық статистика» программа дестесін қолдану;
- дәрігер шешім қабылдау үшін мамандырылған программалық жабдықтарды қолдану;
- басқарудың құрылымдық бөлімшесі профилактикалық емдеу мекемесінде, жеке маманның автоматтандырылған жұмыс орнын өңдеуде қолдану;
- медициналық ақпараттың қозғалысын басқару;
- Интернет және жергілікті желіні қолдану қабілеттілігін қалыптастыру міндеттері қойылады.

Медициналық жоғары оқу орындарында жүргізілетін жоғарыда аталған курстар біріншіден, информатика негіздері туралы мәліметтер, Windows операциялық жүйелері, Microsoft Office және интернет қолданбалы программалар пакеті туралы мәліметтерді, студенттердің кең аумақтық желі қызметтерімен танысуы: электрондық почта, Internet ақпараттық ресурстары, компьютерлік желілердің медициналық қосымшаларын қолдану: Internet ресурстары, қашықтықтан оқыту мәселелері қарастырады. Екіншіден, медициналық мәліметтерді компьютерлік талдау саласындағы соңғы жетістіктер, медициналық приборлық-компьютерлік, компьютер көмегімен медициналық биологиялық ақпаратты өңдеу, сонымен қатар медициналық информатиканың денсаулық сақтаудағы әкімшілік-басқару шешімдерін қабылдау мен енгізудегі, дайындаудағы орны қарастырылады.

1. Гельман В.Я. Медицинская информатика. СПб. “Питер”. 2001. - 151 стр.
2. Кудрина В.Г. Медицинская информатика. М. РМАПО, 1999. – 100 с.
3. Гельман В.Я. Медицинская информатика: практикум (2-е изд.). – СПб: Питер, 2002. – 480 с.
4. Бөркінбаев К.М. Информатика. Оқулық Алматы 2005. 121 б.
5. Информатика /[Н.В. Макарова, Л.А. Матвеев, В.Л. Бройдо и др.]; Под ред. Н.В. Макаровой.- 3-е перераб. изд.- М., 2003. – 765.

***Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы изучения информатики в медицинском высшем учебном заведении. Описываются три уровня изучения информатики. В статье рассказывается об особенностях изучения информатики в медицинском высшем учебном заведении. Рассматривается цель, задачи изучения общеобразовательной информатики. А также, обобщенности, цель и задачи обучения по информационным технологиям в медицине и здравоохранении.*

***Ключевые слова:** информатика, уровней изучения информатики в медицинском университете, информационные технологии в медицине и здравоохранения, медицинская информатика.*

***Abstract.** The article discusses the problems of studying computer science in medical school. Describes three levels of computer science in medical schools. The article describes features of studying computer science in medical schools. Input a word goal, objectives of a comprehensive study of computer science at the Medical University. And also, obobennosti, purpose and objectives of training in information technology in Medicine and Public Health.*

***Keywords:** computer science, computer science level study at the Medical University, information tehnoloigii of Health in medicine, medical informatics.*

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2012 жылы 10 шілдедегі № 1082 Шешімімен Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ұсынысымен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Физика-математика ғылымдары» сериясы бойынша Хабаршы журналы ғылыми қызметтерінің негізгі нәтижелерін жариялау үшін келесі мамандықтар бойынша ұсынылатын басылымдар Тізіміне енгізілгенін хабарлаймыз:

- 01.01.00 топ мамандықтары бойынша – физика-математика ғылымдары (математика);
- 01.02.00 (01.02.01, 01.02.04, 01.02.06) мамандықтары бойынша – физика-математика ғылымдары (механика);
- 05.00.00 (05.02.18) мамандықтары бойынша – техникалық ғылымдар;
- 13.00.00 (13.00.02) мамандықтары бойынша – педагогика (оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі /математика, физика, информатика/) ғылымдары;
- 01.04.00 топ мамандықтары бойынша - физика-математика ғылымдары (физика).

2009 жылдан бастап Инженеринг және Технология Институтымен (Ұлыбритания) ақпараттық-қолдау қызмет көрсетуге жасалған келісім-шарттың (№2, 12.01.2009ж.) негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ «Физика-математика сериясы» бойынша Хабаршы журналында жарияланатын мақалалардың реферативті ақпараты INSPEC электронды мәлімтер қорына енгізіледі.

Редакция ғылыми мақала материалдарын толығымен немесе жекелеп ғылыми дәйексөз индексімен қамтамасыз ететін қазақстандық және шетелдік мекемелерге беруге, сонымен қатар осы материалдарды журналдың интернет сайтына орналастыруға құқылы.

### «ХАБАРШЫ. ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ҒЫЛЫМДАРЫ СЕРИЯСЫ» ЖУРНАЛЫНА БАСЫЛАТЫН МАҚАЛАЛАРДЫ БЕЗЕНДІРІЛУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

#### I. Қажетті материалдар

- 1.Парақтары төменгі жағында қарандашпен нөмірленген мақаланың қатты көшірмесі (2 дана), барлық авторлар мақала мәтінінің бір данасына қол қоюлары керек;
2. Мақаланың аты, мақалаға үш түрде (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) жазылған аңдатпалардың, түйін сөздердің қатты көшірмесі (1 дана). Аңдатпада зерттеудің мақсаты мен әдіснамасын, негізгі жетістігі мен қорытындысын көрсету қажет. Аңдатпада 5-7 сөйлем болуы керек. Түйін сөздер саны электрондық іздеу жүйесінде мақала табылатындай 5-10 сөзден (сөз тіркесінен) тұруы керек.
- 3 Автор (авторлар – 4 адамнан артық болмау керек) жайында мәліметтердің қатты көшірмесі (1 дана): Ф.А.Ә. толығымен, жұмыс орны (ұжым аты, жоғары оқу орынның толық аты), атқаратын қызметі, жұмыс телефоны, үйдің мекен-жайы, үй телефоны, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, e-mail.
4. Мақаланың, мақалаға жазылған аңдатпаның және түйін сөздердің электрондық түрі;

#### II. Мақаланы безендіру ережесі

- 1.Мақала мәтіні Word редакторында бірлік интервал арқылы терілу керек;
- 2.Парақ пішімі : 210 x 297 mm (A4);
3. Жоғары, төменгі, оң жақтағы, сол жақтағы өрістер: – 2,5 см;
- 4.Мақала беттері нөмірленбейді;
- 5.Шрифт: Times New Roman (қазақ, орыс, ағылшын тілдері үшін), өлшемі - 12 пт; Абзацтық жылжу– 1 см.;
6. Кестелер мен графикалық материалдар (суреттер, графикалар, фотосуреттер және т.б.) толассыз нөмірленулері және атаулары (кегль №11) болуы керек. Барлық кестелер мен графикалық материалдарға мақала мәтінінде сілтемелер болуы керек. Берілген нысандар сілтемелерден кейін орналасуы қажет. Word редакторында орындалған суреттер нысан ретінде қойылуы керек;
7. Мақала мәтіні ені бойынша форматталуы керек.

#### III. Формула жазуға қойылатын талаптар

Формулалардағы (Equation ) символдар өлшемдері : Обычный – 11 пт, Крупный индекс – 6 пт, Мелкий индекс – 5 пт, Крупный символ – 24 пт, Мелкий символ – 4 пт; формулалар беттің ортасы бойынша орналастырылады. Сілтеме жасалатын формулаларды ғана нөмірлеу керек. Формулалар толассыз нөмірленеді. Формулалар нөмірлері оң жақ шетімен тегістеледі де, дөңгелек жақшаға алынады. Мәтінде де формулаларға сілтемелерді дөңгелек жақшаға жазады.

#### **IV. Әдебиеттер тізімі**

мақалада пайдаланылған әдебиеттер мәтінде пайдалану ретіне сәйкес қолжазбаның соңында келтіріледі. Мақаладағы әдебиетке сілтеу квадраттық жақшада беріледі, мысалы, [1], [2,3], [4-7].

#### **V. Мақаланың түрі**

1. Сол жақ жоғарғы бұрышта бас әріптермен ӘОК (кегль №13);
2. Жартылай қарайтылған кіші әріптермен (кегль №13) ортада автордың (авторлардың саны 4 адамнан аспауы керек) фамилиясы және аты-жөні;
3. Бір бос жолдан кейін жартылай қарайтылған бас әріптермен (кегль №13) мақала аты;
4. Бір бос жолдан кейін дөңгелек жақшада автор (авторлар) жұмыс істейтін немесе оқитын қала және ұжымның аты; егер автор (авторлар) білім алушы болса, \* (жұлдызша) белгісінен кейін білім алушының статусы (студент, магистрант, докторант) жазылады (кегль №11);
5. Бос жолдан кейін мақала жазылған тілде 5-7 сөйлем көлемінде аңдатпа және 5-10 сөздер болатындай түйін сөздер (кегль №11, курсив);
6. . Бір бос жолдан кейін мақала мәтіні (кегль №12);
7. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі мәтіннен кейін екі бос жол тастап (кегль №11) кіші әріптермен келтіріледі. Бірлік интервал.
8. Бос жолдан кейін 2 тілде мақалаға аңдатпа және 5-10 сөздер (сөз тіркесі) болатындай түйін сөздер (кегль №11, курсив).

*1-мысал. Мақаланы безендіру*

ӘОЖ

**ФИО, ФИО\***

#### **МАҚАЛАНЫҢ АТЫ**

(қала, мекеменің аты, \* - студент/магистрант/ докторант)

*Аңдатпа. Мақала тілінде (5-7 сөйлем).*

*Түйін сөздер: Мақала тілінде (5-10сөз, сөз тіркесі)*

Мақала мәтіні (5-7 бет)

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

*Аңдатпа. Мақала тілінен өзге 2 тілде (5-7 сөйлем).*

*Түйін сөздер: Мақала тілінен өзге 2 тілде (5-10 сөз, сөз тіркесі)*

#### **VI. Мақалаларды жариялау тілдері – қазақ, орыс, ағылшын тілдері.**

Редакцияға түскен мақалаларға білім саласы бойынша мамандар мен ғылымдар пікір береді. Пікір негізінде редакция алқасы авторға мақаланы тағы да толықтыруға (түзетуге) ұсыныс жасауы, не мүлдем қайтарып беруі мүмкін. Бұрын жарияланған немесе басқа баспаға жіберілген мақалалар қабылданбайды.

Мақала көлемі 5-7 бет. Көлемі 7 беттен артық болған жағдайда журнал редакциясымен хабарласып келісулері қажет. Мақала мәтініне енетін иллюстрациялардың, сұлбалардың және кестелердің көлемі мәтіннің жалпы көлеміне кіреді.

Мақаланы дайындау және жариялау бойынша пайда болған барлық сұрақтар бойынша журнал редакциясына хабарласыңыздар.

**Мекен-жайы:** Алматы қаласы, Төле би 86 көшесі, Абай атындағы ҚазҰПУ, Математика, физика және информатика институты, жұмыс телефоны - **8(727) -2 61-68-69, e-mail Vestnik\_KazNPU@mail.ru**



## **УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!**

Информируем Вас, что Решением Комитета по контролю в сфере образования и науки МОН РК от «10» июля 2012 года № 1082 «Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая, Серия физико-математические науки» включен в Перечень изданий, рекомендуемых Комитетом по контролю в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан для публикации основных результатов научной деятельности по следующим направлениям:

- по специальностям группы 01.01.00 – физико-математические науки (математика);
- по специальности 01.02.00 (01.02.01, 01.02.04, 01.02.06) – физико-математические науки (механика);
- по специальности 05.00.00 (05.02.18) – технические науки;
- по специальности 13.00.00 (13.00.02) – педагогические науки (теория и методика обучения и воспитания /математика, физика, информатика);
- по специальностям группы 01.04.00 – физико-математические науки (физика).

С 2009 г. действует Договор с Институтом Инжиниринга и Технологий (Великобритания), (№2 от 12.01.2009 г.) на оказание информационно-сопроводительных услуг, согласно которому реферативная информация о статьях, публикуемых в Вестнике КазНПУ имени Абая, вносится в электронную базу данных INSPEC.

Редакция имеет право частично или полностью предоставлять материалы научных статей в казахстанские и зарубежные организации, обеспечивающие индекс научного цитирования, а также размещать данные материалы на Интернет-сайте журнала.

### **ТРЕБОВАНИЯ К ОФОРМЛЕНИЮ СТАТЕЙ ПУБЛИКУЕМЫХ В ЖУРНАЛЕ «ВЕСТНИК. СЕРИЯ ФИЗИКО-МАТЕМАТИЧЕСКИЕ НАУКИ»**

#### **I. Представление необходимых материалов**

1. Текст статьи в твердой копии с пронумерованными, внизу по центру карандашом, страницами (2 экз.), один экземпляр текста статьи должен быть подписан всеми авторами.
2. Название статьи, аннотации к статье, ключевые слова (на 3-х языках: казахском, русском, английском) в твердой копии (1 экз.). В аннотации необходимо указывать цель и методологию исследования, основные достижения и выводы. Объем аннотации – 5-7 предложений. Ключевые слова: 5–10 слов (словосочетаний), по которым статьи могут быть найдены в электронных поисковых системах.
3. Сведения об авторе (авторах – не более 4 человек) в твердой копии на 3-х языках (1 экз.): фамилия, имя, отчество, место работы (город, название организации/вуза без сокращений), ученая степень и звание, должность, e-mail, контактный телефон.
4. Статья, аннотации к статье, ключевые слова в электронном виде.

#### **II. Правила оформления статей.**

1. Текст статьи должен быть набран в редакторе Word через одинарный интервал;
2. Формат листа: 210 x 297 mm (A4);
3. Поля: верхнее, нижнее, правое, левое – 2,5 см;
4. Страницы статьи не нумеруются;
5. Шрифт: Times New Roman (для каз., рус. и англ. языков), размер - 12 пт; Абзацный отступ– 1 см.
6. Таблицы и графические материалы (рисунки, графики, фотографии и др.) должны иметь сквозную нумерацию и названия (кегль №11). На все таблицы и графические материалы должны быть сделаны ссылки в тексте статьи. При этом расположение данных объектов должно быть после ссылок на них. Рисунки, выполненные в редакторе Word, должны быть вставлены как объект.
7. Текст статьи должен быть отформатирован по ширине.

#### **III. Требования к написанию формул**

Размеры символов в формулах (Equation): обычный – 11 пт, крупный индекс – 6 пт, мелкий – 5 пт, крупный символ – 24, мелкий – 4 пт; формулы располагают по центру страницы, Нумеровать следует только те формулы, на которые приводятся ссылки. Нумерация формул должна быть сквозной. Номер формулы располагают по правому краю страницы и заключают в круглые скобки. В тексте ссылку на формулу также приводят в круглых скобках.

**IV. Список литературы**, использованной в статье, составляется по ходу упоминания ее в тексте и приводится в конце рукописи. Ссылки на литературу в тексте указываются в квадратных скобках, например, [1], [2,3], [4-7].

#### **V. Вид статьи**

1. УДК в левом верхнем углу прописными буквами (кегель №13);
2. Полуужирными строчными буквами (кегель №13) по центру инициалы и фамилия автора (авторов не более 4 человек);
3. Через пустую строку полуужирными прописными буквами (кегель №13) название статьи;
4. Через пустую строку в круглых скобках, город и название организации, где работает или учится автор (авторы). Если автор (авторы) обучающиеся, то после знака \* (звездочка) – указать статус обучающегося (студент, магистрант, докторант) (кегель №11);
5. Через пустую строку аннотация на языке публикации в 5-7 кратких предложениях (кегель №11);
6. Через пустую строку текст статьи (кегель №12);
7. Используемые источники, указываются после текста статьи, через две пустые строки строчными буквами (кегель №11). Интервал – одинарный;
8. Через пустую строку аннотации к статье на 2-х языках, ключевые слова: 5–10 слов (словосочетаний) (кегель №11, курсив).

#### **Образец. Оформление статьи**

УДК

**ФИО, ФИО\***

### **НАЗВАНИЕ СТАТЬИ**

(город, название организации, \*- студент/магистрант/докторант)

*Аннотация. На языке статьи (5-7 предложений).*

*Ключевые слова: на языке статьи*

Текст статьи (*не менее 5 и не более 7 стр.*)

*Список литературы*

Библиографический список

*Аңдатпа.*

*Түйін создер:*

*Abstract.*

*Keywords:*

#### **VI. Языки издания статей – казахский, русский, английский.**

Поступившие в редакцию статьи рецензируются ведущими специалистами и учеными по отраслям знаний. На основании рецензии редколлегии может рекомендовать автору доработать статью или отказать в публикации. Рукописи статей, опубликованных ранее или переданных в другие издания, не принимаются.

Рекомендуемый объем статьи – не менее пяти и не более семи страниц. В ином случае вопрос по объему статьи необходимо согласовать с редакцией журнала. Иллюстрации, схемы, таблицы, включаемые в текст статьи, учитываются в общем объеме текста.

По всем вопросам, связанным с подготовкой, представлением и публикацией материалов, необходимо обращаться в редакцию журнала.

**Адрес:** г. Алматы, ул. Толе би 86, КазНПУ им. Абая, Институт математики, физики и информатики  
**рабочий телефон 8(727) -2 61-68-69, e-mail Vestnik\_KazNPU@mail.ru**